Организация и результаты исследования: Социологический опрос (анкетирование) проводился в начале учебного года. В анкетировании принимали участие 382 студента КазНАУ, из них 42,9% юноши и 57,1 % девушки, студенты 1 курса 18,3 %, студенты 2 курса 81,7 %, возраст опрошенных 17лет – 17,8%,18лет – 61,3%,19лет – 19,1%,20+ - 1,8%.

В числе опрошенных студентов наибольший процент составляли жители г.Алматы - 28,5% и Алматинской области – 19,9%, областного центра Абай -12,8%, г.Астана -9,7%. другие города и области РК -29,1%(всего дали ответ студенты 10 городов и регионов РК), следовательно, согласно этой статистики -2,1% обучающихся студентов.

На вопрос где окончили школу большая часть студентов представляют выпускники сельской местности – 48,4%,окончившие городские школы -36,6%,выпускники районных центров-14,9%,что касается посещаемости уроков физического воспитания в школе , были получены следующие результаты: посещали уроки 98,8% студентов,1,2% по разным причинам на уроки физического воспитания не ходили ,из них 92,4% были практически здоровы и допущены к занятиям, а 7,6% имели справки об освобождении по состоянию здоровья, участвовали в соревнованиях 55%,не принимали участия 45% учащихся.

Опрос участия в соревнованиях различного уровня показал: среди класса – 56,8%, в составе сборной команды школы -32,2%, на республиканском и международном уровне - 11%, что показало наличие спортивной квалификации, то 91,6% выпускников школ не имеет спортивных разрядов,8,4% учеников имеют различные спортивные разряды и квалификацию.

Анкетирование студентов также выявило наиболее популярные виды спорта какими бы хотели заниматься студенты в период обучения в университете. Из 22 видов спорта наибольшее предпочтение получил волейбол – 31,7%, футбол – 12,6%, баскетбол – 9,2%, остальным 19 видам спорта предпочтение отдали 2,4% студентов из 382 участвовавших в социологическом исследовании. В целом эти данные фактически соответствуют результатам популярности видов спорта среди молодежи в Республике Казахстан, с единственной разницей между популярностью футбола и волейбола (футбол в РК стоит на 1-ом месте по популярности) Самые популярные виды спорта среди молодежи в Республике Казахстан

На 5-м месте расположился настольный теннис. Это один из видов спорта, доступный всем, вне зависимости от возраста и физической подготовки.

4-е место – легкая атлетика

3-е место – баскетбол

2-е место – волейбол

1-е место – футбол

Выводы: По результатам социологического опроса студентов КазНАУ было выявлено, что наибольшее количество респондентов участвовавших в анкетировании составили студенты г. Алматы и Алматинской области, из них девушек было больше, чем юношей, наибольшее количество участников опроса составляли студенты в возрасте 18 лет, выпускников школ из сельской местности было больше, чем студентов окончивших школу в городе, практически все студенты посещали уроки физического воспитания в школе, за исключением небольшого контингента студентов имевших справки по состоянию здоровья 7,6%, и по другим причинам 5,2%. Из наиболее популярных видов спорта оказался – волейбол, что касается участия в соревнованиях, то больше всего студенты участвовали в школьных соревнованиях (среди класса и в составе сборной команды школы), в соревнованиях республиканского и международного уровня принимало участие соответственно 8% и 3,2% выпускников школ, практически все студенты не имеют спортивной квалификации, за исключением небольшого контингента студентов имеющих спортивные разряды 5% и кмс 3,4%. Анализ социологического опроса показал, в необходимости популяризации физической культуры и спорта среди молодежи, особенно в сельской местности, строительство спорткомплексов в районных центрах и на селе, привлечение в эти регионы квалифицированных специалистов по спорту и физическому воспитанию, проведению просветительской деятельности среди населения, и особенно среди молодежи о пользе физического воспитания и спорта, как средства долголетия, активного отдыха и оздоровления организма.

Список литературы

1. Белоусова К.В., Терехина А.Е., Емельянова А.М., Булганина А.Е., Фролова Н.В. Опрос студентов Нижнего Новгорода: отношение к занятиям физической культурой и спортом // в сборнике: Молодежь и XXI век - 2019. материалы IX Международной молодежной научной конференции. 2019. С. 33-36.

2. Динстль Э. Немецкий путь к спорту для всех // Делаем спорт привлекательным для всех, сборник трудов / XVI Европейская спортивная конференция, Дубровник, 24-26 сентября 2003 г. - Загреб: Министерство образования и спорта Республики Хорватия, 2003. - С. 39-43.

3. Челнокова Е.А., Лукина Е.В., Терехина А.Е. Формирование здоровьесберегающих компетенций студентов высшей школы в области физической культуры // Проблемы современного педагогического образования. 2018. № 61-2. С. 232-235.

4. Челнокова Е.А., Разоренов В.А., Пшеничный А.Ю., Траханов А.А. Активные методы обучения как фактор формирования мотивационно-ценностного отношения к занятиям физической культурой и спортом студентов высшей школы // Известия Балтийской государственной академии рыбопромыслового флота: психолого-педагогические науки. 2018. № 4 (46). С. 211-216.

*Даулеткелді Р. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі
М.Мәметова атындағы орта мектеп
Ескелді ауданы, Жетісу облысы*

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУДЫ ДАМЫТУ

Аннотация: Оқытудағы жаңа технология аса қажетті педагогикалық мәселелердің шешімдерін табуға, ой еңбегін арттыруға, оқу процессін тиімді басқаруды қамтамасыз

етеді. Жаңа технологияларды оқыту үдірісінде қолданудың негізгі ерекшелігі ол оқытушылар мен оқушыларға өз бетінен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға көп мүмкіндік береді және оны педагогикалық мақсатта пайдалану оқушылардың зердесіне, сезіміне, көзқарасына әсер ете отырып оның интеллектуалдық мүмкіндіктерін арттыруға көмектеседі.

Тірек сөздер: Бұқаралық спорт, жасөспірім, әлеуметтік қоғам

Аннотация: Новая технология в обучении обеспечивает поиск решений наиболее необходимых педагогических проблем, повышение мыслительного труда, эффективное управление учебным процессом. Основная особенность применения новых технологий в процессе обучения заключается в том, что она дает преподавателям и учащимся больше возможностей для самостоятельной и совместной творческой работы, а ее использование в педагогических целях способствует повышению интеллектуальных возможностей учащихся, влияя на их интеллект.

Ключевые слова: Массовый спорт, подростковый возраст, социальная среда

Жалпы білім беру ұйымдарында дене шынықтыру пәнін оқыту сапасын арттыру және бұқаралық спортты дамыту қоғамның әлеуметтік – экономикалық интеллектуалдық және рухани дамуының стратегиялық бағдары ғана емес, сонымен қатар біздің қоғамымыздың қауіпсіздігінің кепілі.

Оқытудағы жаңа технология аса қажетті педагогикалық мәселелердің шешімдерін табуға, ой еңбегін арттыруға, оқу процессін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді. Жаңа технологияларды оқыту үдірісінде қолданудың негізгі ерекшелігі ол мұғалімдер мен оқушыларға өз бетінен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға көп мүмкіндік береді және оны педагогикалық мақсатта пайдалану оқушылардың зердесіне, сезіміне, көзқарасына әсер етумен қатар интеллектуалдық мүмкіндіктерін арттыруға көмектеседі.

Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиелі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек. Дене тәрбиесі мектепте ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты іс – шаралар жүйесінде үнемі пайдалансақ, өскелең жас ұрпақтардың жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамыта түседі. Қазіргі кезеңде жалпы орта мектептердегі оқу бағдарламаларын құрастыру бағыт – бағдары өзгерді. Бірақ мектеп оқушыларын қайда оқитындығы ескерілмейді, олардың меңгеруі тиіс негізгі дағдылары мен қабілеттері, оқу нормасын толтыруға арналған шарттар көрсетілген.

Дене тәрбиесін, жаңа технология тек озат тәжірбиені ұлттық және жалпы адамзаттың құндылық қағидалармен сабақтастыра зерттеу және бүгінгі жаңа заман талабына сай қарастыру. Еліміздің бәсекеге қабілетті білім беру саласының ең басты міндеті болып отыр. Сондықтан дамудың алдыңғы қатарындағы елдердің білім дәрежесінен теңесу – еліміздің білім саясатының бірі болып отыр. Мақсатқа жетудің түрлі жолдары бар, бірақ осыған жету үшін, өскелең ұрпаққа жаңа технология бойынша білім беру және шығармашылық еңбекке баулу, Отан сүйгіштікке дайындау. Оқушыларға дене шынықтыру сабақтарында жаңа технологияны пайдалану, оны іске асыру барысында дене тәрбиесінің жас және жыныстық ерекшеліктерін ескере отырып, осы заңдылықтарды басшылыққа асу қажет. Сабақтарды бірте – бірте күрделендіру оқушыны дайындаудың мүмкіндіктері мен деңгейлеріне сәйкес келіп, олардың спорттық жетістіктерінің үздіксіз орта тұсын қамтамасыз етуі тиіс. Дене тәрбиесі сабағында оқытудың дәстүрлі емес құралдарын қолдану барысында оқушылардың дене тәрбиесін дамыту технологияларын жетілдіруге, дене тәрбиесі сабақтарында оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуге, дене тәрбиесі арқылы жеке тұлғаның психофизиологиясын өзгеруге, өзін – өзі реттеуін қалыптастыру, дене тәрбиесі сабақтарын пәнаралық байланыс арқылы жетілдіру. Еліміздің даму бағытын бекіткен «Қазақстан – 2030» бағдарламасында салауатты өмір салтын ұстану мемлекеттік маңызы бар

мәселелерінен тең дәрежеде екендігін көрсетуде. Мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы алған білімдері болашақ азаматтардың денсаулығын сақтап қалуға беріп тірек болады. Сондықтан балаларды жастан салауатты өмір салтына қалыптастыруға күш салу және зиянды әдеттерден сақтандыруымыз қажет. Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Бұл жерде оқушылардың қабілеті, бейінділігі бола назарда болуы керек. Оқушылардың қабілеті мен бейінділік қабілеттерін дамыту және спортқа деген қызығушылықтарын арттыру, сабақта тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихын, спорт түрлері дамыған елдерді спорттық әр саласындағы белгілі спортшылар өмірін алуға болады. Сол себептен кез келген мұғалім сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ұйымдастыруында жаңа инновациялық технологияның тиімділігі назарда болуы қажет. Сондықтан әр сабақ кезінде жаңаша әдістерді сабақтарда үнемі қолданысқа енгізуде теория мен практикаға байланыста осы бағыттарда сын тұрғысынан ойлау және деңгейлеп оқыту технологияларын тиімді пайдалану қажет. Дене тәрбиесі сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясын тиімді пайдалану қажет. Күтілетін нәтиже – дене тәрбиесі пәніне деген қызығушылықтарын артуы. Дене шынықтыру сабағында жаңа технологияларды пайдалану жайлы және олардың оқушылардың тұлғалық қасиеттерін жетілдіруге тигізетін үлесі зор.

Алғашында теориялық негізінде орындалған жаттығу, кейіннен тәжірбие жүзінде орындалуы тиіс, осы негіздерді қолдана білгенде ғана төзімділікке жүйелі төселеді.

Заман талабына сай жалпы орта мектептердегі оқу бағдарламаларын құрастырудың бағыт – бағдары өзгеруде. Алайда бұлардың бәрінде мектеп оқушыларының оқитындығы ескерілмейді, олардың меңгеруіне тиіс негізгі дағдылар мен қабілеттер оқу нормасын тапсыруға арналған шарттар көрсетілген. Денені шынықтыру жаттығуларының орындалуы үнемі қолданыста болуы қажет.

Дене шынықтыру сабағында оқушыларға оқу бағдарламасының түрлендірген нұсқауларын құрастыру және сол сабақ кезеңінде ойынға деген қызығушылықтарын арттыру үшін жаңа материалдарды меңгеруінде деңгейленген жаттығулар жасауды үйрету. Оқу әрекеттерін бағалау көрсеткіштерін анықтау.

Сабақтарды оқушылардың деңгейіне қарай бір – бірте күрделендіріп үйретіп, олардың спорттық жетістіктерін үздіксіз арта түсіп қамтамасыз етуіміз тиіс. Сонымен бірге дене тәрбиесі сабағында жаңа инновациялық технологияларды жандандырып және оның тиімді жолдарын оқушыларға көрсете, үйрете отырып білім сапасы арттыруға болады. Оқыту мен тәрбиелеудің ой елегінен өтетін әдіс – тәсілдерін жаңашыл түрде, әрі өз мүмкіндігіне күнделікті сабақта пайдалану қажет. Дене шынықтыру сабағын оқушылар басқа пәнге қарағанда қызығушылықтары басымырақ бірақ, соның ішінде бағалай, саралай отырып бейімділігі жоғары, оқушыларды икемділікке балу, төзімділігі орташа оқушыларға қоса отырып көшбасшы болып соны өз қатарына қосуына ықпал жасау. Сондықтан дене шынықтыру пәні бойынша білім сапасын арттыру мақсаттарында, өскелең ұрпақтарға сын тұрғысынан ойлау және деңгейлеп оқыту, саралап оқыту технологияларының тиімді әдістерін үнемі пайдаланып оны іске асыру қажет деп білемін. Осы айтылған пікірлер жүзеге асырыла орындалса, оқушылардың көпшілігі спорт арқылы өздерінің денсалықтары және өмірге деген қызығушылықтары орындалады деп ойлаймын. Себебі спорт дене бітімін шынықтырады, өздерін сергек ұстауға үйретеді. Оқушылардың танымдық қабілеттерін арттырып, салаутты өмір сүру, адам денсаулығы осы спортта байланысты екенін түсінеді. Нәтижесінде оқушылардың білім сапасын артып оқу тоқсандарында жоғары сапаға дәл жеткізуге болады.

Қорыта айтқанда алдынан жеке тұлғаның әлеуметтік құдіреттілігін дамыту керек. Сол арқылы ұжымдық зерттеуге қол жеткізуге, оқушының өзін-өзі басқарудағы рөлі артады. Жаңа идеяларды енгізу барысында орындалатын міндеттер:

1. Оқушымен қарым – қатынасты қалыптастырып дамыту.
2. Оқушының логикалық ойлау қабілетін жетілдіру.

Оқушының сапасын, сенімін көзқарасын, білімін арттыра отырып жетістіктерге жетеміз деп ойлаймын. Ең бастысы оқушылардың теориялық білімін жетілдіріп, практика жүзінде жүзеге асыру қажет.

Қолданылған әдебиеттер

1. Камалетдинов В.Г. Развитие культуры управления физкультурно-спортивной деятельностью: - Челябинск, 2002. - 357 с
2. Асмус В. Ф., Искусство и действительность в эстетике Аристотеля: Из истории эстетической мысли древности и средневековья. - М., 1961. – 86 с.
3. Барышников, Ю.А., Романов, З.Г. Факторы, влияющие на уровень физического развития школьников младшего возраста, занимающихся на уроках лыжной подготовкой / Ю.А.Барышников, В.Г. Романов // XV Международная научно-практическая конференция по проблемам физического воспитания учащихся «Человек, здоровье, физическая культура и спорт в изменяющемся мире»: Материалы конференции - Коломна, Министерство образования РФ, 2005. С. 67-69
4. Бальсевич, В.К., Лубышева, Л.И. Новые векторы модернизации систем массового физического воспитания детей и подростков в общеобразовательной школе/ В.К. Бальсевич, Л.И. Лубышева // Теория и практика физической культуры, 2003. - №5. – С

Ежов А.Н.

аспирант 2 года обучения

Научный руководитель: Захарова А.В.

к.п.н., профессор, УрФУ им. Б.Н. Ельцина

Кафедра физической культуры, ИФКСиМП

ВЗАИМОСВЯЗЬ ТЕХНИКО-ТАКТИЧЕСКОЙ ГОТОВНОСТИ С УРОВНЕМ РАЗВИТИЯ МОТОРНОГО КОНТРОЛЯ И РАВНОВЕСИЯ У ХОККЕИСТОВ 15-ЛЕТНЕГО ВОЗРАСТА

Хоккей – сложно-координационный вид спорта (Савин В. П., 2003). От степени развития координационных способностей во многом зависит возможность игроков выполнять в игровой ситуации сложные технические элементы, а, значит, и применять их в реализации тактических схем, позволяющих иметь позиционное и игровое преимущество.

По мнению В. И. Ляха (2006) основной сенситивный период развития координационных способностей приходится на возраст 7–11 лет. В.П. Губа (2021) считает, что сенситивным периодом развития таких координационных способностей, как баланс и равновесие является возраст 12–13 лет. К 14–15 годам гармония движений нарушается и только к 16–17 годам приближается к показателям, встречающимся у взрослых. Если добавить к этому все возрастающие скорости, то, учитывая вышесказанное можно сделать вывод, что к 15 годам основной пик развития и совершенствования моторного контроля (выполнение двигательной задачи в ответ на сигнал зрительного анализатора) и равновесия (способность поддерживать контролируемое положение тела во время выполнения задания) уже прошел, даже наблюдается некоторое падение показателей в связи с быстрым изменением роста и веса в пубертатном периоде.

Согласно этапам спортивной подготовки и Единому календарному плану (ЕКП) на возраст 15 лет у хоккеистов спортивных школ олимпийского резерва (СШОР) приходится первый «клубный» финал Первенства России среди юниоров до 15 лет, получивший название «Кубок Чемпионов» куда выходят команды, занявшие первые места в региональных первенствах.

Отсюда, возникает ряд противоречий: с одной стороны, наблюдается естественное (возрастное) падение координационных способностей в том числе показателей равновесия

и моторного контроля у хоккеистов 15 лет, с другой стороны все возрастающий уровень соревнований, требующий значительного спортивного мастерства.

Целью нашей работы стала объективная оценка равновесия и моторного контроля хоккеистов 15-летнего возраста.

Организация исследования: В исследовании приняли участие хоккеисты (n=24) команды 2009 года рождения (U15), победители регионального первенства УрФО. Стабилографическое исследование с применением «Стабилотренажера А-150 с биологической обратной связью» включало следующие тесты: оценка функции равновесия (стабилизации)- 0–150 баллов (0–50 низкий уровень, 50–100 достаточный уровень, 100-150 высокий уровень); оценка качества моторного контроля (умение перемещать вес тела в зависимости от задачи): 0–150 баллов (0–50 низкий уровень, 50–100 минимальный достаточный уровень, 100–150 высокий уровень). Обработка данных проводилась с использованием статистических функций MS Excel.

В результате исследования получены следующие данные:

1) уровень функции равновесия (стабилизации)

- 0–50 баллов (низкий) – 0 человек;
- 50–100 баллов (достаточный) -50%, их средний результат $74,12 \pm 25,78$ баллов;
- 100–150 баллов (высокий) – 50%, их средний результат $123,75 \pm 22,25$ баллов.

2) уровень качества управления балансом и моторного контроля

- 0–50 баллов (низкий) – 0 человек;
- 50–100 баллов (достаточный) -33,3% их средний результат $85,14 \pm 11,26$ баллов.
- 100–150 баллов (высокий) – 66,7% их средний результат $128,45 \pm 17,34$ баллов.

Как видно из полученных результатов, низкий уровень равновесия и моторного контроля не продемонстрировал ни один из хоккеистов, при этом 33,3% спортсменов соответствуют уровню «достаточного». Особое внимание необходимо обратить на то, что спортсмены, показавшие «достаточный уровень» в оценке моторного контроля, продемонстрировали такой же уровень в оценке «равновесия».

По результатам данных тестов были сформированы 2 группы и поставлены технико-тактические задачи (упражнения) на ледовой тренировке. При выполнении задач были проведены замеры времени и точности выполнения упражнения. Каждой группе выставлялись оценки от 1-до 5 баллов.

Группа хоккеистов, имеющих высокий уровень моторного контроля и равновесия справилась с выполнением технико-тактического упражнения на 24,3% быстрее и эффективнее (оценки $4,56 \pm 0,44$) чем группа, чьи результаты были на уровне «достаточного».

Таким образом, объективная оценка равновесия и моторного контроля с применением тестирования на стабилметрической платформе у хоккеистов 15-летнего возраста позволяет оценить важные аспекты координационных способностей, которые взаимосвязаны, а возможно и являются определяющими в реализации технико-тактических возможностей. Проведение данного исследования в командах ДЮСШ и СШОР поможет внести корректировки в процесс спортивной подготовки с целью улучшения равновесных функций и функций моторного контроля.

*Ермурат М. 2 курс магистранты
Ғылыми жетекшісі: Сахаев Б. Т.
п. ғ.к., Шәкәрім атындағы университеті,
дене шынықтыру және спорт кафедрасы*

ҚҰРЛЫҚТА ЖҮЗУДІ ҮЙРЕТУДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Бұл мақалада мектеп жасындағы балалардың құрлықта жүзудің арнайы жаттығуларын сусыз меңгеруге арналған негізгі элементтері мен құралдарын қолданып

жүзуді үйретудің тиімділігі айтылады. Барлық арнайы жаттығулар құрлықта жүзу сабақтарына негізделген. Бұл сабақтар жүзудің әрбір түрінің техникасын шыңдап қана қоймай, сонымен қатар дене дайындығының жалпы деңгейін көтеруге, арттыруға мүмкіндік берді. 5-6 сынып оқушыларының дене дайындығының бастапқы деңгейін біз үш жаттығу арқылы талдадық олар: кермеден тартылу (подтягивание), қолды бүгу және жазу арқылы кеудені еденнен көтеру (отжимание), арқада жатып кеудені 1 минутта көтеру (наклон туловища из положения лежа на спине за 1 минуту). Біз осы тақырып бойынша арнайы әдебиеттер мен оқытушылар және жаттықтырушылар тәжірибесін зерттеп, құрлықта жүзу әдістерін жасап, жоғарыда аталған жаттығулар арқылы жүзушілердің дене дайындықтары жайлы сынақтар нәтижелерін алдық. Бұл нәтижелер жүзушілердің дене дайындығы деңгейінің айтарлықтай жоғарылағанын көрсетті.

Кілт сөздер: жүзу, құрлықта жүзу, дене шынықтыру, оқыту әдістері, құрлықтағы жаттығулар, жүзушілер, элементтер, тиімділік.

Құрлықта жүзу – бұл судан тыс жасайтын жаттығулардың қосымша кешені болып табылады, оның көмегімен адамның төзімділігін, икемділігін, созылуын, бұлшық еттерінің дайындығын арттырады, сонымен қатар жүзу техникасын жылдам игеріп жетілдіреді. Жүзумен танысуды құрлықтағы жүзуден бастаған дұрыс. Ең жақсы нәтижелерге жету үшін оқу-тәрбие процесін құруға үлкен мән беру керек. Түпкілікті нәтиже құрлықтағы және судағы жаттығулар мен құралдарды дұрыс және дәл таңдауға байланысты болады. Енді ғана жүзуді бастаған балаларға құрлықтағы өтетін сабақтарда, дұрыс тыныс алудың алғашқы әдістері мен қолдың, аяқтың қозғалысын және балалардың суға түсу кезінде туындауы мүмкін стресстік жағдайдың алдын алатын жаттығуларды ұсынған жөн. Жүзуді оқыту қажеттілігі туралы орыс педагогикасының классигі П.Д. Лес Гафт атап өткендей егер бала бұл өнерді неғұрлым тез меңгеретін болса онда ол өзін-өзі толық басқара алатындығы туралы айтылған. Балалар мен жасөспірімдерге қарағанда, ересектерді жүзуге үйрету әлде қайда қиын және ол ұзаққа созылады. Сондықтан бұл кеңістіктік дағдыны бала кезінен бойына сіңіру керек, өйткені ол қозғалыс құрылысының әртүрлі деңгейлерімен бақыланады. Адамдардың судан алатын әсерлері өте ерекше сезімде болады [1, с. 4]. Бастапқыда жүзуді үйрету кезеңінде енді ғана жүзумен шұғылдануды бастағандарға екпін жасаумен қатар, балаларға судағы қорқыныш сезімдерді жеңу үшін және техникадағы қателіктердің алдын алатын жаттығуларды ұсынып олардың дұрыс орындалуына баса назар аудару өте маңызды [2]. Құрлықтағы еліктеу жаттығуларын орындау арқасында балалық шақта оңай қалыптасатын рефлекторлық жүйке байланыстарының қалыптастыру қажет [5].

Құрлықтағы жаттығулар жиыны дене қасиеттерін (икеңділікті, күшті, жылдамдықты, төзімділікті) дамытуға бағытталған арнайы жүзуге арналған құралдарды қолдана отырып, жалпы дене және арнайы дене жаттығуларының кешенін қамтиды. Құрлықтағы еліктеу жаттығуларын орындау арқасында балалық шақта оңай қалыптасатын рефлекторлық жүйке байланыстарының қалыптастыру қажет [5].

Құрлықтағы жаттығулар кәсіпқой спортшылар үшін де, жүзуді енді ғана бастаған жүзушілер үшін де бірдей пайдалы және қажет. Осылайша, балаларға арналған құрлықтағы жүзу қазірдің өзінде бастапқы спорттық дайындық топтарында жүзеге асырылады.

Жүзуді үйрену процесі тоқтаусыз процесі қажет етеді. Сондықтан бірден жүзуді үйреніп кету қиынға түседі. Біріншіден, оларға құрлықта жүзу әдістерін үйрету керек, содан кейін ғана таяз судағы бассейнге түсіруге болады. Суға түспес бұрын, оларға құрлықта жасайтын арнайы жаттығуларды жасату қажет. Өйткені осы жаттығуларды кәсіби спортшыларда жасайды. Бұл бұлшықеттерді қыздыруға және буындарды созуға көмектеседі.

Құрлықтағы жаттығулар жүзушілерге тек жүзуде ғана емес, сонымен қатар олардың физикалық көрсеткіштерін жақсартуға көмектеседі. Осы мақсатта біз 5-6 сынып оқушылар арасында дене дайындығын бақылау сынақтарын өткіздік. Бақылау жаттығулары: кермеден тартылу, қолды бүгу және жазу арқылы кеудені еденнен көтеру (подтягивание), арқада

жатып кеудені 1 минутта көтеру (наклон туловища из положения лежа на спине за 1 минуту).

Осылайша құрлықта жүзу элементтерінің көмегімен әзірленген жаттығулар арқасында қысқа мерзімде күш көрсеткіштерінің ұлғайуына мүмкіндік берді: Кермеден тартылу 50% -ға дейін; Қолды бұғу және жазу арқылы кеудені еденнен көтеру 20% -ға дейін; Арқада жатып кеудені 1 минутта көтеру 20% -ға артты. Осы жүргізілген эксперимент көрсеткендей құрлықтағы жүзуге арналған арнайы жаттығуларға ерекше назар аударуды қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Дене шынықтыру. 5-7 сыныптар: оқулық. Жалпы білім алу үшін. Ұйымдар / (М.Я. Вилденский, И. Төреевский, Т. Ю. Т. Т. Торочкова және т.б.), ed. М.Я. Вилденский. -5-ші-м-м.: Білім, 2015 ж. - 239-шы.
2. Жүзу: 100 үздік жүзу жаттығулары, В. Lussero (ағылшын тілінен аударма) / м.: Exmo, 2011, 2011, -108s.
3. Гусев А.В., Иванов А.С. Базалық дайындық кезеңінде балаларды жүзуге үйрету бағдарламасын эксперименттік тестілеу // Дене шынықтыру теориясы мен практикасы. - 2014. - No 9. - 60-62 Б.
4. Назаренко Л.Д. Дене жаттығуларының денсаулыққа пайдасы. - М.: Владос-Пресс, 2003. - 239 б.
5. Тарабрина И.В. Кіші жастағы жүзушілердің дене тәрбиесінің негізгі әдістері // Еуропалық әлеуметтік ғылымдар журналы (Еуропалық әлеуметтік ғылымдар журналы). - 2015. - No 3. - 96-103 б

Есиркепов Ж.М.

*п.ғ.к., қауымдастырылған профессор,
Халықаралық туризм және меймандостық университеті,
«Дене шынықтыру және спорт мектебі, Түркістан қаласы, ҚР
Мұстафа С.Ш.*

*ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушы,
Байжанов Е.Қ. аға оқытушы,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
«Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық»
кафедрасы, Қызылорда қаласы, ҚР*

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ПӘНІНДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кіріспе. Соңғы жылдары жоғары оқу орындарында студенттердің денсаулығы төменгі көрсеткішті көрсетіп отыр. Оған Халықаралық туризм және меймандостық университетінің «Дене шынықтыру және спорт» мектебінің профессор-оқытушылары жүргізген зерттеулердің мәліметтері нақты дәлел бола алады. 2022-2023 оқу жылында университеттің I-II курс студенттерінің 4,8%-ы дене тәрбиесі сабағынан босатылып, 8,3%-ы арнайы дәрігерлік топқа жіберілді. Оқытушылардың көп жылдық зерттеулері нәтижесінде студенттер арасында басқа ауруларға қарағанда тірек-қимыл аппараты ауруы көп кездесетіндігі анықталды. Тірек-қимыл аппараты адамның денсаулығын қамтамасыз ететіні белгілі. Тірек-қимыл аппараты аурулары көбіне омыртқаға байланысты болады. Ал, омыртқа ауруы сымбаттың бұзылуына әкеледі. Осы мәселелердің барлығы терең зерттеуді және тірек- қимыл аппараты ауруының алдын алуды талап етеді.

Бұл жұмыс мектептің ғылыми-зерттеу жұмысының жоспарына сәйкес орындалды.

Жұмыстың мақсаты мен міндеті, материалдар мен әдістер.

Жұмыстың мақсаты: студенттер сымбатын дұрыс қалыптастыруға бағытталған жаңа компьютерлік технологияларды қолдану арқылы гимнастикалық жаттығулардың сауықтыру әсерін зерттеу.

Жұмыстың міндеттері:

1. Студенттің сымбатын дұрыс қалыптастыру үшін жаңа компьютерлік технологияларды қолдану арқылы гимнастикалық жаттығулардың әсерін зерттеу.

2. Дене тәрбиесінің оқу сабақтарында жаңа компьютерлік технологияны қолдану бағытын көрсету.

Зерттеудің нәтижелері.

Сымбаттың бұзылуы сагитталды жазықтықта да, жалпы жазықтықта да кездесе береді. Сагитталды жазықта омыртқа жотасындағы бұзылу түрлері қисайып үлкею және қисайып кішірею (майысу) болып бөлінеді: еңкіштеу - мойын бүгілісінің және көкірек құнысының өсуі және көлденең лордоздың кішіреюі; арқасы дөңгелек - көкірек құнысының ұлғайып және көлденең бүгілісінің кішіреюі; арқасы дөңгелек студенттерде омыртқа бағанасының барлық бүгілісінің ұлғаюы байқалады, сонымен бірге жамбас көлбеуінің бұрышы ұлғаяды; арқасы жазық болса - көлденең бүгіліс тығыздалған, жамбас көлбеуінің бұрышы кішірейген, көкірек бүгілісі тегістеледі, көкірек қуысы төменге жылжиды, жауырыны қанат тәрізді; жалпақ иілген арқа - көкірек құнысы кішірейеді, көкірек қуысы тар, іштің бұлшық еттері әлсіз болады.

Жалпы жазықтағы бұзылуларға ассиметриялық жағдайлар (сколиотикалық) жатады. Бұл жағдайда кеуденің оң жақ және сол жақ жартысы арасындағы симметрия бұзылады; омыртқа бағанасының жоғарғы ұшы оңға және солға бұрылған доғал түрінде; бел үшбұрышты ассиметриялы иық пен жауырынның бір жағы төмен түскен болады.

Көптеген авторлар [1, 2, 3] сымбат бұзылуының үш деңгейі бар деп есептейді: біріншісі (бастапқы) – дененің дұрыс емес қалыпы студент қабырға жанында тұрған жағдайында еркін күш түсіргенде жойылады; екіншісі (өтпелі) - дене қалпы қалай өзгерсе де жойылмайтын тұрақты бұзылу; үшіншісі (белгіленген) – бұзылулар бұлшық ет өзгеруінен ғана емес, тірек-қозғалыс аппараты өзгеруінен де болады. Оларды түзету үшін гимнастика сабағын ұзақ және жүйелі түрде жүргізу керек. Сымбаттың бұзылуымен бірге ішкі ағзалардың қызметінің бұзылуы да қатар жүреді. Ағзасы әлсіз және дене сымбаты бұзылған студенттерді денсаулығы мықты құрдастарымен салыстырғанда көкірек қуысының көлемі 3-5 см-ге кем, ӨТС 50-80 мл-ға төмендеген, бұлшық ет күші әлсіз болады. Тыныс қоры, жүрек-қан тамырлар жүйесі айтарлықтай төмендеген, ағзаның бейімделу мүмкіндігі бұзылған, іштің бұлшық еттері әлсіз, сондықтан ішкі ағзалардың қалыпты қызметі бұзылады. Омыртқа бағанасының қалыпты дамуы денсаулық үшін өте маңызды. Омыртқа аралық тесік арқылы ағзаның әртүрлі қызметтерін реттеп отыратын жұлын жүйекесінің 31 жұбы өтеді. Омыртқада және омыртқа аралық дискіде оларға шектеу болса, радикулит, остехандроз пайда болып, ішкі ағзалар мен бас миының қызметі бұзылады [4, 5].

Сондықтан студенттер сымбатының дұрыс қалыптасуына бағытталған дене жаттығуларын қолданған жағдайда келесі міндеттерді шешуге болады:

1. Бұлшық ет-буын сезімталдығын дамытып, жетілдіру.
2. Арқаның және іштің бұлшық еттерін (табиғи бұлшық ет корсетін қалыптастыру) нығайтып, дамыту.
3. Омыртқа бағанасының серпінділігін дамыту және иық пен жамбас-бел буындарының қозғалыс амплитудасын арттыру.
4. Дұрыс тыныс алу, дене мен жүріс қалпының дағдысын қалыптастыру.
5. Студенттердің дене дамуын арттыру.

Сымбатты дұрыс қалыптастырудың негізгі әдістері гимнастикалық жаттығулар болып табылады. Дұрыс сымбат қалыптастыруға бағытталған негізгі дене жаттығуларын шартты түрде үш топқа бөлуге болады:

1. Қимыл дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар және бұлшық ет корсетін нығайту (қол, аяқ, кеуде, ішті дамытатын жаттығулар).
2. Дұрыс сымбат қалыптастыратын жаттығулар.
3. Сымбат кемшілігін жоюға арналған дене жаттығулар жүйесіне кіретін түзету жаттығулары.

Бірінші топтағы жаттығуларды күшті дамыту үшін және бұлшық еттердің статикалық төзімділігі үшін қолданады, оларды бастапқы қалыпта тұрып, шалқадан немесе ішпен жатып, гимнастикалық кілемде орындайды (мақсат омырытқа бағанасын босату). Екінші топ жаттығулары сымбаттың қимыл құрылымын белсендіреді, яғни, қозғалыс қызметін қалыптастырады (бұлшық ет-буын сезімталдығын дамытады) - бұл әртүрлі қалыпты қабылдауды дамытуға және вертикал жазықты тепе-теңдікте ұстауға бағытталған басқа зат қойып жасайтын жаттығу.

Үшінші топ жаттығулары қоршаған ортаның дене сымбатына тигізетін зиянын болдырмау үшін жасалады.

Тірек-қимыл аппараты ауруларының көптеген түрі қозғалысты шектеуге әкелетін гипокинезияға соқтырады, бұл ауру студенттің ағзасының өзгерісіне әкеледі.

Бұл жағдайда дене жаттығуларын дұрыс қолданудың маңызы өте зор.

Мұндай жағдайда ауруды қайта қалпына келтіру үшін бұзылған жүйе қызметін қайта дамытуға себеп болатын дене жаттығуларын (арнайы жаттығулар) үздіксіз жүргізу үлкен жетістікке жеткізеді. Белсенді жаттығулар бүкіл қайта қалыпқа келтіру үдерісінің негізі болып табылады.

Өз күшін қалыпқа келтірудегі науқастың белсенді және саналы позициясы қайта қалыпқа келтірудің қажетті шарты болып саналады. Науқас дене белсенділігін мөлшерлендірген түрде терапевтік міндеттер аясында, науқастың жалпы жағдайы, ауру ерекшелігі және зақымданған жүйе мен ағза қызметінің бұзылуына қарай жүзеге асыруы тиіс.

Науқастың күш-қуатын жақсы қалыпқа келтіру үшін жаттығуларды дұрыс таңдау, денеге салмақты біртіндеп арттыру арқылы, сонымен бірге жүйелі жасап отыру маңызды болып табылады. Жалпы белсенді режим ұстанып, күні бойы белсенді жаттығуларға тыныштық беру үшін белсенділік пен енжарлықты ретімен біріктіріп отыру керек. Еңбек терапиясын қолдану қайта қалыпқа келтіру үдерісінің нәтижесін арттырады, өйткені еңбек жаттығулары психикалық белсенділікті оятады және ол рахат сезімге әкеледі.

Егер ұлпаның қалыпты өзімен-өзі жаңаруы қимыл қозуының бақылауымен болатын болса, онда қайта қалыпқа келтіру реакциясы жұмысшы жағдайының бақылауымен жүзеге асырылады.

Бұл ең маңызды шарт қана емес, бұл – зақымданған жүйенің және жалпы науқастың барлық ағзасын қайта қалыпқа келтіретін қозғаушы күш.

Қазіргі таңда дене шынықтыру адам денсаулығын сақтау және қалпына келтірудің маңызды факторы болып отыр, сонымен бірге кейбір аурулардың және ағза қызметінің бұзылуының алдын алуда, физикалық және рухани күш-қуатты жан-жақты дамытуда маңызды фактор болып табылады.

Дене шынықтыру мен медицинаның ынтымақтастығын дәрігерлік бақылау мен ғылыми-зерттеу аясын одан әрі дамытуда дене жаттығуларын қолдану профилактикалық және емдік сауықтыру бағытындағы қызметтің теориялық және практикалық аспектілерін кеңейтуге мүмкіндік береді. Дене жаттығуларын қолдану арқылы әлсіз ағзаның жалпы жаттыққандығын арттыру және зақымданған жүйенің қызметін қайта қалпына келтіру міндеттерін шешуі тиіс.

Бұл міндетті орындау үшін компьютерлік техниканы қолдану керек. Сонда өз денсаулығын жақсартуға қызығушылығын арттыру үшін, екінші жағынан, олардың ағзасын сауықтыру міндеттерін шешу үшін қолдануды ұсындық. Бұл үшін біз ауру омыртқаны сауықтырудың компьютерлік бағдарламасын қолданудың және бірінші сабақта-ақ оны арнайы дәрігерлік топ студенттеріне көрсеттік. Келесі сабақта студенттер бағдарлама

жаттығуларын үйрене бастады. Бағдарламаны игеру мүмкіндігіне қарай, студенттер, сабақтан тыс уақытта жаттығуларды өз бетінше өңдеуге тапсырма алды.

Бейне материал мазмұны мынадай:

- омыртқа - қозғалыс сегментінің негізгі анатомиясы және физиологиясы.
- омыртқа ауруларын тудыратын негізгі себептер.
- өз бетінше қолдануға арналған жаттығулар кешені.

Кешенге омыртқаның барлық бөлігіне арналған (мойын, кеудеге, белге, сегізкөзге) жаттығулар кіреді. Жаттығулар арнайы қимыл-қозғалыспен және қозғалыс ынтымақтастығымен үйлеседі. Әр жаттығуда кернеу принципі мен бұлшық еттердің одан кейінгі босануы үйлесіп отырады. Жаттығулар ауырған жердің бұлшық еттері білінгенше баяу жасалады.

Бейне материалдар мазмұнын студенттер біртіндеп зерттеді, бөлікке бөліп оқыды. Мысалы, бірінші сабақта мойын омыртқасы жаттығулары оқытылады және студенттерге дербес қолдану үшін осы бөлімнің бейне материалы берілді. Одан кейін игеруіне қарай келесі жаттығулар ретімен оқытылып отырды. Осы оқытылған материалдар бойынша студенттерге өз бағдарламаларын жасау ұсынылды және оқытушының бақылауымен жүзеге асыруын ұсындық.

Бір семестр бойы жүргізілген жұмыстар соңында арнайы дәрігерлік топ студенттерімен тірек-қимыл аппараты ауруларына қарсы жасалған жұмыстар нәтижесі мынадай болды:

- экспериментке қатысқан студенттер дене тәрбиесі сабағына белсенді қатыса бастады (өткен оқу жылымен салыстырғанда сабаққа қатысуы 18%-ға артты). Сонымен бірге студенттер денсаулығының нашарлығын айтып шығымдануы өткен оқу жылымен салыстырғанда 24%-ға азайды.

- студенттер сабақта ғана емес, сабақтан тыс уақытта да дене тәрбиесіне қатысты жаңашылдықтарға белсенді қызығушылық таныта бастады.

Қорытынды.

1. Жаңа технологияны қолдану нәтижесінде студенттер денсаулығының деңгейі туралы, ауру қаупі туындауы мүмкін жайларды, негізгі патологиялық синдромдар жөнінде, жеке бағыттауды жүзеге асыру арқылы ықпал етуге болатын денсаулық динамикасы туралы түсінік алуға мүмкіндік туды, оқытушының басшылық етуімен жеке сауықтыру бағдарламасын алуға мүмкіндігі болды.

2. Дене шынықтыру құралдарымен жеке сауықтыру бағдарламасын тәжірибеде жүзеге асыру студенттің тиімді сауығуына ықпал етті.

Ұсыныстар.

- арнайы дәрігерлік топтағы студенттердің денсаулығын нығайту мақсатында студенттермен осы бағыттағы жұмыстар жүргізілуі тиіс.

- алдағы уақыттағы зерттеу жұмыстары арнайы дәрігерлік топтағы көз ауруларына шалдыққан студенттермен жүргізуге жоспарланып отыр.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Гримблат С.О. Здоровьесберегающие технологии в подготовке специалистов: учеб.-метод. пособие / С. Гримблат, В. Зайцев, С. Крамской. – Харьков: Коллегиум, 2005. - 182 с.

2. Дубровский В.И. Лечебная физическая культура (кинезотерапия): Учеб. для студ. высш. учеб. заведений. - 3-е изд., испр. и доп. / В.И. Дубровский - М.: «Владос», 2004. - 390-419 с.

3. Карпов С.П. Компьютерные технологии обучения упражнениям на уроке физкультуры / С.П. Карпов // Теория и практика физической культуры. – 1993. - № 5 - С. 38-40.

4. Круцевич Т.Ю. Контроль в физическом воспитании детей, подростков и юношей./ Т.Ю.Круцевич, М.И. Воробьев. - К.: Полиграф-Экспресс, 2005. - 196 с.

5. Сергиенко К.Н., Зияд Насралла. К вопросу исследования информационных технологий в практике физического воспитания школьников // Педагогика, психология на медико-биологический проблемы физического воспитания и спорту. - 2006. - №7 - С. 106-109.

*Ескендирова М.Т.
Павлодар облысының
білім беру басқармасының
«Жас Дарын» мамандандырылған мектеп-лицейі» КММ
дене шынықтыру мұғалімі*

ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫС ЖАСАУ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Жыл мезгілдері және қимыл-қозғалыстар. Жыл мезгілдері: көктем, жаз, күз, қыс және тәулік ішіндегі күн мен түн белгілі бір уақыттан кейін ауысып отырады. Табиғаттағы осы өзгерістер дүниедегі барлық адамдарға, жан-жануарларға әсерін тигізеді. Олардың ағзасындағы жүріп жатқан қалыпты жағдайларға өзгерістер енгізіп, өмір сүру барысын ретке келтіреді.

Адам да – табиғаттың бір бөлшегі. Сондықтан күн мен түннің жыл мезгілдердің ауысуы оның жүйке жүйесіне, тыныс алу, қан айналу, ас қортуына белгілі бір әсерін тигізеді. Адамның күнделікті орындайтын қимыл-қозғалыстарына да, дене бұлшық еттеріне де ықпал етеді. Сол себепті табиғаттың осындай ауысу заңдылықтарын жақсы біліп, соған қарай бейімделу керек.

Бала денсаулығы, оның дене бітімі мен психикалық тұрғыдағы дамуы, әлеуметтік-психологиялық бейімделуі маңызды дәрежеде оның өмір жағдайы мен мектептегі жағдайларымен анықталады. Баланың мектеп өміріндегі уақытында ағзасының интенсивті дамуы жүреді. Қимыл-қозғалыс жасау қушының сабақ үстіндегі шаршауын, психикалық тұрғыдағы шаршауын алдын алуға бағытталған.

Спорттық-сауықтыру бағытында тәрбиелеу мақсаты:

Оқушылар санасында денсаулығының өзіндік болмысын іс-жүзіне асыруындағы маңыздылығын түсінуді қалыптастыру.

1 блок – дене шынықтыру сабақтарындағы спорттық-сауықтыру іс-әрекеті. Бұнда сабақ барысындағы оқушылардың дайындығы енеді.

Оқушылардың дене тәрбиесінің басты түрі – сабақ. Ол мазмұнды, тереңінен ойластырылған, көтеріңкі көңіл-күймен өткізілуі тиісті және оқушылар есінде терең із қалдыратындай, олардың эмоционалды және дене шынығуына әсер ететіндей болуы қажет.

Дене шынықтыру сабақтары ережеге сай үш бөлімнен құрастырылады: дайындық, негізгі, қорытынды. Сабақтың басы оқушыларда көтеріңкі көңіл-күйді, дене шынықтыру сабағына деген қызығушылықты және сабақтың негізгі бөліміндегі қиындатылған жаттығуларды орындауға даярлықтарын қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылады. Сондықтан сабақтың басында жалпы дамытушылық жаттығулар, қосымша қозғалыспен жасалатын жүру, жүгіру жаттығулары ұйымдастырылады.

Негізгі бөлімге сыныпқа бағдарламаға сәйкес арналып берілетін жаттығулар енгізіледі. Сабақтың соңғы бөлімінде жүру, сапқа тұру, тыныс алу жаттығулары орындалады. Олардың мақсаты – оқушыларды қалыпқа келтіру. Сабақ жалпы сапқа тұру мен қорытындылау әдісімен аяқталады.

Дене шынықтыру сабағы үдерісінде біліми, тәрбиелеу және сауықтыру міндеттері шешіледі. Біліми міндеттердің орындалуы – оқушыларды дене шынықтыру жаттығуларын дұрыс орындауға үйрету болып табылады.

Сабақтың тәрбиелік мақсаттары – оқушылар бойында зейін, тәртіпшілік, ұқыптылық, достық сезім, күш-жігер, мақсатқа бағыттылық, өздігінен әрекеттену, қиындықтарды жеңу сынды сапа-қасиеттерді тәрбиелеу болып табылады. Дене шынықтыру сабағының маңызды

тәрбиелеу мақсаты - оқушыларда дене шынықтыру сабақтарына жүйелі қатысу мен қызығушылық тудыру.

Сауықтыру міндеттерінің орындалуын сабақтың дұрыс жүргізіліп, санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуы қамтиды. Мұғалім оқушылардан сыртқы киіміне, дене шынықтыру сабақтарындағы тәртіптеріне қойылатын талаптарды үнемі талап етеді.

Сабақтарға біртіндеп адам ағзасы жөніндегі материалдар мен ақпараттарды енгізу ұсынылады.

2 блок – жаппай спорттық іс-шаралар

Мектептің барлық оқушылары жалпы мектептік спорт бағытында өткізілетін іс-шараларға жаппай қатысулары тиіс: Денсаулық күні мерекесіне, спорттық жарыстарға, туристік іс-шараларға, т.б. Бұл іс-шаралардың мақсаты – дене шынықтыру мен спорт саласын насихаттау, оқушылардың дене тәрбиесі сабақтарына жүйелі қатысуларын ұйымдастыру, белсенді демалыстарын ұйымдастыру, күзиретті спорттық-сауықтыру іс-әрекеттерін қалыптастыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

3 блок – қозғалыс ойындары

Білім беру үдерісі қазіргі заман мектебінде оқушыларға ойлау қабілеттеріне жоғары деңгейде талап қойып, психикалық тұрғыда салмақ түсіреді. Сондықтан, осыған байланысты білім беру үдерісі сауықтыру мақсатында ойын мүмкіндіктерімен байланысты болуы қажет. Қозғалу ойыны – бала өмірінің серігі, қуаныш сезімдерінің қайнар көзі. Бала үшін ойын – өз күшін сынаудың, өздігін көрсетудің маңызды тәсілі. Аталмыш блокқа келесі ойындар енеді:

- Оқушылардың қозғалыс тәртібін белсендендіретін ойындар;
- Аз қозғалуды талап ететін ойындар;
- Орта мөлшерде қозғалуды талап ететін ойындар;
- Көп мөлшерде қозғалуды талап ететін ойындар;
- Ұлттық ойындар.

4 блок – сергіту сәті

Сергіту сәтінде оқушылар дене тәрбиелеу жаттығулары кешенін орындайды. Жаттығулар орындау барысында барлық бұлшық еттердің қимылын қамтитындай құрылады. Сергіту сәтін өткізу балалар үшін көңіл-күйлерін көтеру, тыныс алуларын белсендендіру, бала ағзасындағы қан айналымын жақсарту мақсатында өткізу пайдалы және маңызды. Сергіту сәті әр сыныпта оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай құрылып өткізіледі.

5 блок – «Флешмоб» жобасы

Мақсаты: Кезекті оқу күнінің басында оқушыларда басталып жатқан күнге деген жағымды әсер тудыру үшін, өмірлік позитивтерін қалыптастыру үшін флешмоб биі өткізіледі. Бұл жобаға барлық оқушылар қатысады және әр сынып өз кезегі бойынша би жаттығуларын дайындайды.

«Денсаулық күні» жобасы

Бұл жобаға оқушылар мен ұстаздардың денсаулығын жақсарту мақсатындағы сауықтыру іс-шаралары енеді.

Күз мезгілінде

«Табиғат аясында демалу» мерекесі өткізіледі. Бұл мерекенің арнайы жоспары құрылып, ата-аналар, оқушылар, мұғалімдердің барлығының қатысуы қамтылады. Бүкіл мектеп табиғатқа сапарға шығып, «Жасыл алаң» атты Ертіс өзенінің жағасындағы табиғи әсем жерде дастархан жайып, көңілді спорт ойындарын, эстафеталарын ұйымдастырып демалады. Бұл іс-шараның жоспары бойынша «Күз байлықтары» атты дастархан сайысы, әр сыныптың күз айы ерекшеліктеріне байланысты ойын-сауық бағдарламалары ұсынылады. Ұстаздар арасынан құрылған әділқазы алқа мүшелері конкурстарды бағалап, қорытынды шығарып, жеңімпаздарды анықтайды.

Қыс мезгілінде

Демалыс орталығына саяхат жасау. Бұл іс-шара шеңберінде шаңғы эстафеталары өткізіледі. Іс-шараға қатысатындар – оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар.

Көктем уақытында

«Ең спортшыл жанұя» сайысы. Бұл іс-шара 5-6-сынып оқушылары мен ата-аналары арасында өткізіледі. Қатысатын әр жанұя командасына спорттық эстафеталар ұсынылады. Іс-шараның арнайы жоспары құрылып, қорытындылау нәтижесінде жеңімпаздары мектептің әр сейсенбі сайын өткізілетін жиынында марапатталады.

Жаз уақыты

«Туристік саяхаттар» жобасы. Жаз уақытында сыныптар Бурабай, Баянауыл аймақтарына туристік лагерлерге барып демалады. Демалыс барысында саяхатшылар жағдайындағы күйді кешіп, ауыртпашылықтардан өздігінен өтіп көру мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылады.

Қозғалыс ойындары

Арнайы мектеп ауласында, ұзартылған күн тобы жоспары бойынша өткізіледі.

Мектепшілік спорт жарыстары

Мектептегі баскетбол, волейбол үйірмелері жұмысы нәтижесінде мектепшілік және басқа мектептер оқушыларының қатысуымен мектепаралық баскетбол, волейбол ойындары бойынша жарыстар өткізіледі. Бұл жарыстарға аталмыш секцияларға қатысып жүрген оқушылар қатысады.

Жилисбаев Н. К.

Некрасов атындағы №9 мектеп гимназияның

дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

Түркістан қаласы, ҚР

ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДСІНДЕ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мектеп оқушыларының ұлттық ойындар арқылы дене мәдениетін дамытуда олардың ақыл-ой және қимыл-қозғалысына және біліктілігіне ғана емес, психологиялық аспектілеріне де үлкен мән беру қажеттігі туындап отыр.

Адам анатомиясын зерттеген жаратылыстанушылар мен дәрігерлер ежелгі дәуірде-ақ психикалық құбылыстардың ми қызметімен байланыстылығы жөнінде болжам айтқан, әрі психикалық сырқаттарды сол ми қызметінің бұзылу салдарынан деп топшылаған. Мұндай пікір, көзқарастарға жарақат немесе сырқаттан зақымданған адам бас миына бақылаулар негіз болған. Осындай сырқаттарға кезіккен адамның психикалық қызметі күрт бұзылысқа түседі: келеді: көзі көрмейді, құлағы естімейді, ес, ойлау, сөйлеу қабілеті кемиді, кейде өз қозғалысын басқара алмай қалады.

Организмге әсер етуші тітіркендіргіштер мен оларға жауап реакциялар арасында уақытша байланыстар түзіледі. Осы байланыстарды пайда ету бас ми қыртыстарының ең маңызды қызметі. Уақытша жүйке байланысы ми қызметі ретінде психикалық іс-әрекеттің қай бірінің болмасын негізгі физиологиялық механизмі болып табылады. Миға қандай да бір тітіркендіргіш әсер етпей, ешбір психикалық құбылыс өздігінен туындамайды. Әрқандай психикалық процесс пен қалаған уақытша байланыстың соңғы нәтижесі тыс әсерлерге жауап сипатындағы сырттай көрініс берген әрекет. Психикалық қызмет осыдан объективтік дүние заттары мен құбылыстарының әсерінен туындайтын мидың рефлекторлық бейнелеу жұмысы.

Уақытша жүйке байланысын әрқандай психикалық іс-әрекетін физиологиялық механизмі деп танудың маңыздылығынан психологиялық құбылыстың физиологиялық құбылыстармен бірдейлігі келіп шықпайтынын есте сақтаған жөн. Психикалық іс-әрекет тек қана физиологиялық механизм сипатымен шектеліп қалмай, мидағы бейнеленген нақты дүние, яғни психикалық құбылыстың мазмұнымен байланысты [1].

Сонымен психика дегеніміз – мидың қасиеті. Ағзаның психикалық әрекеті барлық дене мүшелерінің қызметі арқасында жүзеге асады. Олардың бірі сыртқы әсерлерді қабылдайды, екіншілері олардың барлығын сигналдарға айналдырып, іс-әрекетті жоспарлап, қадағалап отырады, ал келесісі – бұлшық еттерді әрекетке келтіреді. Осы күрделі жұмыстардың бәрі қосылып, адамның психо-физиологиялық қалыптасуының белсенді құралы болады.

Мұндай психо-физиологиялық ерекшеліктер табиғатын зерделеу зерттеліп отырған мәселенің түйінді шешімдерін табуда маңызды деп есептейміз.

Дене тәрбиесін беруде адамның психикалық әрекет заңдарын, оның желісі мен құрылым ерекшеліктерін айқын түсіну үшін жан әрекетін туындатушы тән адам миының құрылымымен танысып, оның жан күйі көріністерінің сол тән бөлігімен қандай байланыста болатынын білу қажет.

Бас миының бағаналы бөлігі күрделі де тіршілікке өте қажет шартсыз рефлекстік әрекеттерді басқаратын орталық. Сору, шайнау және жұтыну рефлекстері осы тетігі құрамындағы сопақша мидың жауап әрекет орталығынан басқарылады. Кейбір қорғаныс рефлекстерін (түшкіру, жөтел, жас ағу) де осындай жүйке іске асырады. Мұны дене қимылымен өзара байланысын зерделеу болашақ дәрігерлер үшін мәнділігі жоғары.

Орта мида көз бен құлақ қозуларын қозғалыс аймағына жеткізетін орталықтармен қатар көз қарашығын тарылтатын жүйке тетігі жайғасқан, бірақ бас миы бағаналы бөлігінің қызметі бұнымен шектелмейді. Сопақша мида орналасқан демалыс, жүрек-тамыр мүшелерінің қызметін, сонымен бірге ағзаның ішкі құрылым тұрақтылығын сақтаушы басқа да органдардың жұмысын реттеуші орталықтар ерекше маңызға ие. Өте күрделі қызметтер мишыққа жүктелген. Бүкіл сүйек-бұлшық ет жүйесіндегі әрекет жүру, жүгіру, секіру т.б. кезіндегі дене теңдестігін сақтауға орай барша бұлшық еттерді басқару осы мишықтың міндеті. Бас миының бағаналы бөлігі мен арқа мидың рефлекторлық қызметі ағзаның жауап әрекеттерінің біршамасын қамтиды. Сондықтан мұны дене тәрбиесінде басты назарда ұстау қажеттігін түсіну оқушылар үшін маңызды болып табылады [2].

Оқушылардың психо-физиологиялық ерекшеліктері мен адамдарға қатынасының орнығуы немесе өзгеруіне себепші – бұл оқушылардың жас деңгейі. Мұны зерттейтін болсақ 12-15 жас бұл адамгершілік және өнер талғамы, эстетикалық сезімдердің белсенді даму кезеңі, психологиялық тұрақталу және мінездің қалыптасу және орнығу кезеңі және ең негізгісі, мақсатты және жүйелі түрде білім алуға азаматтық, кәсіби машықтануға, ынталы түрде ой және дене еңбегімен айналысатын т.б. әлеуметтік рөлдердің нақты қалыптасатын кезеңі болып табылады.

Оқушылар дене тәрбиесі сабақтарында тұлғалық дәрежесі жөнінде біз олардың дене құрылымы, психологиялық жағынан, биологиялық жағы және қылық әрекетін белгілері бойынша топшылаймыз. Ғылым ежелден-ақ мінезі мен дене құрылысының өзара байланысты екенін дәлелдеген. Дене құрылымы ерекше бітіске ие болған адамдар, мінез жағынан да өзара ұқсас. Осы тұрғыдан барша адамдар үш типке жатады: астеник, пикник, атлетик. Астеник адамдар – көбінесе тұйық, оңашаланғанды ұнатады, ұдайы ойға шомып жүреді, пикник типтес адамдар – көңілді, үйіршең, әңгімешіл, әрқандай қиыншылыққа жасымайды, ал атлетиктер – ұстамсыз, дүлей келеді. Сондай-ақ адамды дене бітісіне қарай жануармен салыстырылады да, сол жануарға тән мінез ерекшеліктері оған танылады. Мысалы, Аристотель пікірінше, адамның танауы өгіздікіндей жуан да қалың болса, ол еріншектік белгісі, шошқадай кең танау, жалпақ мұрын – ақымақтық; қой, ешкі жүніне ұқсас шашты адам қорқақ; доңыз, арыстан қылшықтарындай тіке, қатты шашты адам – ержүрек, батыл т.б.

Оқушыларға дене тәрбиесін беруде адамның психологиялық табиғатына сай, халықтық педагогика элементтерін пайдалануда көрсетілген типтердің ерекшеліктері бойынша жұмыс түрін таңдау қажеттігі маңызды.

Халқымыз: “Тірлігің –ірі, тілің майда болсын”, - дейді. Адамның ішкі жан дүниесі оның сөзі мен тілінен анық байқалады. Қалай сөйлегеніне және қандай сөз тіркестерін

Мектепте балалардың ағзаға түсу процесінің тамашалауы туралы мақалада, орта және жоғарғы мектептерде оқырмандардың ағзағын жеткізу және бейімдету арқылы даму тиімділіктерін ұжымдастыру мәселелері талқыланады. Бала тәрбиесінде ағзалардың жеткізуі мен оларды бейімдеу тиімді мәселелерді салыстыру мақсаттарымен осы тақырып туралы толық білім береді.

В статье о наблюдении за процессом развития организма детей в школе обсуждаются проблемы коллективизации и эффективности развития путем перехода и адаптации организма детей к средней и старшей школе. Дает комплексные знания по данной теме с целью изучения эффективных вопросов перехода и адаптации организмов детей.

Abstract

The article on the observation of the process of development of the children's body at school discusses the problems of collectivization and the effectiveness of development through the transition and adaptation of the children's body to middle and high school. It provides comprehensive knowledge on this topic in order to study effective issues of transition and adaptation of children's bodies.

Балалардың ағзасы жеткіліксіз жас үшін өте маңызды. Орта және жоғарғы мектеп жасындағы балалардың ағзасының дамуы қажетті болып табылады. Осы тақырыпты мақала, балалардың ағзасын бейімдеу және дамыту үшін мектептік және оқу-тәрбие орталықтардың қолдануға тиіс ететін ерекшеліктерін сараптамақ пен анықтау қамтылмайды. Орта мектеп жасында орталық жүйке жүйесінің дамуы жоғары деңгейге жетеді, жоғары жүйке қызметінің жеке ерекшеліктері қалыптасады, сенсорлық жүйелердің жетілуі аяқталады. Осы жасқа қарай жасөспірімдерде ересек организмге тән қозғалысты басқарудың барлық негізгі механизмдері қалыптасады - кері байланыс жүйесін рефлекторлық сақинамен басқару және орталық командалар механизмін (алдын ала бағдарламалау) пайдалана отырып бағдарламалық басқару. Бұл жол бойында қозғалыс бағдарламаларын түзету мүмкін болатын ұзақ жаттығулардың жетілдірілуін ғана емес, сонымен қатар қысқа мерзімді қозғалыс әрекеттерін - лақтыру, соққылар, лақтырулар, секірулерді орындауды қамтамасыз етеді. Әртүрлі спорт түрлері бойынша терең

мамандандыруды бастауға болады. Қарастырылып отырған кезең қозғалыстарды орталық реттеу механизмдеріндегі үш сапалық өзгерістермен сипатталады:

- ми қыртысындағы орталық аралық байланыстардың айтарлықтай артуы;
- қозғалысты басқарудың функционалдық жүйесінде қыртыстың ассоциативті үшінші өрістерінің жетекші рөлін белгілеу;
- оң жарты шардың басым рөлінің солға ауысуы.

Орта мектеп жасындағы оқушылардың бойлары, денелері жылдам өседі. Бойларының ұзаруы негізінен аяқтардың өсуіне байланысты болып, жылына 4-7 см өседі. Салмақтарына жылына 3-6 кг қосылып отырады. Ұл балалардың ең тез өсетін кезі 13-14 жас, ол кезде бойлары жылына 7-9 см өседі. Қыз балалардың бойларының тез өсетін кезі 11-12 жас, ол жастарда қыздар орташа 7 см-ге өседі.

Жасөспірім кезде аяқтың және қолдың ұзын сүйектері, омыртқа сүйектерінің көлемі жылдам өседі. Жасөспірімдердің омыртқалары өте жылжымалы болып келеді. Көп, жоғары жүктемелер сүйектің қатаюын тездетеді де қол, аяқтың сирақ, ортан жілік сүйектерінің өсуін баяулатып жібереді.

Осы жас кезінде бұлшық ет жүйесі де жылдам дамиды. 13 жастан бастап бұлшық еттердің көлемдері үлкейе бастайды. Көлемдерінің үлкеюі олардың бұлшық ет талшықтарының жуандауына байланысты өседі. Бұлшық ет көлемінің дамуы, әсіресе ұлдарда 13-14 жаста, қыздарда 11-12 жастарда көбірек болады.

Жыныстық жетілу ер балаларда 10-11 жаста, қыз балаларда 9-10 жаста басталады. Ер балалардың жыныс мүшелері өсе бастайды, жыныс бездері жетіледі. 12 жаста көмекейі өсіп, дауысы қатаяды. 12-13 жаста ер адамға лайық қаңқа ерекшеліктері пайда болады, баланың сымбаты өзгереді, 15 жаста сақал-мұрты тебіндеп шыға бастайды, сперматогенез басталады.

Мектептік жасау жұмыстарын оқу-тәрбие бағдарламасына сәйкес қамтып алу. Балалардың ағзасын бейімдеу және дамыту үшін мектептік бағдарламаларды пайдалану маңызды. Олардың оқу-тәрбие бағдарламасына сәйкес жасау жұмыстары, ойлау жаттығулары, жіберілген мәтіндерді оқу, сөйлемдерді жасау, сөйлеу, салталау, ішкі сынаулар, аударма қосу, оқу бөлімдерінің сабағына сәйкес жасау, ағзаны талдау және қарау сабағымен байланысқан болуы тиіс. Бұл бағдарламалар ағза жеткілігін дамытуға көмек көрсетеді.

Жасындағы жағдайларды назар аудару. Балалардың ағзасын бейімдеу жолдарының анықталуы үшін олардың жасындағы жағдайларын назар аудару маңызды. Балалардың жасындағы ортаға айналасу, ағзаны ашу және созылу, ойлау жаттығуларын көмектесу мүмкіндігі тиіс.

Мамандандырылған көмек көрсетушілердің және мұғалімдердің қолдануы. Мамандандырылған мамандандырушылар мен мұғалімдер ағзаны дамыту үшін керісінше техникалық көмек көрсету мүмкіндігіне ие болады. Олар ағзаны дамыту процесінде балаларға керісінше жетіспеуші көмек көрсету мақсатында арналған білімдерін пайдалана алған болуы керек.

Қарым-қатынас жасау. Балалардың ағзасын бейімдеу жолдарын оқудың жалпы ерекшелігі - қарым-қатынас жасау. Оларды ағзаны жасау, ойлау жаттығуларын алысу, сөйлемдер жасау және сөйлемдерді түсіндіру арқылы жаттығуларын бейімдеу мүмкіндігі бар. Осы қарым-қатынас ойындары жасау, ойлау кесігі жасау және оқу-тәрбие саласында балаларға керісінше емесінше айналастыру мүмкіндігін жасайды.

Оқу үдерісінің және қонақ жасау қорытындысын сақтау. Балалардың ағзасын бейімделу жолдарын көмектесу үшін олардың оқу үдерісінің және қонақ жасау қорытындысын сақтау маңызды. Бұлар олардың ауыстыруларын және ағзасының дамуын жетілдіреді.

Мектептік жасындағы балалардың ағзасын бейімдеу жолдарының дамуы қиын болса да, мамандандырылған көмек көрсетушілер, мұғалімдер, және қосымша оқу материалдары балаларға керісінше көмек көрсетеді. Бұл тақырыпты мақала, балалардың ағзасын

бейімделу жолдарын жасау және оның қайтадан дамуын қолдау етуді мүмкіндіктерін талдау етті.

Мектепте балалардың ағзаға түсу процесінің тамашалауы туралы мақалада, орта және жоғарғы мектептерде оқырмандардың ағзағын жеткізу және бейімдету арқылы даму тиімділіктерін ұжымдастыру мәселелері талқыланады. Бала тәрбиесінде ағзалардың жеткізуі мен оларды бейімдеу тиімді мәселелерді салыстыру мақсаттарымен осы тақырып туралы толық білім береді.

1. **Тіл тәрбиесі:** Мектептерде оқырмандарға өз тілін дамыту және тыс жасау қабілетін дамыту керек. Тіл тарбиясы арқылы балалар ағзасындағы тілді тәжірибелеп жеткізе алуы керек.

2. **Қайтарап тастау:** Орта және жоғарғы мектептерде оқушылар арасында қайтарап тастау курсы бірнеше кестелікті болуы маңызды. Осы курстар арқылы балалар ағзасындағы жеткізу процесін жақсартуға және оны бейімдеуге көмек көрсете алады.

3. **Оқиғаларды пайдалану:** Ағзаға түсіруді бейімдеу үшін оқиғалардың пайдалануы және кітап оқуы керек. Балалар оқу материалдарымен танысу және оларды пайдалану жолындағы навигацияны жеткізу керек.

4. **Сыйлықтар мен таяуарлар:** Орта және жоғарғы мектептерде оқырмандардың ағзаларына сыйлықтар мен таяуарлар ұсыну керек. Бұл оларды бейімдеу үшін үлкен мүмкіндіктерді жасауға көмектеседі.

5. **Салт:** Сабақтарды жасау және орындау кезінде салт түрлі медиа материалдарын пайдалану керек. Видео, суреттер, жазбалар, кіші сценарийлер мен басқалар оқу материалдарын толтыруда көмек көрсете алады.

6. **Бейімделі педагогикалық әдістер:** Мұғалімдерге ағзаны бейімдеуге көмек көрсету үшін педагогикалық әдістерді қолдану керек. Балалардың оқу процесіні жүктемелерге бейімделудің ең жақсы жолдарын тағайындау үшін мұғалімдер қалыптастыру керек.

7. **Балалардың әрекеткерлігін жеткізу:** Орта және жоғарғы мектептердегі балалардың әрекеткерлігін жеткізу мен оларды бейімдеу үшін сабақтарды жасау кезінде олардың қызметтік салаларын жасау керек. Бұлар балаға оқу қабілеттерін жеткізу және бейімделу жолында көмек көрсетеді.

8. **Түрімізді көпірлік жасау:** Балалардың ағзаларына түсетін түрімдерімізді көпірлік жасау керек. Бұл олардың сөздігін жеткізу мен олардың әңгімесін жақсартуға көмек көрсетеді.

9. **Табиғаттық жасау әдістері:** Балалардың ағзаларын бейімдеуге көмек көрсету үшін табиғатты жасау әдістерін қолдану керек. Отап сусындыру, ашық ауа жағу, жабылдау және басқалар онымен қатар, табиғатты әдістер орта және жоғарғы мектеп жасындағы балалардың ағзаларын жеткізу мен оларды бейімдеу жолында маңызды рөл атқарады.

10. **Көздерін ашу және талдау:** Балалардың ағзаларын жеткізу мен бейімдеу кезінде олардың көздерін ашу мен талдауы маңызды. Бұл олардың оқу материалдарын толтыру жолында көмек көрсетеді.

Мақалада айтылған бейімделу әдістері мен тәсілдері арқылы орта және жоғарғы мектеп жасындағы балалардың ағзаларын жеткізу мен оларды бейімделу ерекшеліктері талқыланған. Бұл жеткізу және бейімделу процесін жақсарту үшін қолдануға болады және балалардың оқу қабілеттерін дамытуға көмек көрсетеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Өстеміров К., Айтбаева А.** Қазіргі білім беру технологиялары. -Алматы. – 2006.
2. **Игенбаева Б.Қ., Шабажанова С.Қ.** Сабақтың дұрыс ұйымдастырылуы – бала денсаулығының кепілі.
3. **Қалиева С.А.** Эксперименттік мектепте денсаулық сақтау педагогикасының идеяларын дамыту – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

4. Жумадилова Г.С. Жастардың салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері.//Салауатты өмір салты: Әлеуметтік жаңарудың көрінісі ретінде.-Астана, 2005
5. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Н.М. “Педагогика”. – Алматы.-1998.
6. Выготский И.С. “Педагогическая психология”. – М.: Педагогика. – 1991.
7. Ахаев А.В., Колесникова Н.В. Валеологизация учебно-воспитательного процесса в общобразовательной школе.-Алматы: Мектеп, 2002.

Кожамқұлов Р.А.

*М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
«Дене тәрбиесі» кафедрасының оқытушысы
Тараз қаласы, ҚР*

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ КЕЗІНДЕ ӨЗІН-ӨЗІ БАҚЫЛАУ

Аңдатпа: Дене тәрбиесінің әр жүйесі дене тәрбиесіне тиянақты-тарихи түрін бейнелейтіндіктен қойылған мақсатқа жету үшін осы немесе басқа ұйымдардан құралады. Жүйе айқын салалар құрылымымен олардың қызметі басқа да жүйелерінің қарым-қатынас ерекшеліктерімен айқындалады. Жүйенің ең басты қызметі — адамдардың дене мәдениетін жоғары сатыға көтеру үшін барлық осыған тікелей қатысты құрылады.

Аннотация: Каждая система физического воспитания состоит из тех или иных организаций для достижения поставленной цели, так как представляет собой глубоко историческую форму физического воспитания. Система определяется структурой четких ветвей, их деятельность определяется коммуникационными особенностями других систем. Основная функция системы – поднять физическую культуру народа на более высокий уровень.

Annotation: Each physical education system consists of certain organizations to achieve its goal, since it represents a deeply historical form of physical education. The system is determined by the structure of clear branches, their activities are determined by the communication features of other systems. The main function of the system is to raise the physical culture of the people to a higher level.

Кілт сөздер: философ, спорт, басқару, денсаулық, процес, бақылау.

Кіріспе: Дене тәрбиесі кезінде өзін-өзі бақылау. Дене тәрбиесі әр адамзат үшін маңызды дүние болып саналады. Себебі бұл жүйе өзара қарым қатынастағы жеке тәрбиені маңыздылайды. Дене тәрбиесі тұлғаны әртүрлі бағытта түрлендіреді.

Жасыратыны жоқ, физикалық жаттығулардың адам ағзасына емдік әсері бар. Бұл факт ерте заманнан бері белгілі. Көптеген философтар мен дәрігерлердің пікірлері спорттың аурумен күресуде үлкен пайдасы бар және өмірді ұзартатынын көрсетті. Мысалы, Аристотель тірі ағзаның қозғалысқа үнемі мұқтаждығы бар және адамды физикалық белсенділіктің жетіспеушілігінен артық ештеңе бұзбайды деген қорытындыға келді.

Жаттығу - денсаулықты жақсартудың өте күшті тәсілі. Жаттығу процесін дұрыс ұйымдастыру дене дамуын жақсартуға, өнімділікті арттыруға және барлық дене жүйелерінің жұмысын белсендіруге мүмкіндік береді.

Дегенмен, жаттығу жабдықтарын тұрақты емес немесе бақылаусыз пайдалануға болмайды. Ең жақсы жағдайда олар жай ғана тиімсіз, ал ең нашар жағдайда денсаулыққа түзетілмейтін зиян келтіреді. Спортпен айналысудың жағымсыз салдарын болдырмау үшін бақылау мен өзін-өзі бақылауды жүзеге асыру қажет. Барлық осы шаралар дененің жағдайын диагностикалауға қызмет етеді.

Бақылаудың әртүрлі түрлері бар - оқу және медициналық. Әрине, олардың спортта маңызы зор. Дегенмен, жаттығу кезінде өзін-өзі бақылау ерекше маңызды. Оның негізгі мақсаты - дене деректеріне негізделген жаттығуларды оңтайландыру.

Әрбір спортшы, әсіресе жаңадан бастағандар, дене шынықтыру сабақтарында өзін-өзі бақылаудың негіздерін білуі керек. Бұл жаттықтырушы, дәрігер және мұғалім жұмысын пайдалы ете отырып, өзін-өзі талдау және тәртіптілік дағдыларын дамытады.

Жаттығуда өзін-өзі бақылау дегеніміз не? Бұл сіздің физикалық дамуыңыз бен денсаулығыңызды, сондай-ақ жаттығулар мен бәсекелестік стресске қарсы тұруыңызды бақылаудан басқа ештеңе емес.

Дене тәрбиесінде өзін-өзі бақылау әдістерін екі түрге бөлуге болады. Біріншісі - объективті. Бұл әдіс антропологиялық көрсеткіштерді, соның ішінде бой мен салмақты, кеуде пішінін және т.б. анықтау үшін қолданылады. Маңызды бір бұлшықет тобының спорттық түрлерін және даму түрлерін өлшеуге және салыстыруға болады.

Дене тәрбиесіндегі өзін басқарудың екінші түрі субъективті. Ол тұлғаның денсаулық жағдайын және физикалық белсенділікке дайындығын, көңіл-күйін, шаршауын, тәбетінің төмендеуін және басқа да шағымдарды бағалауға мүмкіндік береді.

Өзін-өзі бақылауға жетудің ең тиімді жолы - күнделікті жүргізу. Ол спорттық іс-шаралардың екпіні мен күшін, сондай-ақ қол жеткізілген нәтижелерді растайтын құжатқа айналады. Ол сонымен қатар күнделікті жаттығулар кезінде дене жағдайының субъективті және объективті сипаттамаларын көрсетуі керек.

Қорытынды: Әр адам өз денесінің әл-ауқатын бақылауы керек. Бұл спортпен айналысатындар үшін де маңызды. Алынған деректер дене шынықтыру жаттығуларының әсерін қарастыруға және әртүрлі жаттығуларды қолдануға жәрдем береді. Барлық анализдер керекті жерге жазылуы керек.

Жаттығу және спорт кезінде өзін-өзі бақылаудың параметрлері қандай? Олардың ішіндегі ең маңыздысы – әл-ауқат. Оны керемет немесе қанағаттанарлық деп қарастыруға болады. Денсаулық жағдайына қарай отырып, спортшының денесінің және жүйке жүйесінің түгелдей жағдайын бағалауға болады. Егер зиян, нашар реакциялар болмаса, адамның денсаулығын арттыратын айқын жоспарланған әрекеттер туралы айтуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дене тәрбиесі әдістемесі «Мектеп» баспасы
2. Дене тәрбиесі. Б.Болатбек. Алматы: Атамұра: 2004, 112б
3. Дене тәрбиесі. М.Тұрыскелдина. Алматы: Атамұра: 2003, 112б

Қожатаев Д.Ж.

магистр, аға оқытушы

«Жалын» жалпы орта мектебі,

Шымкент қаласы, ҚР

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ ЖҮЙЕСІ

Қазақстан Республикасындағы дене шынықтыру (денешынық-тыру спорт) қозғалысының субъектілері

Қазақстан Республикасындағы дене шынықтыру (дене шынықтыру спорт) қозғалысы:

- 1) олимпиадалық даярлау орталықтарын;
- 2) олимпиадалық резерв даярлау орталықтарын;
- 3) жоғары спорт шеберлігі мектептерін;
- 4) спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарды;
- 5) олимпиадалық резервтің спорт мектептерін;
- 6) олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектептерін;
- 7) балалар-жасөспірімдер спорт мектептерін;
- 8) дене шынықтыру-спорт қоғамдарын (спорт клубтарын);
- 9) балалар-жасөспірімдер дене шынықтыру даярлығы клубтарын;
- 10) балалар мен жеткіншектер клубтарын;

- 11) спорт медицинасы және оңалту орталықтарын;
- 12) дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерлерін;
- 13) допингке қарсы комиссияларды;
- 14) кешенді ғылыми топтарды;
- 15) оқу-жаттығу базаларын;

16) қызметі мектеп жасына дейінгі балалардың, оқушылар мен студенттердің дене тәрбиесі мен спорттық даярлығына бағытталған жеке және заңды тұлғаларды қамтиды.

Мектепке дейінгі балалар мекемелеріндегі, жалпы білім беретін мектептердегі және басқа оқу орындарындағы дене тәрбиесі

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың, жалпы білім беретін және кәсіптік мектептер, колледждер, лицейлер оқушыларының, жоғары оқу орындары студенттерінің дене тәрбиесі оқу және ұзартылған күн режимінде, оқу жоспарларына, дене тәрбиесінің кешенді мемлекеттік бағдарламаларына, санитариялық ережелер мен гигиеналық нормативтерге сәйкес сабақтан тыс уақытта және дербес жүзеге асырылады. Міндетті дене тәрбиесі сабақтары бүкіл оқу кезеңі бойына аптасына мектепке дейінгі мекемелерде - кемінде 8 сағат, жалпы білім беретін мектепте - кемінде 3 сағат, кәсіптік-техникалық мектептерде, колледждерде, лицейлер мен жоғары оқу орындарында кемінде 4 сағат жүргізіледі.

Денсаулығы нашар оқушылар мен студенттер арнаулы медициналық топтар мен емдік дене шынықтыру топтарында шұғылданады.

1-1. Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері, жалпы білім беретін мектептер және басқа да оқу орындары оқушыларға дене тәрбиесін беру мақсатында: дене шынықтыру машықтарын қалыптастырады, спортпен айналысуға тартады, дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шаралар өткізеді және қоғамдық бірлестіктер мен басқа да заңды тұлғалардың мектеп жасына дейінгі балалардың, оқушылар мен студенттердің қатысуымен спорттық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуіне жәрдемдеседі.

2. Сабақтан тыс уақытта дене шынықтыру жаттығуларымен шұғылдану үшін спорт клубтары мен мектептен тыс дене шынықтыру-сауықтыру ұйымдары құрылады, олардың құрамына балалар-жасөспірімдер спорт мектептері, балалар-жасөспірімдер дене шынықтыру клубтары, тұрғылықты жері бойынша балалар мен жасөспірімдер клубтары және қызметі мектеп жасына дейінгі балалардың, оқушылар мен студенттердің дене тәрбиесі мен спорттық даярлығына бағытталған басқа да заңды тұлғалар кіреді.

3. Мектепке дейінгі балалар мекемелерінде, мектептен тыс дене шынықтыру-сауықтыру ұйымдарында және оқу орындарында дене тәрбиесі үшін қажетті жағдайлар жасау облыстардың, қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдарына, сондай-ақ құрылтайшыларға жүктеледі.

Еңбек ұжымдарындағы дене шынықтыру мен спорт

1. Кәсіпорындар, ұйымдар жұмыс істеушілерді сауықтыру жөніндегі дене шынықтыруды дамыту үшін қаражат көздеуге және азаматтардың дене шынықтырумен, спортпен шұғылдану құқық-тарын іске асыруына жағдай жасауға міндетті.

Мемлекеттік кәсіпорындар және мемлекеттің қатысу үлесі бар заңды тұлғалар дене шынықтыру-спорт қоғамдарының (спорт клубтарының) қызметіне қатысуға міндетті.

2. Қызметкерлердің, олардың отбасы мүшелерінің жеке және ұжымдық дене шынықтыру-спорт сабақтарын ұйымдастыру үшін материалдық база жасау, оны пайдалану, қаржыландыру, мамандармен қамтамасыз ету ұжымдық шарттармен және дене шынықтыру мен спортты дамыту бағдарламаларымен айқындалады.

Тұрғылықты жердегі және халықтың жаппай демалыс орындарындағы дене шынықтыру мен спорт

1. Тұрғылықты жерде және халықтың жаппай демалатын орындарында дене шынықтыруды және спортты дамыту:

- 1) спорттық клубтар мен секциялар жұмысын ұйымдастыруды;

2) дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуді;

3) дене шынықтыру-спорт ұйымдарына жаппай демалатын орындарда халықтың дене шынықтырумен және спортпен айналысуына арналған қажетті үй-жайлар бөлуге және спорттық ғимараттар беруге жәрдемдесуді қамтиды.

2. Санаторий-курорт ұйымдарында, пансионаттарда, демалыс үйлерінде, туристік базаларда және қала сыртындағы балаларды сауықтыру лагерьлерінде жеке, топтық және отбасылық дене шынықтыру-сауықтыру сабақтарын өткізуге жағдайлар жасалады.

Мүгедектер мен ақыл-есінің мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған дене шынықтыру мен спорт

1. Дене шынықтыру мен спорт мүгедектер мен ақыл-есінің мүмкіндігі шектеулі адамдарды дене бітімі және әлеуметтік жағынан оңалту құралдары болып табылады.

2. Жергілікті атқарушы органдар мүгедектер мен ақыл-есінің мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін арнайы дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарын, сондай-ақ жалпы пайдаланудағы ғимараттарда дене шынықтырумен және спортпен шұғылдану үшін жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді.

3. Мүгедектер мен ақыл-есінің мүмкіндігі шектеулі адамдарды үздіксіз оңалту жүйесіндегі дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануды ұйымдастыру, кадрлар даярлау, әдістемелік, медициналық жағынан қамтамасыз ету, мүгедектер мен ақыл-есінің мүмкіндігі шектеулі адамдардың дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануына дәрігерлік бақылау жасау, білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, дене шынықтыру және спорт органдарына жүктеледі.

4. Дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган мүгедектер мен ақыл-есінің мүмкіндігі шектеулі адамдардың дене шынықтыру-спорт бірлестіктерімен бірлесе отырып, республикалық жарыстар өткізуді, мүгедектер арасындағы спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командаларының халықаралық жарыстарға, оның ішінде Параолимпиадалық, Сурдоолимпиадалық ойындарға және Арнайы олимпиадаға дайындалуы мен қатысуын ұйымдастырады.

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары мүгедектер мен ақыл-есінің мүмкіндігі шектеулі адамдардың дене шынықтыру-спорт бірлестіктерімен бірлесе отырып, облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) деңгейіндегі спорттық іс-шаралар өткізуді, сондай-ақ олардың республикалық жарыстарға дайындалуы мен қатысуын ұйымдастырады.

Мемлекеттік денсаулық сақтау органдары мен мекемелерінің дене шынықтыру мен спортты дамытуға қатысуы

Мемлекеттік денсаулық сақтау органдары мен мекемелері өздерінің құзыреті шегінде: дене шынықтыруды аурулардың алдын алу және оны емдеу құралы ретінде пайдаланады;

дене шынықтырумен және спортпен айналысатын адамдарға дәрігерлік бақылау мен икемді қадағалауды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командаларын халықаралық спорт жарыстарына даярлауды медициналық жағынан қамтамасыз етуге қатысады;

дене шынықтырумен және спортпен айналысатын адамдарды жарысқа жіберуді жүзеге асырады;

спорт медицинасы мен емдік дене шынықтыру саласында мамандар даярлауды жүзеге асырады және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

қолданылып жүрген ережелерге сәйкес мектепке дейінгі балалар мекемелерінде, оқу орындарында дене шынықтыру-сауықтыру және спорт жұмысын ұйымдастыруға белсене қатысады;

халықтың дене бітімінің даму деңгейін анықтайды;

Халықаралық Олимпиадалық Комитеттің сертификаты бар мамандандырылған мекемелерде допингке қарсы бақылауды қамтамасыз етеді.

Дене шынықтыру мен спорт сабақтарын, спорт жарыстары мен бұқаралық спорт шараларын өткізу кезінде қауіпсіздік қағидаларын сақтау, азаматтардың денсаулығын қорғау

Дене шынықтыру және спорт қызметкерлері дене шынықтыру мен спорт сабақтарын өткізу кезінде дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган әзірлеп, бекітетін қауіпсіздік нормалары мен қағидаларының сақталуын қамтамасыз етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Белиц-Гейман С.В. Плавание / М.: Просвещение, 2000.
- 2 Булгакова Н.Ж. Плавание / М.: Просвещение, 2001.
- 3 Булгакова Н.Ж. Познакомьтесь – плавание /Н.Ж. Булгакова. – М.: ООО «Издательство АСТ»; ООО «Издательство Астрель», 2002. – 160 с.
- 4 Булгакова Н.Ж. Игры у воды, на воде, под водой. - М.: ФиС

Кравчик Е. И.

студент

Научный руководитель: Рожко Г. Т.

Старший преподаватель КазАТУ им. С. Сейфуллина

Кафедра физического воспитания

Астана, РК

ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА И СПОРТ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ

В XIX и XX веках происходили значительные изменения в системах образования и физической культуры. В XIX веке образовательные системы многих стран претерпели трансформации в ответ на социокультурные и экономические изменения, такие как индустриализация и увеличение числа населения в городах. Образование стало более широкодоступным, и возросло внимание к развитию физической культуры в учебных заведениях. В XX веке физическая культура получила статус отдельной образовательной дисциплины, а системы образования стали более унифицированными [1, 2]. Важность физического здоровья и активного образа жизни стала акцентироваться в учебных программах, что отразилось на требованиях к профессиональным навыкам педагогов в области физической культуры.

В контексте XXI века профессиональные навыки педагогов в области физической культуры становятся ключевыми для успешного обучения студентов [3, 4]. Современное образование выдвигает высокие стандарты в отношении профессионализма педагогов, особенно в области физической культуры, где акцент делается не только на передаче знаний, но и на формировании навыков и привитии любви к активному образу жизни. Педагоги в области физической культуры должны обладать разносторонними навыками, включая понимание современных методов обучения, использование современных технологий, умение интегрировать междисциплинарные подходы и эффективно взаимодействовать с разнообразными культурными и социальными контекстами [4]. От них требуется не только профессиональная компетентность в области физической культуры, но и способность вдохновлять и мотивировать учеников к активному образу жизни, что делает их роль более сложной и ответственной.

Значение физического воспитания часто недооценивается, но если зреть в корень, то физические занятия имеют влияние на здоровье человека, а человек как единица рабочей силы правящего государства, имеющего экономику, для поддержания и роста которой необходимы способные, выполнять функции для жизнедеятельности государства, люди. Например, в Казахстане образование является важным пунктом в благосостоянии страны. Беспокойство о физическом состоянии молодежи поднимает актуальность роли учителей физической культуры, воздействующих на формирование физического, психического и духовного благополучия следующего поколения. Поэтому от казахстанских

преподавателей зависит мировоззрение будущего общества, исходя из этого для достижения цели инновационного развития страны необходимо начинать с качественного образования. Профессиональная подготовка специалистов по физической культуре и спорту вписывается в общую стратегию образовательной политики нашей Республики на современном этапе. Стратегия «Казахстан - 2050» подчеркивает особое внимание государства к физической культуре и спорту [3, 5].

Преподаватели физической культуры не только вдохновляют, но и обучают студентов необходимым навыкам и стратегиям для успешного участия в соревнованиях. Они выступают в роли наставников, предоставляя поддержку и знания, а также работают над формированием командного духа, что особенно важно в командных видах спорта. Успех студентов на соревнованиях является показателем эффективности образовательного процесса. Преподаватели физической культуры испытывают удовлетворение, наблюдая за достижениями и успехами студентов в развитии сферы физической культуры. В свою очередь, участие в олимпиадах способствует продвижению репутации и привлечению внимания к образовательному учреждению, где они преподают.

Таким образом, участие в олимпиадах и спортивных мероприятиях становится важным инструментом для обогащения образовательного процесса, повышения мотивации студентов и укрепления роли преподавателей физической культуры в формировании успешных, физически подготовленных граждан. В области физической культуры и спорта многие страны заимствуют элементы успешных программ и практик у других. Это может происходить через обмен опытом, анализ результатов, участие в международных мероприятиях и другие формы взаимодействия.

Эволюция образовательных методик в области физической культуры представляет собой процесс изменения и развития подходов, используемых в преподавании и тренировке. В прошлом применялись традиционные методы, такие как систематические упражнения и различные виды физической активности. С течением времени подходы стали более научно обоснованными, интегрируя в себя принципы педагогики, психологии и медицины. С развитием технологий в образовании внедряются современные методы, такие как использование приложений для отслеживания физической активности, виртуальные тренировки и онлайн-ресурсы. Это обогащает учебный процесс и делает его более доступным. В прошлом уроки физической культуры могли быть более универсальными. Сегодня существуют специализированные программы для различных групп населения: детские; подростковые; для лиц с ограниченными возможностями; для взрослых и пожилых людей, программы реабилитации и др. [6, 7].

В эпоху быстрых изменений и разнообразных потребностей индивида, применение эволюционированных образовательных методик является ключевым фактором в достижении здоровья и благополучия. Стремление к индивидуализации, учету психологических и физиологических особенностей, а также интеграции технологий делают физическую культуру неотъемлемой частью современного образования. В свете глобальных вызовов забота о физическом здоровье становится главной задачей современного образования.

Список литературы

1. Пономарев Н.И. Физическая культура как элемент культуры общества и человека. Санкт-Петербург: СПбГАФК им. П.Ф. Лесгафта, 1996. - 284 с.
2. Григорьев В.И. Социокультурная интеграция содержания неспециального физкультурного образования студентов ВУЗов: Автореф. докт. дисс. Санкт-Петербург: ГАФК, 2002. 60 с.
3. А. Орынбекқызы. Основные задачи Республики Казахстан в подготовке будущего педагога физического воспитания. Мир науки, культуры, образования. 2018. 148 с. Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/osnovnye-zadachi-respubliki-kazahstan-v-podgotovke-buduschego-pedagoga-fizicheskogo-vospitaniya/viewer>.

4. Фахри Сенмез. Профессионально-педагогическая компетентность учителя физической культуры. 147-153 с. Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/professionalno-pedagogicheskaya-kompetentnost-uchitelya-fizicheskoy-kultury>.

5. Официальный сайт Президента Республики Казахстан. Стратегии и программы, стратегия «Казахстан-2050». Режим доступа: https://www.akorda.kz/ru/official_documents/strategies_and_programs.

6. М. М. Борисова. Дополнительные программы по физическому образованию дошкольников. Педагогический практикум. СДО - 2011. - №4. 47-49 с.

7. В. Д. Иванов, Н. А. Салькова. Фитнес-программы в системе занятий по физической культуре в ВУЗе. 2019. 49-58 с.

Куанышов С.Ә. доцент

*«Дене шынықтыру және спорт» кафедрасы
Орталық Азия инновациялық университеті,
Шымкент қаласы, ҚР*

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІ МҰҒАЛІМІ МЕН ОҚУ ЖАТТЫҒУ ҮРДІСІ БОЙЫНША ЖАТТЫҚТЫРУШЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІНІҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Адамның сөздердің көмегімен және соларға сәйкес ойлану бейнелері арқылы адамның өзіне-өзі әсер етуін психикалық өзін-өзі реттеу деп атаймыз.

Мысалы, егер «лимонның сулы қышқыл бөлігі» десек, онда біздің ауызқуысымызда еріксіз сілекей бөлінеді. Немесе «мен тоңдым» деп өзі суықта тұрғандай сезініп, денесінің тері қабаты тоңазуы мүмкін. Осындай мысалдар өте маңызды екі қорытынды жасауға көмектеседі. Бірінші: сөздердің тұрақты серіктері-ойша бейнелер болып табылатындығы. Екінші: сөздер өздерінің ойдағы бейнелері арқылы біздің ағзамызға әсер ете алады. Психикалық өзін-өзі реттеудің негізгі екі бағыты-өзін-өзі сендіру мен өз-өзіне деген сенімділік болып табылады. Өз-өзіне деген сенімділік деп өзіне-өзі логикалық ойындардың көмегімен әсер етуін айтамыз. Ал өзін-өзі сендіру кезінде логиканы қалыптастырмай санаға әсер ете алатын күшті психикалық процесс сенім пайдаланылады. Мысалы, адам бөлмеде отырып, ең көп логикалық ойларды пайдаланса да, осы сәтте теңіз жағасында жатқандай сендіре де сезіне алмайды. Ал бірақ мұндай жағдайдың мүмкін болатындығына сендіре алады. Жарақат алғанда аяғым ауырмайды деп өзінді сендіре алмайсың, бірақ өзін-өзі сендіру көмегімен ауырғанды сезінуге тырысуға болады.

Спорттық іс-әрекетте қолданылатын өзін-өзі реттеудің пайда болуы мен дамуы.

Өзін-өзі сендіру арқылы өзін-өзі әсер етуге болатындығын адам өте ертеде біздің эрамыздан бұрын білген. Әсіресе, шығыс елдерінде-Жапонияда, Қытайда, Индияда психикалық өзіндік реттеудің әртүрлі жүйелері қолданылған. Біздің эрамыздан бірнеше мыңдаған жылдар бұрын, негізгі ойларды өзін-өзі сендірумен ойлайтын, ерекше діни философиялық жүйе-«йога» пайда болған. Йоганың негізгі мақсаты-өз жеке басының «ерітілуі» мен оның құдайшылық бастауымен біте қайнасу иллюзиясы пайда болатын психофизикалық қалыпқа жету. Негізінен йога жүйесі идеалистік болса да өзінің мистикалық мақсаттарына жету үшін бір қатар материалистік әдістерді пайдаланылады. Ең қызығы олардың ішінде ағзадағы реттеуге болмайтын процестердің өзін саналы түрде реттеуге мүмкіндік беретін жандарды табуға болатындығында. Бұл жерде атап айтсақ, жүрек қызметінің қалпын өзгерту, дене қызуын көтеру немесе төмендету, және т.б.

XIX ғасырдың ІІжартысында Францияда, Германияда және Россияда науқас адамдарға көмектескен өзін-өзі сендірудің қызықты бірқатар әдістері пайда болды. Бірақ, бұл әдістер көппайда әкелсе де, өкінішке орай бізге дейін олардың ешқайсысы алғашқы

нұсқасымен жеткен жоқ. Сондықтан қазіргі медицина саласы ретінде өзін-өзі сендіру айтылды. Оның бастауы 1932 жылы неміс психиары И. Г. Шульцтің «аутогендік жаттығу» деген кітабы жарық көрген уақыт деп айтуға болады.

Бұдан сәл бұрын американдық зерттеуші Эдмун Джексон өзінің психикалық өзін-өзі реттеу әдістемесін жазып бітірді. Оның ойынша, түрлі эмоциялар кезінде қаңқаның бұлшық еттері не босаңсиды, не жиырылады. Сол бұлшық еттер босаңсығанда, адамның көңіл күйін керекті бағытқа, оның ішінде уайым, қорқыныш сезімдерді өзгертуге болатындығын дәлелдеген. Бірқатар артықшылықтар болсада, бұл жүйе еуропада аутогендік жаттығудай кеңінен таралмады. Совет Одағында Э.Джексон жүйесінің басқаша моделін спортшылармен жүргізілетін жұмысында В.П.Горовец пайдаланған. Біздің заманымызда канадалық маман Л. Персиваль ұсынған психикалық реттеудің барынша жеңіл әдістемесі де қызығушылық тудырады. Оның мәні тек екі дене механизмдерін-тыныс алу мен бұлшық еттердің жиырылуы босаңсуын пайдалану болып табылады. Бұлшық еттер жиырылғанда дем алуды тоқтатады, үйлестіріп, одан соң еркін жай тыныс шығарғанда бұлшық еттерді босаңсытып, шектен тыс уайымды толқуды қойып, өзін-өзі тыныштандыруға болады. Психикалық өзіндік реттеудің еуропалық және американдық әдістемелерін салыстыра отырып, пайдаланатын болса, ал екіншілерінде басты маңыз-дене мүшелеріне психикалық қалыпқа әсер ететін қаңқа бұлшық еттерінің тоңысуы мен тыныс алуға берілетіндігін көруге болады.

Жарыс жағдайындағы психикалық қалыптарды реттеу мен өзін-өзі реттеу тәсілдері.

Спортшыны жарысқа психологиялық дайындау жүйесі оның психикалық қалыптарының реттеу мен өзін-өзі реттеудің алуан түрлі тәсілдерін біріктіреді. Бұл тәсілдердің көп түрлілігін төмендегідей топтастыруға болады.

- мақсаты жүйкені шаршатпай, бұлшық еттер ширығуын әлсірететін жаттығулар жиынтығы;
- жарыс алдындағы қолайсыз қалыптарды, көңіл-күйді жоятын сергіту және де сергіту жаттығуларының ырғағын, ұзақтығын спортшы көңіл-күйіне қарай таңдалады;
- жаттықтырушы беделінің әсерлі күші. Спортшының әсіресе жас спортшының спорттық жарыстарға қатысу тәжірибесі болмағандықтан, бұл фактордың маңызы ерекше болады.

Бокстан жасөспірімдер арасындағы жарыста 13-14 жасар жас бала, өте толқулы болады, ол алғаш қатысуы еді. Мұны байқаған жаттықтырушы оған көңілді нәрселер айтып, оны қинап тұрған ойлардан арылтып, қатты уайымдауға негіз жоқ екендігін, бәрі жақсы болатындығына сендіреді. Нәтижесінде бала өз мақсатына жете алады. И.Шульц, О.А.Черникова мен О.В.Дашкевичтер жасаған аутогендік жаттығуы-спортшының эмоционалды қалпын белсенді өзіндік реттеудің комплекстік әдісі. Оны жарыс алдындағы қолайсыз қалыпты тыныштандыруға дене шынығуын төмендету мен жоюда қолданады. Өзіндік реттеудің бірдей әдістері барлық уақытта бірдей нәтиже бермейтіндігін ескеру қажет. Мұның себебі-спортшының жүйке жүйесінің ерекшеліктерінің әртүрлі болуында. Осыған орай, әрқайсысына тіркесу мен жеке дифференциалды жарыс алдындағы дайындықты өткізу спортшылардың төрт түрін бөліп көрсетуді ұсынады: 1) спортшының мәре алдындағы дайындығы күнделікті дайындықтан ерекшеленбейді (жүйке жүйелерінің біл қалыпты, қозғалысты) 2) мәре алдындағы жаттығу толық эмоционалды болуы керек (жүйке жүйесі инертті) 3) мәре алдындағы жаттығуда эмоционалды ширығуды төмендету керек (жүйке жүйесі қозғалысты) 4) басында 3-топтың кейіннен 2-топтың нұсқаулары пайдаланылады (жүйке жүйесінің инертті-баяу қимылдайтын).

Сонымен жарыс жағдайындағы спортшының психикалық қалпын реттеу спортшының жеке басындағы ерекшеліктеріне тікелей тәуелді болады.

Психологиялық диагностика-зерттеушіне белгілі жеке тұлға (индивид) немесе топты сипаттаушы психикалық компоненттерді бағалайтын экспериментальды әдістердің арнайы ориентациясын айтуға болады. Анықтамасында көрсетілгендей, диагностиканың елеулі

кезеңінде осы шақтағы беймәлім психикалық құбылыстар зерттермейді, керісінше, бұрынғы белгілері алдын-ала анықталған факторлар әсерімен белгісіз жағдайларда көрінетіндері: жеке тұлғалық айырмашылықтар жүктемелерге, жарыстарға бейімделуі бағаланады.

Спорттағы психодиагностика спортшы жеке басының қасиеттерін, психикалық процестер деңгейін (мысалы, құрамының жана ойыншыларының қабілеттерін анықтау үшін) жаттығу және жарыс кездерінде психикалық жай-күйлерін, жеке тұлғалар арасындағы қатынастарды бағалауға бағытталған.

Психодиагностика әдістері мен құралдарын таңдағанда зерттеуші ең алдымен төмендегі принциптерді басшылыққа алу керек:

1) Обективтілік принципі: психикалық құбылыстарды өмірде кездестіретіндей күйінде, іс-әрекеттің сыртқы және ішкі жағдайларын байланыстыра қарауды ойластырады, бұл жерде диагностика мәліметтері тәжірибе жасаушының тілегі мен мүмкіндіктерімен емес, олардың объективті мінездемесімен байланыста талдануы керек.

2) Комплекстік принцип: әдістемелерді комплексті пайдалануды немесе әртүрлі өмір жағдайларындағы эксперименттік көрсеткіштерді алмастыруды, айқындалатын элементтерді біріңғай құрылымға біріктіру үшін қолдануды және жекелеген процестер, қалыптар арасында байланыстарды орнатуды талап етеді.

3) Динамикалық принципі: кез-келген психикалық құбылысты оның мінездемесін ескере отырып, объективті дамуын тек қазіргі уақытта ғана емес, даму перспективасымен де қарастырылуы керек екендігі, диагностика жүргізілгенде әбден бекіген қасиеттері бар жоғары класты тәжірибелі спортшы жеке басында кездесетін мүмкін болатын өзгерістерді де мысалы, оның мотивациясы немесе стрессті факторлардың шексіз әсіріне психологиялық тұрақтылығын да ескеру қажеттілігін білдіреді.

4) Аналитикалық-синтетикалық зерттеу принципі: бір жағынан, психиканың кейбір элементтерін, екінші жағынан, жеке тұлғаның немесе белгілі бір психикалық жай-күйдің толық мінездемесін бөліп көрсетеді, бірақ, көбінесе диагностика осы аталған спортшы немесе команда туралы жалпы қорытындыға алып келу керек.

Диагностиканың осы аталған принциптері әдістемені таңдауға және диагностиканы ұйымдастыруға қойылатын нақты талаптарды айқындайды.

Валидтілік- бір жағынан, психологиялық эксперименттер нәтижелері, екінші жағынан, сыналушының іс-әрекеті мен жүріс-тұрыс түрлері мен формалары арасындағы байланысты көрсетеді. Ол психологиялық эксперименттің өміршеңдігін айқындайды. Кеңінен қарастырғанда тесттің валидтілігі өзі қызмет ететін қайсыбір мақсаттар мен тілектерге қаншалықты жақын екендігін білдіреді. Психолог, өз пікірінше, спортшы реакциясының жылдамдығын бағалайтын жаттығулар ойлап табуы мүмкін. Дегенмен, қандай да бір тестті орындау тиімділігі реакцияның жылдамдығына емес, жауап беруші қимылдың орындалу уақытына тәуелді.

Спорттағы психодиагностиканың жалпы принциптері мен әдістері тексерулердің мақсаты мен міндеттеріне қарай қолданылады.

1. Диагностикаға арналған әдістемелердің;
2. Спортшының жеке тұлғалық қасиеттерінің ;
3. Психикалық процестер ерекшеліктерінің;
4. Психикалық жай-күйлерінің ерекшеліктерінің;

Спорттық командалардың әлеумттік-психологиялық ерекшеліктерінің жинақтары бар.

Жекелеген спорт түрлерінің психодиаграммасын жасауға арналған бағдарлама.

1. Спорттық қимылдардың біркелкі қатаң нақтылығы (мысалы, ауыр атлетикада, жүгіруде, лақтыруда т.б.)

2. Тәсілдердің алуан түрлілігі және күрделілігі (мысалы, күрес түрлері, спорт ойындары).

3. Жалпы алғанда жарыстар ұзақтығы.

4. Кейбір қимылдардың қайталануының жиілігі мен ұзақтығы.
 5. Қимылдардың жылдамдығына қойылатын талаптар.
 6. Ақпарат процестерінің күрделілігімен құрамы.
 7. Реакция процестерінің жылдамдығына қойылатын талаптар.
 8. Оны өңдеудің күрделілігімен құрамы.
 9. Күштердің көріну ерекшеліктері.
 10. Дене төзімділігіне қойылатын талаптар.
 11. Жарыстар барысында эмоциональды қалыптардың ерекшеліктері.
- Тактика ерекшеліктері (жекелік, топтық және т.б.)

Жекелеген спорт түрлерінің психодиаграммасын жасауға арналған материалдар байқаудың жүйелі әдістерін қолдану нәтижесінде пайда болады, хронометраж, статистикалық талдау, кейбір ақпараттық әдістемелер (мысалы, реакцияметрия, динометрия т.б.) спорттық қызметтің қалыпты жағдайларында қолданылады.

Спортшының психологиялық мінездемесін жасауға арналған бағдарлама.

1. Жүйке жүйесінің негізгі қасиеттерінің көрінуі: күш салмақтылық, жүйке процестерінің қозғалмалығы, жүйелі психологиялық, педагогикалық мәліметтер бойынша.

2. Жеке тұлғаның бағыттылығы: қажеттілік, қызығушылық, еңбекке, сабаққа, спортқа деген қарым-қатынас, спорттық қызметтің мотивтері.

3. Мінездің моральді-еріктік белгілері: ұжымдық сезімі, тәртіптілік, бастамашылық, ұжымдағы қарым-қатынас.

4. Жеке тұлғаның эмоциональды көріністері: олардың интенсивтілігі, спорттағы табыстары мен жеңілістерге қарым-қатынас, жарыстар мен жаттығулардың болатын көңіл-күйлер.

5. Негізгі дене функцияларының даму динамикасы: реакция жылдамдығы, қозғалыстың қалпы, бұлшықеттік-қозғалыстық қабылдау, вестибулярлық аппараттық әсерлену, ес процестерінің тұрақтылығы мен интенсивтілігі, эмоциональды реакциялар жән т.б. Бұл көрсеткіштер спортшының психологиялық профилі түрінде көрсетіледі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1.Н.Г.Озалин, В.И.Веронин. Жеңіл атлетика. Дене тәрбиесі институттарына оқулық. ФиС, М.1972-1989ж.ж.

2.В.А.Головин және басқалар. Дене тәрбиесі. Оқулық, ФиС. М.1983ж

3.М.П.Кривонос және басқ.жеңіл атлетикалық жаттығуларды оқыту әдістемесі. Оқулық, Жоғары мектеп баспасы. Минск. 1986ж.

4.Ж.К.Холодов. Мектептегі жеңіл атлетика. Оқытушылар үшін оқу құралы. Фи.С. М.1993ж

Кусманов С.Д.

*Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі,
Қ.Жалайыри атындағы орта мектеп-гимназия,
Көксу ауданы, Жетісу облысы*

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІНДЕ ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

Аннотация. Салауатты өмір салтын насихаттауда, салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру мәселелерін жетілдіретін, осы саладағы басымдылықтарды анықтайтын ғылым да, өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу формалары мен жаңа әдістерді ұстанатын білім де қажет. Мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы алған білімдері болашақ азаматтардың денсаулығын сақтап қалуға берік тірек болады.

Тірек сөздер: Тәрбиелеу формалары, әдістер, салауаттылық мәдениеті.

Аннотация. В пропаганде здорового образа жизни необходимы как наука, совершенствующая проблемы формирования культуры здорового образа жизни,

определяющая приоритеты в этой области, так и знания, которые следуют новым методам и формам обучения, воспитания подрастающего поколения. Полученные школьниками знания о формировании здорового образа жизни станут прочной опорой для сохранения здоровья будущих граждан.

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіруі жөнінде мемлекет басшысы алға қойған міндетті жүзеге асыруда халықтың денсаулығы ең маңызды мәселе болып табылады. Қазіргі уақытта әлеуметтік жағдай, өмір сүру ұзақтығының төмендеуі және адам экологиясының қолайсыздығы бүкіл өркениетті әлем үшін көкейтесті мәселе болып отыр. Еліміздің даму бағытын бекіткен бағдарламасында салауатты өмір салтын ұстану мемлекеттік маңызы бар мәселелермен тең дәрежеде екендігі баса көрсетілген. Өмір салты мен денсаулық арасындағы өзара байланыс салауатты өмір салты ұғымын құрастырады. Салауатты өмір салтын насихаттауда, салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру мәселелерін жетілдіретін, осы саладағы басымдылықтарды анықтайтын ғылым да, өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу формалары мен жаңа әдістерді ұстанатын білім де қажет. Мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы алған білімдері болашақ азаматтардың денсаулығын сақтап қалуға берік тірек болады. Балаларды жасынан салауатты өмір салтына қалыптастыруға күш салып, зиянды әдеттерден сақтандыруымыз керек. Денсаулық тәрбиесі – ортақ мәселе. Халық санының өсуі, оның сапасы, деннің саулығы мемлекет әл – ауқатының дамуына мұрындық болады. Дене тәрбиесі сабағында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі жоғары. Білім – қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Қолда бар мүмкіндікті пайдаланып оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану, жаңа технологияны әркімнің өз сабағында пайдалану арқылы оқушы жастарды халықтың дәстүр үрдісінде адамгершілікке, салауатты өмір сүруге баулу дені сау ұрпақ тәрбиелеу дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің басты міндеті. Олай болса, оқыту мен тәрбиелеудің ой елегінен өтетін әдіс-тәсілдерін, жаңашыл педагогтардың тапқан әдістемелерін біліп қана қою жеткіліксіз, оны әркім өз мүмкіндігінше күнделікті сабақта пайдалану қажет.

Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру, сабақта тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихын, спорт түрлері дамыған елдерді спорттың әр саласындағы белгілі спортшылар өмірін алуға болады.

Сол себептен мұғалім сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ұштастыруында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі баса назарда болуы қажет. Бұл мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, спортқа бейім оқушылармен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жақсы ойлар туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуін ойластыру тиіс. Барлық оқушылар өз қабілетін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі жаттығуларды орындауға көшіп отырады. Бұл оқушылар арасындағы бәсекелестікті және әр оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасалады.

Дене тәрбиесі сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясын тиімді пайдалануға да болады. Осы технологияның шығармашылық бөлігін басшылыққа ала отырып, ой толғау жасауға болады (мысалы, дене шынықтыру сабағын ойын түрінде ұйымдастыру), сол арқылы, оқушылардың бейімділігін арттыруға болады. Күтілетін нәтиже - дене тәрбиесі пәніне деген қызығушылықтарының артуы. Оқушы шығармашылығы, өзін-өзі басқаруы, құрметі, эстетикалық талғамы да артып келеді. Мысалы, дене шынықтыру сабағында 5-6 сыныптарына сергіту сәтін алатын болсақ, өз тәжірибемде 5-сыныптарға өткізген

«Эстафеталық жарыстар» атты сабағымда, алдымен оқушыларға ой толғау жасау мақсатында, қазақтың ұлттық ойын түрлеріне тоқталдым, ұлттық ойындар туралы өз түсініктерін сұрай отырып, сабақ барысы кезінде орындатуды жоспарладым. Міне, осы арқылы оқушылар сабақтың жарыс түрінде топтық ойын әдісінде болатына көз жеткізеді. Ойлау қабілетін дамыту тұрғысында 6 сыныптар арасында «Көңілді мәре» сайысы оқушылардың ой-қабілетін, жылдамдық ерекшелігін, тез шешім қабылдауына және топтық әрекет жасауына пәндерді байланыстыра отыра кіріктірілген сабақ көрермендердің көңілінен шықты, сабақта биология, химия, математика, сурет, алғашқы әскери дайындық пен дене шынықтыру пәндерінен құралған ойындар пайдаланылды. Сабақты қызықты өткізу үшін мультимедиалық проектор арқылы қазақтың ұлттық ойындарының тарихын таныстырып өтіп, жасырылған сұрақтарды табуға машықтандыру, әр топқа белгіленген ұпай сандарына қарай бағалап отырдым. Кейін сабақ барысын: «Кім шапшаң?» бөлімі деп алып, бұл бөлімінде оқушылар белгіленген жерге дейін эстафеталық таяқшамен жүгіріп барып, белгілі жеріне жеткен кезде, тақтаға жазылып берілген есептерді шапшаң орындап шығып кейін қайтып келу талабы қойылды. Оқушылардың бұл бөлімде сабаққа деген қызығушылығының артуымен бірге машықтанады, логикалық ойлау қабілеттері артады, қимыл-қозғалыс әрекеті дамиды. Тәңертеңгілік бой жазу және сергіту жаттығулары мен бірге мектебімізде ұлттық өнеріміз «Қара жорға» биін жаңғырту үстіндеміз, биді сергіту, тәңертеңгі бой жазу жаттығуларының орнына да пайдалануға болатынына көз жеткіздік. Сондай-ақ «Спорт әлеміне саяхат» тақырыбында мультимедиалық проектор арқылы 5 сыныпта оқушылармен зияткерлік ойын сабағын өткізіп оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттатынын байқалды.

Мен алдымен жеке тұлғаның әлеуметтік құзыреттілігін дамытуды керек еттім. Сол арқылы ұжымдық зерттеуге қол жеткіздім, яғни оқушының өзін-өзі басқарудағы әлеуеті артты.

Қорыта келе дене шынықтыру пәнінің жеке тұлғаны тәрбиелеуде алатын орны ерекше. Ол оқушының дене дамуына, сондай-ақ әлеуметтік, дербес және рухани қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Мектептің білім беру жүйесінің құрамында бола отырып, дене шынықтыру оқушыларда салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған. Осындай жол арқылы болашақта салауатты әлеумет қалыптастыруға болады. Сонымен қатар, дене шынықтыру сабағындағы негізгі қағидаттардың бірі-белсенділік. Ол дене шынықтырумен айналысатындардың ойластырылған негізде, терең түсінуін қамтамасыз етіп, дене шынықтыру-спорт шараларына тұрақты қызығушылық мен қажеттілік тудыруға, сондай-ақ барынша белсенді болуға жетелеуге бағытталған. Бұл қағидатты іске асыру дене шынықтырумен айналысатындардың ойластырылған негізде, терең түсінуін қамтамасыз етіп, дене шынықтыру – спорт шараларына тұрақты қызығушылық мен қажеттілік тудыруға, сондай-ақ барынша белсенді болуға жетелеуге бағытталған. Бұл қағидатты іске асыру дене шынықтырумен айналысатындардың түрлі жаттығуларды орындау техникаларын біліп, терең түсініп, дене шынықтыру үдерісіне саналы және байсалды қарауға көмектеседі. Белсенділік – адам орындайтын іс-шаралардың өлшемі, оның жұмысқа тартылуы деңгейі. Дидактикалық тұрғыдан алғанда, белсенділік деп білім, білік және дағдыларды саналы түрде игерудің алғышарттарын, шарттары мен нәтижесін атаймыз. Қызмет теориясында (С.Л. Рубинштейн, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев) сәйкес, адамның белсенділігі-сана тәуелді факторлардың бірі. Бұл жағдайда білім, уәж, қажеттіліктер, мүдде мен мақсат сияқты санаттардың көмегімен сана іс-шараларды бағыттап және басқарып отырады.

Пайдаланылған әдебиеттер

Вывод: Изучив показания Национального центра общественного здравоохранения Казахстана и список литературы указанный ниже, можно сделать вывод, что физическая активность полезна не только для здорового образа жизни, но и действительно необходима для смягчения серьезных последствий различных хронических неинфекционных заболеваний. Рекомендуемый уровень физической активности в сочетании со здоровым питанием, может помочь восстановить и поддерживать здоровое тело и, соответственно, наполненную экстазом жизнь.

Литература

1. Hershey MS, Martínez-González MÁ, Álvarez-Álvarez I, Martínez Hernández JA, Ruiz-Canela M. The Mediterranean diet and physical activity: better together than apart for the prevention of premature mortality. *Br J Nutr* 2021;
2. Alvarez-Alvarez I, Zazpe I, Pérez de Rojas J, Bes-Rastrollo M, Ruiz-Canela M, Fernandez-Montero A, Hidalgo-Santamaría M, Martínez-González MA. Mediterranean diet, physical activity and their combined effect on all-cause mortality: The Seguimiento Universidad de Navarra (SUN) cohort. *Prev Med* 2018;

3. Martínez-González MA. The SUN cohort study (Seguimiento University of Navarra). Public Health Nutr 2006;
4. Hallal PC, Andersen LB, Bull FC, Guthold R, Haskell W, Ekelund U Lancet Physical Activity Series Working Group. Global physical activity levels: surveillance progress, pitfalls, and prospects. Lancet 2012;

Музафаров Д.Т.

2 курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: Сайтбеков Н.Д.

PhD докторы, Батыс Қазақстан

инновациялық-технологиялық

университеті, Қоғамдық пәндер жән

дене мәдениеті кафедрасы

БАСТАПҚЫ СПОРТТЫҚ ДАЙЫНДЫҚ КЕЗЕҢІНДЕ ЖАС БАСКЕТБОЛШЫЛАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫН - ҮЙЛЕСТІРУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

Спорттық резервті дайындау сапасын жоғарлату балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің ең басты міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл міндетті шешу көпжылдық дайындау жүйесін жаңартумен, оқу-жаттығу үрдісін ұйымдастыру тәсілдері мен технологиясын оңтайландырумен, дайындау мақсаты мен нәтижесін басқаша ойлаумен байланысты.

Қазіргі уақытта балалар спорт мектептері объективті, сонымен қатар субъективті сипаттағы мәселелердің көптеген мөлшерімен қақтығысады. Объективті себептерге терең толығырақ бармай жас спортшылармен оқу-жаттығу жұмыстарын ұйымдастыруда кемшіліктеріне назар аудару қажет. Бұл кемшіліктер табиғаты жоғары нәтижеге жетуге ұмтылуда баскетболшылардың уәждемелі енжарлығымен түсіндіріледі. Қалыптасқан жағдайды шешу оқу-жаттығу үрдісіне баскетболшылардың танымдылық белсенділігін дамытуға бағытталған жаңа технологияларды енгізу жолымен мүмкін. Әрбір жас спортшы тек қана өзіне тән танымдылық қызметінің ерекшеліктерімен, мінезімен, тәртібімен, эмоциясымен ие болатын ескеру керек, ол жаттығу үрдісінде саралауды қажет етеді. Жаттықтырушы танымдылық белсенділік не екенін білу, баскетболшыларда оны дамыту жағдайлары мен ерекшеліктері қандай, оқыту үрдісінде оларды тануды қандай тәсілдермен жандандыра білу қажет [1].

Балалар-жасөспірімдер мектебі қосымша білім беру мекемесі болып бұл үрдістен шетте қалмауы қажет. Жас спортшылармен оқу-жаттығу қызметіне заманауи ақпараттық технологияларды кірістіру жөнінде сөз. Спорттық дайындыққа жаңа білім беру бағдарламаларын енгізу жаттығу үрдісінің тиімділігін жоғарлатуға мүмкіндік береді, жас баскетболшылардың зияткерлік әлеуетін дамытуда жаңа мүмкіндіктерді ашады [2].

Заманауи баскетбол спортшылардың дайындығының әр түрлі түрлеріне жоғары талаптарды ұсынады: жалпы және арнайы дене дайындығы, техника-тактикалық, психологиялық және басқалары. Бұл ұлттық жинақ және жетекші клубтық командалардың деңгейінде бәсекелестіктің күшеюімен негізделген, олар құрлықтық кубоктық турнирлердің ойындарында қатысады. Сондықтан жоғары білікті баскетболшыларды дайындауды басқару жүйесінде техникo-тактикалық қызметтің көрсеткіштерін педагогикалық талдау мен түсіндіру өзекті мәселе болып табылады. Біздің елде білікті жаттықтырушы-оқытушылар кадрларымен қамтамасыз етілген балалар-жасөспірімдер баскетбол мектептерінің кең желісі әрекет етеді.

Баскетболда білікті спортшылардың техника-тактикалық әрекеттерін жетілдіру процесінде мәселелері даралауға зерттеулер арналған, онда баскетболшылардың техника-

тактикалық әрекеттерін мен жарыс үрдісін жеке факторлық құрылымын жетілдіру үрдісінде жеке тәсілдер тиімділігінің мәселелері қозғалады [4].

Баскетболшыларды дайындауды басқару үрдісінде осы көрсеткіштердің сандық және сапалық есебі жылдық макроциклдің әр түрлі құрылымдық білім берулерінде техника-тактикалық әрекеттері тиімділігінің оң динамикасына қол жеткізуге мүмкіндік беретіні көрсетілген, ол әсіресе спорттық ойындардың командалары үшін маңызды.

Кейбір авторлар заманауи баскетболда білікті спортшылар мен командалар техникалық, жалпы және арнайы физикалық дайындығында едәуір артықшылықтарға ие болмайды деп белгілейді [5].

Жарыс үрдісін әрі қарай жетілдірудің және жоғары спорттық нәтижелерге жетудің негізгі бағыты ретінде спорттық дайындықтың көрсетілген компоненттерінің салыстырмалы түрде тең болған кезде тактикалық дайындығын қарастыру ұсынылған. Одан басқа, спортшылардың антропометрикалық көрсеткіштерінің және белгілі бір техника-тактикалық әрекеттерді орындау кезінде биомеханикалық ерекшеліктерінің едәуір рөлі көрсетілген.

Сонымен қатар, баскетболдағы техника-тактикалық әрекеттер айқын ерекшелікке ие екені белгіленеді, ол жарыстың ережелерімен және оң спорттық нәтижеге қол жеткізу қажеттілігімен, турнирлік күрестің барысымен, арбитраждың әдістемелік ерекшеліктерімен, бақталастықтың және ішкі командалық бәсекелестіктің психологиялық факторларымен анықталған [6].

Ойын барысында баскетболшылар тек қана қысқа уақытта өте тиімді түрде команда бойынша серіктестерімен өзара әрекет ету қажеттілігімен ғана емес, сонымен қатар қарсылас команда ойыншыларының кедергісін еңсерумен қақтығысады, ол баскетболшылардың жедел ойлауға жоғары талаптарды қояды. Спорттық ойындардың өкілдері басқа спорттық ойын түрлерінің өкілдерімен салыстырғанда шешімдерді қабылдау жылдамдығында елеулі үстемдікке ие екені белгілі. Баскетбол ойын жағдайындағы өзгерістердің ықтималдықты тұрақты есепке алу қажеттілігімен, ал сонымен бірге эмоционалдық қиын жағдайларда шешімдерді қабылдау міндетімен байланысты, сондықтан ойында ойлаудың жылдамдығы таптырмайды.

«Уақытты сезінуді» дамыту негізінде талдағыштардың қиын кешенінің өзара әрекеті жатыр, себебі уақытты қабылдау кеңістікті қабылдаумен байланысты. Сөзсіз, әр түрлі ойын амплуасындағы баскетболшыларға уақыт аралықтарын мамандандырылған қабылдаумен ие болуы тиіс. Қорғаушылар уақытша аралықтарда 2-4 секунд жақсы бейімделу қажет, себебі бұл тікелей шабуылда және қорғаныста ойынды ұйымдастырумен байланысты. Орталық шептегі ойыншылар үшін алаңның үш секундалық аумақтың ойынына ережелермен бөлінген үш секундтық аралық маңызды. Шабуылдаушыларға бір секундалық аралықты, лақтырудың тұрақты аралығын «сезіну» қажет [7].

Дамытудың заманауи кезеңінде баскетбол едәуір түрде қарқыны артты. Бұл туралы допты меңгеру ұмтылуда ойыншылардың маневрлеу және қозғалыс жылдамдықтарын жоғарлату көрсетеді. Ойын жылдамдығы едәуір түрде жоғарлады және сақиналы торқалтаны шабуылдауға бөлінген уақыттың аралығының өзгеруіне байланысты болды. Ойын өте қарқынды болды және ойыншылардан үлкен физикалық күш-жігерін қажет етеді.

Көріп отырғанымыздай, ойыншыларды қызметі бойынша бөлу өз мәнін жоғалтпайды. Оларды қызметіне қарай бөлместен толық әмбебап баскетболшы шығару қате, себебі ол ойыншылардың морфологиялық ерекшеліктерін, олардың қандай да бір жарыс міндеттерін шешуге бейімділігін және қабілеттілігін ескермейді. Ойыншыларды қызметіне қарай тиімді бөлу олардың өз мүмкіндіктерін толық ашып көрсетуге барынша қолайлы жағдай қолайлы жағдай жасайды, демек әрбір ойыншыны команда ұжымының ортақ мүддесі үшін тиімді пайдалануға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Макаров Ю.М., Сысоев А.В. Диагностика познавательной активности баскетболисток 13-15 лет в учебно-тренировочном процессе в специализированной детско-

юношеской спортивной школе олимпийского резерва // Научно-теоретический журнал «Ученые записки», – 2012. - № 1 (83). -Б. 83.

2. Макаров Ю.М., Сысоев А.В Развитие познавательной активности с использованием трех факторного сопровождения учебно-тренировочного процесса баскетболисток 13-15 лет // Научно-теоретический журнал «Ученые записки», – 2012. - № 3 (85). - Б. 112.

3. Платонов В. Н. Спорт высших достижений и подготовка национальных команд к Олимпийским играм. Отечественный и зарубежный опыт: история и современность / В. Н. Платонов. - М.: Сов. спорт, 2010. - 312 с.

4. Платонов. В. Н. Периодизация спортивной тренировки. Общая теория и ее практическое применение / В. Н. Платонов. - К.: Олимп. лит., 2013. - 624 с.

5. Козина Ж. Л. Индивидуализация подготовки спортсменов в игровых видах спорта / Ж. Л. Козина. - Х.: Точка, 2009. - 396 с.

6. Бондарь А. И. Принципы современной тактики позиционного нападения в баскетболе / А. И. Бондарь, В. А. Иванский, В. Ф. Фомин, Л. Г. Лаврова // Ученые записки. - 2012. -№ 15. - Б. 106-112.

7. Дорошенко Э. Показатели технико-тактической деятельности как фактор управления подготовкой баскетболистов высокой квалификации//Журнал Наука в олимпийском спорте. – 2012. - № 3 (85). -Б. 17-22

Мукажанов Н. К.

заведующий кафедры «Физическая культура и спорт

Бейсембеков М. Б., Мулькбаев Ж. С. магистранты 2 курса

Өзгерисхан Н. преподаватель, магистр

НАО Университет имени Шакарима г. Семей

ВОЛЕЙБОЛ ОЙЫНЫНЫҢ ТЕХНИКАСЫН ЖІКТЕУ

Ойын техникасы – жарыс нәтижелерін қамтамасыз ететін арнайы амалдар мен орындайтын тәсілдер: тұрыс және ауыстыру, беру, беруден допты алу, шабуыл ұрыс үшін беру, шабуыл ұрыстар мен жалған әрекеттер, тосқауыл, алаңның түбінде шабуыл ұрыстар мен жалған әрекеттерден допты алу, шабуыл ойыншыларын және қорғаныста серктестерді сақтандыру.

Негізгі техникалық амалдарды ерекшелейді: беру, әрі қарай беру, шабуыл ұрыс, беруден допты қабылдау, тосқауыл, және әртүрлі ойын жағдайларында негізгі амалдардың орындауын қамтамасыз ететін немесе олардың құрамдас бөлігі болып табылатын (секіруде, құлауда, төмен немесе жоғары тұруда, әрі қарай беру, секіруде беру, жүгіру ұмтылысынан секірудегі шабуыл ұрыс) қосымша (ауыстыру, тұрыс, секірулер, құлау).

Әрі қарай беруді орындау техникасы

1. Орнықты тұрыстан алдыға әрі қарай берулер.

Ойыншы доппен кездесетін болжаулы орынға қадаммен немесе жүгіріспен жылжу. Соңғы өкшелі қадамда өкшелерді бір-біріне параллель иық деңгейі немесе келесі беру бағытына байланысты бірінің алдына бірі қою орынды болады.

Бастапқы жағдайда (БЖ) аяқтар тізеде бүгілген, қолдардың үлкен саусақтары қастардың деңгейінде орналасады. Сұқ және үлкен саусақтар үшбұрыш құрайды, одан ойыншы жақындаған допты бақылайды.

Қолдың саусақтары біріктірілген, сопақ қалпы бар, және тиімді қозғалыста өзінше ожау құрайды.

Доп таянғанда аяқ тізеден бүгіледі, және денені жоғары көтереді. Шамалыдан соң қол кіріседі – олар допқа ұшу бағытын береді, аяқ тез және жылдам бүгіледі, ал қол доптың ұшуын қамтамасыз етіп, жай бүгіледі. Қолдың саусақтары бүгілу жағдайын сақтайды, онда алақан әрі қарай берудің бағытына перпендикуляр болады.

Допты ұру кезінде, үлкен саусаққа доптың амортизациясы бойынша негізгі салмақ түседі, сұқ саусақ білезік буынының негізгі бөлігі, ортаңғы аз мөлшерде, аты жоқ саусақ пен кіші саусақ ұшу бағытын реттеп, допты бр жақты бағытта ұстап қалады.

Доп ұшқаннан кейін қолды белгілеу қозғалыспен қоса аяқталғаннан толық тоқтағанға дейін ұсынылады.

Егер доп ұшу кезінде айналмаса немесе аз айналса (сағат тілі бойынша) — әрі қарай беру, дұрыс.

2.Тоқтау кідіріс жасау, артқа қарай лақтыру жағдайы.

Артқа қарай лақтыруды, бір аяқ екінші аяқтан алға қарай тұру жағдайында орындаған дұрыс. Қолдар білезіктермен бастан жоғарыдай етіп қойылады. Ұру қозғалысында бірінші аяқтар түзеледі және ойыншы бір уақытта дененің кеуде кеуде және бел бөліктерінде еңкейеді. Содан кейін жұмысқа қолдар қосылады: олар шынтак буында ашып көтереді. Әрі қарай берудің ұшу бұрышы, биіктігі және бағыты белде еңкею мөлшерімен реттеледі.

3.Секіріп тұрып екі қолмен лақтыру – шабуыл, ұрыс үшін арналған секіру ретінде.

Ұшу барысында қолдар бастан жоғары шығарылады және де треліп тұрып лақтыру жағдайындағыдан гөрі биігірек, үлкен саусақтар бастың деңгейінде орналасады.

Алаңдату әрекеттерімен лақтыру.

Бұның мәнісі – дайындық фаза бір техникалық амалдан, ал негізгісі – басқадан тұрады. Мұндай лақтырудың мысалы ретінде «лақтырып жберу» болады.

Дайындық фазада ойыншы екпін, сермеу – тура шабуыл ұрысты орындауға тән барлық әрекеттерді орындайды. Бірақ қол сермеу жағдайында белгіленбейді.

Ойыншы ұшудың жоғары нүктесіне жетп, денесін торға перпендикуляр бұрып, бір уақытта «ұратын» қолын басының артына түсіреді де басқа қолын секіріп тұрып лақтыру үшін бастапқы жағдайға көтереді.

Артқа қарай лақтыру кезінде алаңдату осылай орындалады. Ойыншы барлық өзінің түрімен алдыға қарай лақтыратынын көрсетеді, бірақ соңғы сәтте ол доп басынының үстінде болуы үшін доптың астына жылдам тұрады да, артқа қарай лақтыру техникасымен байланысты барлық қимыл-қозғалыстарды орындайды.

Әрі қарай беру әдісінің техникасы

Бастапқы жағдай – аяқ иықтың бойымен бірдей, параллель немесе екіншісімен алға (келесі әрі қарай берудің бағытына байланысты) тізеден бүгілген. Қол түзелген және алға-төмен бағытталған, шынтак жақындасқан, саусақтар біршама байланысқан. Кеуде аздап алға бұрылған әдісті жүзеге асыра отырып, ойыншы әрі қарай беру кезінде доп алдында тұратындай етіп тұрады.

Доп саусаққа жақындап иықпен қабылданады. Түзу қол қозғалысымен алға-жоғары иық буынымен ғана жүзеге асырылады. Кеуде түзеліп, аяқ бүгіледі.

Допқа ілесетін қимыл-қозғалысты аяқ және кеуденің бүгілуімен, қолдың алға-жоғары жылжуы, доптың соңынан кеудені түзеп, аяқты бүгіп түзеледі. Бұл амалдың техникасы ойыншыға доптың ұшу жылдамдығымен және оның траекториясының биіктігіне байланысты. Доп белдік деңгейінен төмен баяу ұшқанда, ойыншы нық тұрғанда, оны төменнен қолдың алға-жоғары түзелген қозғалысымен қабылдайды.

Кейде допты оның бір жағынан ұшып бара жатқан кезінде ұстауға тура келеді. Бұл жағдайда ойыншы доп жаққа бұрылады, біріккен қол келе жатқан допты қағып алады. Кеуде доптан басқа жаққа бұрылады, сол кезде бір иық доп ұшқан жаққа қарай көтеріліп, екінші иық түседі. (егер қолдар допқа қарай бағытта ашық болмаса, ол сол жаққа бағытталады).

Шабуыл ұрыс.

Шабуыл ұрыстар иықтың көлденең өсі бойынша, әрі қарай беру сипатына, бағыты бойынша және ұрғаннан кейін доптың ұшу жылдамдығы, атака сипаты бойынша бөлінеді.

Ұрысты иықтың көлденең өсі орналасуы бойынша бөлінеді:

- Түзу

- иықтың көлденең өсі ұрыс кезінде тордың жазықтығына параллель;

- бір жақты
- иықтың көлденең ұрыс кезінде тордың жазықтығына перпендикуляр немесе үшкір бұрышта болады.

Әрі қарй беру сипаты бойынша:

- ұшу траекториясының жоғарғы нүктесіне жеткеннен кейін түсетін өлшенген доп бойынша;

- ұшу траекториясының жоғарғы нүктесіне жеткеннен кейін ұмтылып, шығаратын доп бойынша;

- ұшу траекториясының әр түрлі нүктесінде өлшемделген доп бойынша;

Ұрғаннан кейін доптың бағыты және ұшу жылдамдығы бойынша

- кадам бойынша

- ұрғаннан кейін доптың ұшу бағыты шабуыл жасаушы ойыншының жүгію бағытымен шамамен сәйкес келеді;

- бұрылумен

- ұрғаннан кейін доптың ұшу бағыты шабуылшының жүгіруімен сәйкес келмейді.

Шабуыл сипаты бойынша:

- Ұрғаннан кейін доптың ұшуының жоғары бастапқы жылдамдығына көңіл бөлінгендегі күшке (бағыты есепке алынбайды);

- ұрғаннан кейін доптың бағытына ғана көңіл бөлінгендегі дәлдік;

- бір қолмен орындалатын жалған шабуыл әрекеті, екі қолмен орындалатын жалған шабуыл әрекеті.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Беляев А.В. Обучениетехникеигривволейболиеесовершенствование. - М.: ВФВ, 1995.
- 2 Железняк Ю.Д. Подготовка юных волейболистов. М., Ф и С, 1862.
- 3 Ивойлов А.В. Волейбол для всех. М., Ф и С, 1979.
- 4 Фурманов А.Г. Начальное обучение волейболистов. Минск, 1976.
- 5 Платонов В.Н. Общая теория подготовки спортсменов в олимпийском спорте. Киев 1997.

Мусағалиев А. Т.

2 курс магистранты

М.Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қаласы, ҚР

ГРЕК-РИМ КҮРЕСІМЕН АЙНАЛЫСАТЫН ЖАС СПОРТШЫЛАРДЫҢ ТӘРБИЕСІ МЕН СПОРТТЫҚ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жасөспірімдердің жас ерекшеліктерін біліп, оқытушы көрсету оқулығын көбірек пайдалану керек. Техниканы үлгілі көрсету қажет және дұрыс негізгі бөлшектерін бейнелеп түсіндіру. Жасөспірімдер олай өтпеген сәтте дұрыс емес қимылдар меңгереді және дағдыланады. Техниканы үлгілі көрсету қажет және дұрыс, негізгі бөлшектерін бейнелеп түсіндіру. Жасөспірімдер қарсы жағдайда дұрыс емес қимылдарды меңгеріп және дұрыс емес дағдыны шығарады. Оқытушы оқу құралдары оқушылардың дене дамуының мүмкіншілігіне келуіне қадағалау керек. Егер оқу материалдары дене дайындығының күшін керек етсе, ал айналысушылар оған дайын болмаса, онда оны үйретуді кейінге кеш мерзімге қалдыру керек (мысалыға, артқа иіліп лақтыруды үйретуді). Басқа оқиғада айналысушылар күрделі үйлестіру әдістерін қабілеттілігін меңгереді, дене дайындығының күші онша керек етпейтін, мысалыға, қолынан жұлқып ауыстыру. Бұл әдісті жаттағудың бірінші айында үйретуге болады. Жасөспірімдерді жарысқа олардың дайындығын есепке алып қатыстыру керек [3].

Жасөспірімдерді күреске үзіліссіз және біртіндеп үйрету қажет. Қайталағанда бұрын үйренген материалды дәл шығаруға назар аударуға және байқалған кемшілігін уақталы

дұрыстау барысында жасөспірімдер жасында бірінші дәрежелік маңызына жан жақты дене дайындығы керек.

Оған кіретін: мүсінін дұрыс құру, жан жақты дене дайындығы, қимылдық дағдыны құру, техникалық қимылдарды меңгеру үшін дене қасиеттерін дамыту, жеткілікті қасиеттерін дамытуын шыңдау.

Балуан күші дегеніміз— күрес үстінде бұлшық ет күшін пайдалану арқылы қажетті қозғалыс жасап, өзіне қарсы бағытталған күштерді жеңу.

Спорттық күрестен жасөспірімдерді оқыту және жаттығу бекітілген бағдарламаға сәйкес орындалады. Бағдарламаның материалдары өте кең және қиын. Оны меңгеру үшін жасөспірімдерге ересектерге қарағанда ұзақ уақыт керек етеді. Бағдарламаны ойдағыдай меңгеру, жаттығу барысында тәрбиелік мінездемесінен өту қажет.

Тәрбиелік мақсаты қалай шешілсе, содан жас адамның әрі қарай қызметіне байланысты болады. Қатысушыларды мақсатқа және міндетке түсінуге үйрету керек, олардың жолдарын және құрамын шешуге, табыстарын және кемшіліктерін талдауға. Алға қойған мақсаттан басқа, жақын арадағы міндеттерін анықтау өте маңызды. Мысалыға: анықталған әдістің техникасын меңгеру, серігіне көп әдістерді жасау т.б. Жақын араға міндет қойып, бір әдістің техникасын меңгеріп, жаттықтырушы бұл не үшін керек екенін көрсетеді. Кішкене уақыт аралық арқылы, жасөспірім сол әдістің техникасын меңгерген соң, ол қанағаттанарлық алады. Сондықтан өзінің қимылдарына дұрыс баға беруіне үйрету маңызды. Мұны әр жаттығуда орындау қажет. Егер жасөспірім сәтсіздігінің себебін анықтай алмаса, онда жаттықтырушы оның дұрыс жауабына әкелдіру қажет. Сондай қимылды басқа әдісте көрсету. Әсіресе жасөспірімдер жеңілісіне қатты күйзеледі. Сондықтан жаттығушы жеңілістің себебін ашуға көмектесу қажет, алда қалай жеңу үшін жаттығуларды не және қалай істеу екенін көрсету керек. Сөйтіп қатысушылар біртіндеп өздері өзінің қимылдарын және істерін талдауға үйреніп кетеді [4].

Спорттық күреспен жастар 10-нан 18 жастың аралығында айналысуға мүмкіндігі бар. Бұл кезеңде организмнің өсуі әрі қарай жалғасады. Мүшелердің және организмнің жүйелерінің дамуы бір-бірінен бөлек өтілмейді, бір-бірімен өзара қимылмен, олар біртұтас бүтіндей процесс.

Кейбір органдардың және жүйелерінің өсу процесі тек сан жағынан ғана өзгеруі байқалады, сондай-ақ мәнді сапалы жылжиды. Тағыда, бір жаста бола тұра мәнді жекелей айырмашылығы болуы орын алады. Физиологиялық процесстердің ағым қарқыны бірқалыпты болмауына байланысты. Сондықтан біз дене дамуы, қарқыны және салмағы әртүрлі адамдармен кездесеміз. Осылардың бәрі жасөспірімдердің әртүрлі жастағылардың арасындағы шекаралық деңгейін анықтауда жиі қиындыққа соғады. Іс-тәжірибе көрсеткендей, күреспен айналысуға жасөспірімдерді жастық ерекшеліктерін есептеп 4 топқа бөлген дұрыс: 13-14 жас және үлкен жасөспірімдер 15-16 жас және 17-18 жас. 12-18 жас жыныс жүйелерінің жетілуі кезеңіне дәл келеді. Жұмыс жүйелерінің жетілу процесіне байланысты өзгеруі, организмнің барлығына өзінің әсерін тигізеді. 12-15 жаста дененің ұзындыққа өсуі өтеді, сондай-ақ гипофиз және қалқан бездері қызметінің күшейтілуімен сәйкес келеді. Жасөспірімдердің денесінің ұзаруынан бас бейнесі сүйектердің өсуімен байланысты және жылына 9-10 см құрастырылуы мүмкін. Бірақта омыртқасының, көкірек клеткаларының, тазының және төмен жақтарының сүйектенуі бітпейді. Ересек адамдарға қарағанда байланыс аппараттары жұмсақ. Осы ерекшеліктерін есептеп, күшті және иілгіштікті дамытатын жаттығуларды абайлап қолдану қажет. Бұларды артықша қолдану сүйектердің өсуіне қарама-қайшы әсерін тигізуі мүмкін және мүсінінің дұрыстығына әсерін тигізеді. 16-18 жаста өсу қарқыны азайыпқырайды және жасөспірім жылына шамамен 3 см-ге өседі [5].

12-15 жастағы жасөспірімдердің ет бұлшық еттері ұзындыққа тағыда қарқынды өседі, көлденеңіне қарағанда және 15 жаста денесінің барлық салмағы 32 пайызға құрастырылады. Жасөспірімдердің ет жүйелерінің функционалдық мүмкіншілігі, ересектерге қарағанда төмен. Осыдан күшке және төзімділікке арналған жаттығуларды

қолдану қатаң регламенттік болу қажет және жүктеменің ұлғаюының сатысы оған бейімделуінің өлшемінде.

Профессор В.С.Фарфельдің ізденісінде көрсетілген, 13-15 жаста қимыл анализаторларының қалыптасуы аяқталады. Осыған байланысты, 15 жастан бастап күшті мақсаттылықпен дамытуға мүмкіншілік туады. Еттердің тканьдары қуатты өседі және 17-18 жастағы жасөспірімдердің денесінің салмағының 44% жетеді, сондықтан дене қуаттылығын керек ететін техникалық қимылдарды үйренуге мүмкіндік туады. Сонымен бірге жасөспірімдердің буындарының және әсіресе іш еттерінің әлсіздігі байқалады. Мұндай жағдай жаттығуларды байқап қолдануына керек етеді, қалайда жасөспірімдердің әдістемелік сабағында олардың жүрек тамыр жүйелеріне (ж.с.ж) ерекшеліктерін есептеу керек. Жасөспірімдердің қан қысымының ұлғаюы белгіленеді. Артық жүктеме алғанда олардың жүрегі ауыруы және басы айналуы байқалады. Шаршау жағдайы жеңіл байқалады. Үзбей жаттығудың нәтижесінде бұл қайшылық көрініс біртіндеп ғайып болады. Үлкен шыдамдылықты керек ететін жаттығуларды қолданғанда, жүректің гипертрофиясына әкелуі мүмкін. Жүректің артық қуаттылығын қайтару үшін жүктемені қатаң біртіндеп ұлғайту қажет [6].

Қандайда болмасын қозғалысты және жаттығуды орындау кезінде барлығында ортақ әдістеме түрлері болады. Олар:

- Жай, қарапайым қозғалысқа жаттығу. Оны орындау әр адамға жеке-жеке беріледі.
- Қарапайым қозғалысты орындау кезіндегі адам қабілеті алдыңғы жаттығуды игеріп алғаннан соң, келесіге көшу тәртібі сақталады.

- Қозғалысты, жаттығуды кеңістік пен уақыт аралығында орындау.

- Қарапайым қозғалыстармен жаттығуларды күрестегі әдістерді меңгергеннен кейін ғана орындату дұрыс болып келеді.

- Жаттығуды орындауды жетілдіруге қойылатын педагогикалық талап.

- Жаттығудың қайталануы мен оның сапалы орындалуын арттыруға арналған бағытта жүргізіледі.

Қорытынды. Грек-рим күресінің айрықша ерекшеліктері және спорттық күрес түрлері бойынша құрама командалардың спорттық резервін даярлауда Грек-римтың ұлттық күресінің мүмкіндіктері» атты бөлімінде тек грек-рим күресіне тән ерекшеліктер мен жарыс ережелері, жекпе-жекті жүргізу шеберлігі мен әдісі, жеңіске жетудің бірегей әдістері мен тәсілдерін қалыптастыруға, қолданылатын тәсілдердің сапасы мен тиімділігін жақсартуға септігін тигізетін әдістер, көрсетілген ерекшеліктерді зерттеу нәтижелері талқыланады. Сонымен бірге спорттық күрестің олимпиялық және халықаралық түрлеріне қатысты жеңіске жетудің тәсілдерін орындау әдістерінің белгілі бір ұқсастықтары мен қолданылуы, қолданылатын құралдары мен күресу әдісі талқыланады, бұл әсіресе киіммен күресу спорттық түрлеріндегі және жас спортшылармен жұмыста грек-рим күресі бойынша құрама командалардың спорттық резервін даярлауға мүмкіндік береді. Бұдан басқа спорттық күрестің басқа түрлері өкілдерінің тиісті дайындықтан кейін грек-рим күресінен жарыстарда ойдағыдай өнер көрсету мүмкіндіктері талқыланады, бұл қолда бар жарыстарды өткізу практикасымен расталып отыр. Грек-рим күресі бойынша жарыстардың ережелері күресті түргеп тұрып жүргізуге ғана мүмкіндік береді, бұл төрттағандық күреске оқыту қажетінсіздіктен түргеп тұрып күресу әдісін игеруге оқыту уақытын қайта бөлуге септігін тигізеді. Спорттық жетістіктердің жарыс қызметі мен қарқын деңгейін талдау күрескердің техника-тактикалық қалыптасуын педагогикалық бақылаудың маңызды факторы болып табылады. Жарыстарда үйрену тәсілдердің орындалу сенімділігін, жіберілген әдіс-айлалық қателіктерді ғана емес, сондай-ақ күрескердің психологиялық қасиеттерін, күрестің қолданылушы тәсілдері мен алайылық түрлілігін талдап, күресте жеңіске жету техника мен тактикалық әдісіндегі инновацияларды зерттеу және орындалған жаттығу жұмысының өнімділігін тексеріп, осы негізде оны болашақта түзеу қажет. Республикалық және қалалық жарыстарда (Нұр-Сұлтан қ.) Грек-рим күресі бойынша ұстасуларды бейне және нотациялық жазу әдістерін қолдану арқылы күрескерлердің жарыс

қызметінің материалдары жинақталып, өңделді. Жүргізілген зерттеулерге сәйкес грек-рим күресі бойынша талданушы жарыстарда қолданылатын барлық тәсілдер тобынан күрескерлер ең белсенді және нәтижелі түрде «санмен аяқ сыртынан не ортадан қағып түсіру» әдстерін қолданды. Әрі қарай қолдану көрсеткіші бойынша «жамбасқа алып лақтыру», «кеудеден ұстап қағып жығу» (қарсыластың сыртынан адымдап не тепе-теңдіктен шығарып және т.б.), «арқалап алып лақтыру» және «табанмен қағып түсіру» әдіс топтары жиі қолданылады. Жоғарыда аталғандардан басқа грек-рим күресі бойынша жарыста жиі және нәтижелі қолданылатын тәсілдер тобына қайыра «жағадан жұлқып жығу» «сирақпен іліп жығу», «қарсыластың аяғын орап лақтыру», «кеудеден асыра тастау» және «иықтан асыра тастау» (қарсыластың қолынан ұстап кеудесіне таянып) әдіс топтары жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Гергенова О.О. История развития вольной и греко-римской борьбы в Иркутской области / О. О. Гергенова, Н.А. Булычева // Проблемы и перспективы формирования здорового образа жизни в информационном обществе: Материалы международной научно-практической конференции, Молодежный, 26–28 октября 2016 года. – Молодежный: Иркутский государственный аграрный университет им. А.А. Ежевского, 2016. – С. 63-67.

2. Тарабрина И.В. Тренировочный процесс в подготовительном процессе юного борца греко-римского стиля / И. В. Тарабрина. — Текст: непосредственный // Проблемы и перспективы развития образования: материалы VII Междунар. науч. конф. (г. Краснодар, сентябрь 2015 г.). — Краснодар: Новация, 2015. — С. 112-116.

3. Корженевский А.Н. Диагностика тренированности борцов / А. Н. Корженевский, В.С. Дахновский, Б.А. Подливаев // Теория и практика физической культуры. – 2004. – № 2. – С. 28 – 32.

4. Саенко В. Г. Упражнения с отягощением на занятиях со студентами-единоборцами / В. Г. Саенко, А. В. Дубовой // Проблемы и перспективы развития спортивных игр и единоборств в высших учебных заведениях // Сб. статей XI Междунар. науч. конф., 6 февраля 2015 года. – Белгород – Харьков – Красноярск : ХГАФК, 2015. – С. 129 – 131

5. Подливаев Б.А. Анализ соревновательной деятельности борцов вольного и греко-римского стиля на олимпийском турнире в Сиднее / Б. А. Подливаев // Теория и практика физической культуры. – 2001. – № 9. – С. 33 – 38.

Нарықбай Р. Т.

Орынбек Н. Н.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы

Халықаралық қазақ-түрік университеті Түркістан, ҚР

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ АРҚЫЛЫ АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫН ЖАҚСАРТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аннотация. Бұл мақалада дене тәрбиесінің жаратылыстану-ғылыми тұрғыда бағасын, қимыл-қозғалыс белсенділігінің физиологиялық негіздерін, дене тәрбиесі мен спорт құралдарын қолданудың денсаулық үшін маңыздылығын нақты мысалдармен қарастырылған, ал “Дене тәрбиесінің жоғары оқу орындарында студенттердің денсаулығын арттырудағы алатын орны” студенттердің салауатты өмір салтының негіздері мен дене жаттығуларын пайдалану гигиенасы, студенттердің дене шынықтыру-сауықтыру қызметін ұйымдастыру және студенттердің қозғалыс белсенділігі мен жұмыс қабілетінің режимі туралы зерттеу нәтижелері қарастырылған.

Тірек сөздер: Адам физиологиясы, спорттық физиология, спорттық медицина, спорттық педагогика және психология, дене мәдениетінің ілімі мен әдістемесі.

Мәселенің өзектілігі: Бүгінгі таңда Қазақстан тәуелсіз ел болғаннан бері қарай, бұрынғы коммунистік қоғаммен салыстырғанда өмір тіршілігі түбегейлі өзгерді. Әр адам өзінің денсаулығына өзі жауап береді.

Міне, осы тұрғыдан алып қарағанда, жалпы денсаулық сақтау жүйесінде емделу жаттығуларының өзіндік орны бөлек. Қазақстанда денсаулық жүйесінің қалыптасуы негізінен үш бағытта анықталады:

- валеология ғылымы - аурудың алдын алу;
- медицина ғылымы - негізгі емделу жүйесі;
- емделу жаттығулары - адамның өз бетінше емделу жүйесі.

Қазіргі кезде Қазақстан халқының, оның ішінде жастардың денсаулығы төмен деңгейде. Тек, бір көрсеткіш - әскер қатарына шақырылған жастардың 50 %-ы дене дайындықтарының нашар дамуына және денсаулықтарына байланысты қорғаныс күштерінің қатарында қызмет атқаруға жарамсыз.

Бұл қауіпті жағдай Қазақстан үкіметін, әскери ұжымдарды, педагогтарды, дәрігерлерді, ғылымдарды шындап толғандыруда.

Мақсаты: Организмнің өзінің қызметтік көрсеткіштерін өзгерту және әртүрлі жағдайларда үйлесімділігін сақтау қабілеті - денсаулыққа тән өлшемнің белгісінің көрсеткіштерін анықтау, салауатты өмір салтының физиологиялық негіздерін іріктеп көрсету, студенттердің денсаулығын сақтауда және сауықтыруда дене тәрбиесінің маңыздылығын айқындау ;

Міндеттері:

- организмнің қызметтік мүмкіндіктерін, яғни оның жұмыс қабілеттілігін және қолайсыз әсерлерге төзімділігін арттыра отырып жетілдіретін жаттығулардың маңызын көрсету;

- қазіргі өмір жағдайында туындайтын қозғалыс белсенділігі жеткіліксіздігінің орнын толтыратын дене жаттығуларын іріктеу;

- тек сауықтыру құндылығы ғылыми негізделген қолданылатын дене тәрбиесінің құралдары мен әдістерін көрсету;

- дене жүктемелері шұғылданушылардың (оқушылардың, студенттердің, егде адамдардың, т.б.) мүмкіндігіне сәйкес жоспарланатын дене жаттығуларының мөлшерін анықтау.

Адам өзін-өзі реттеп, қалыпқа келе алатын және өзін-өзі жетілдіру қабілетіне ие биологиялық тіршілік иесі. Бұл ретте, әңгіме дене тәрбиесі мен спорттық жаттығу процесінде қол жететін денені жетілдіру туралы болып отыр. Адам ағзасының негізгі биологиялық компоненттерін клеткалар, тканьдер, органдар мен негізгі жүйелер (жүрек-қан тамырлары, тыныс алу, жүйке жүйесі, қозғалыс-тірек аппараттары және басқалар) құрайды.

Біздің денеміз сүйек, ет, нерв тканьдерін құрайтын жекелеген клеткалардан тұрады. Клеткалар, тіпті бойдың өсуі тоқтағаннан кейінде тұрақты өсу (беліну) қабілетіне ие.

Өз денеңізде пайда болған жарақат, сызат және т.б. еске түсіріп көріңізші - жарақаттар белгі, тыртық, із қалдыра біртіндеп жалғайтын тканьдермен қапталады.

Адам ағзасының барлық мүшелері мен жүйелері бекітілген сұлба - сүйек қаңқасы болып табылады, ол 200-ден астам кішкене және үлкен сүйектен тұрады.

Негізгі сүйектерте, бас сүйегі, омыртқа, бұғана, жауырын, кеуде сүйегі, қабырға, қолдың қары, жамбас сүйегі, шынтақ, саусақтар, сан ұршық табан сүйектері, аяқтың башпайлары және басқалар жатады.

Балалық жаста шеміршектердің қаңқа тканьдеріне ауысуы жүріп жатады, сүйек жүйесінің дамуы жан-жақты өсуімен сипатталады. Жас ұлғайған сайын сүйектердің химиялық құрамы өзгереді, кальцийдің, фосфордың, магний тұздарының құрамы артады, өзі сүйектердің беріктілігін арттырады, олардың кейбіреулері үлкен ауырлықтарды көтеруге шыдайды. Бұл ретте сүйектің дамуы бұлшық ет тканьдерінің дамуымен тығыз байланысты екендігін еске алу керек. Түрлі өмір салты және қозғалыс белсенділігінің

әсерімен немесе әрекетсіздікпен сүйек өзінің химиялық құрамын өзгертіп қана қоймайды, оның нәтижесінде ол берік немесе өте осал болады, өзінің формасын да өзгертуі мүмкін.

Дене жаттығулары және спортпен жүйелі айналысу қаңқаның қалыптасуына үлкен әсер етеді. Омыртқалар нығаяды, ондағы қажетсіз қисаюлар жойылады. Кеуде көлемі кеңейіп, жақсы мүсін қалыптасады. Нашар тұлға тек эстетикалық фактор еместігін есте ұстаған жөн. Бүкірлік, кеуденің еңкіш болуы дененің ішкі мүшелерінің қалыпты жағдайда жұмыс жасауына мүмкіндік бермейді. Омыртқалардың қисаюы қан тамырларының қысылуына, жүйкенің бұзылуына әкеп соқтыруы мүмкін.

Белсенді қозғалыс қызметінің әсерімен сүйектердің сыртқы түрі мен ішкі құрылымы өзтеріске ұшырайды. Сүйектердің маңындағы еттер қалыпты қатая бастайды. Еттермен байланысқан жерлерде сүйектер де жуандай бастайды. Осында кедір-бұдыр көбейеді де, оған еттеті сіңірлер бекиді, нәтижесінде сүйектің ет сіңірлерімен бірігуі жақсарады.

Адам денесінің барлық қозғалысы ет жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Адамның қаңқа сүйектерінде 600-ден астам бұлшық ет бар. Ерлерде бұлшық ет дене салмағының 35-40%-ін құрайды. Әйелдерде біршама аз, ал спортшыларда 50% және одан да көп болуы мүмкін[1].

Бұлшық еттер адамның белсенді қозғалысы мен тік қалпын сақтайды, ішкі дене мүшелерін белгілі бір қалыпта ұстауды, тыныс алуды қамтамасыз етеді, қан айналысын күшейтеді, жылуды реттеуге қатысады.

Бұлшық ет талшықтары жалғастыратын тканьдермен бір шоғырға (жуан және жіңішке) байланысқан, ал еттің өзі қаңқа сүйектеріне сіңірлер арқылы жабысып тұрады (ет бекитін сүйектер, әдетте кедір-бұдырлы болып келеді. Еттер бір немесе бірнеше буындар арқылы өтуі мүмкін. Адамның еңбек, спорттық жұмысына және тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз ететін олардың кейбіреуін атайық. Бұл қаңқа сүйектері деп аталатын - білек сүйектер (қолдар мен саусақтардың бүгіп, жазатын), қолды шынтақ буынынан жазатын кіші трицепс, қолды көтеретін тарам-тарам еттер (дельта түріндегі), иықты көтеріп ұстайтын және басты артқа шалқайтатын трапеция түріндегі еттер, үлкен қимылдарда және жаңға қолды созғандағы қозғалыстарды қамтамасыз ететін еттер.

Ірі еттер аяқтарды жамбас-сан буындарынан бүтетін және айналдыру қозғалысын қамтамасыз ететін еттер жатады.

Анық байқалатын еттерге жүріс, жүгіру секілді және жүгіру-жүру, спорттық ойындар және басқа көптетен басқа циклдық қозғалыстарды қамтамасыз ететін аяқ балтырының еттері жатады.

Спортпен шұғылдану барысында өкшенің сіңірі, ал кейде табанның ұсақ еттері көптеген қиындықтар туғызады.

Жүйелі қозғалыс белсенділігі болмаған кезде еттердің, сіңірлер мен буындардың иілгіштігі болмайды.

Әрбір ет жиырылу арқылы жұмыс жасайды. Қаңқаның әрбір қозғалмалы буыны түрлі бағыттарға еттер арқылы созылады. Керекті бағытқа буындардың ауысуы бір еттердің босаңсуы мен екінші бір еттер тобының бір мезгілде жиырылуы есебінен жүзеге асады. Сондықтан да дене жаттығуларын орындауда, кез келген қозғалыс әрекетіне үйрену мен оны жетілдіруде еттің жиырылуын босаңсумен, әсіресе оларды орындағаннан кейін үйлестіріп отыру керек. Дене тәрбиесінде олар "босаңсуға арналған жаттығулар" деп аталады және бәрінен бұрын тыныс алу жаттығуларымен үйлесімділікте орындалады.

Еттер өзінің ширығуы мен жиырылуында белгілі бір күшті дамытады, оны өлшеуге болады. Жекелеген еттердің күші талшықтардың қалыңдығы мен санына, сондай-ақ оның соңғы буындығына байланысты.

Жүйелі дене жұмысының, дене жаттығулары және спортпен шұғылдану нәтижесінде адам бұлшық етінің күші ет талшықтарының қалыңдауы мен тарамдалу жолымен олардың санының өсуі есебінен артады.

Адам ағзасындағы маңызды қызметті жүрек-қан тамырлары жүйесі арқылы жүзеге асыратын қан айналысы атқарады.

Жүрек-қан тамырлары жүйесі жүрек пен қан жүретін тамырлардан тұрады. Қан жүретін тамырлардың арасынан артерияны айырып қарастыруы, қан онымен жүректен тканьдерге барады, ал вена арқылы қан тканьдерден жүрекке қарай бағыт алады. Тамырлардың қабырғалары майда ет тканьдерінен тұрады, бұл ретте артериялар венаның қабырғаларына қарағанда елеулі түрде қалың болады. Жүректен қашықтаған сайын ірі артериялар ұсақ артерияларға тарамдалады, ал олар өз кезетінде микроскоппен байқалатын ұсақ тамырларға, капиллярларға айналады. Әсіресе. бас миы капиллярлардың көп желісіне ие. Жүрек-қан жүретін жүйенің басты органы. Ол орган қанның жүруі арқасында ырғақты түрде жиырылады. Жүрек - дербес, автоматты құрылып. Алайда, оның жұмысы түрлі органдар мен организм жүйесінен келетін көптетен кері байланыстар арқылы реттеледі. Жүрек орталық нерв жүйесімен байланысты, ал ол оның жұмысын белгілі бір деңгейде реттеп отырады. Ол одан дененің сол жағында көкірек клеткасы мен омыртқа аралығында орналасқан, оның көлемі Сіздің жұдырығыңыздың көлеміндей ғана. Бұл төрт камерадан тұратын іші бос бұлшық ет мүшесі, ол ет мембранасы арқылы сол және оң жақ бөліктерге бөлінген, олардың әрқайсысы дербес соңғы (насос) есебінде қызмет атқарады.

Жүрек-қан тамырлары жүйесі арқылы үлкен қан айналымы жүреді - бұл адам денесінің барлық органдарына жүрек арқылы және керісінше қанның жүретін жолы.

Сірә, жүрек секілді ешбір мүше жаттығу кезінде сонша-керек бола қоймас. Спорттық жаттығуларды орындауда үлкен жүктемемен жұмыс жасай отырып, жүрек те жаттығып, шынығады. Оның мүмкіндіктері кеңейеді және ол жаттықпаған адамның жүрегіне қарағанда, едәуір көп қанды қайта өңдеуге бейімделеді. Бұл ретте жақсы жаттыққан спортшы жүрегінің қабілеті таңқаларлық. Дене жаттығуларымен жүйелі айналысу барысында, әдетте, жүректің салмағы мен көлемінің өсуі жүріп жатады. Жаттыққан адамның жүрегі, әсіресе, нәтижелерге жетудегі негізгі қасиет шыдамдылық болып табылатын спортпен (шаңғы, марофон жүгірісі, велосипед спорты және басқалар) шұғылдануда таңқаларлықтай жоғарғы жұмыс қабілетіне жетеді.

Адам ағзасында қан айналысын қамтамасыз ету үшін күре тамырдың қан қысымы үлкен рөл атқарады. Қан қысымы жоғары, немесе систолдық және төменгі немесе диастолдық қан қысымы деп бөлінеді. Дені сау адамдарда жоғарғы қан қысымы тыныш жағдайда сынап бағанасының 100-130 мм-не, ал төменгісі 65-85 мм-те тең. Жас ұлғайған сайын жоғары қан қысымы да, төменгі қан қысымы да өседі, бұл күре тамыр жолдарының қабырғаларының иілімділігінің азаюына байланысты. Дене жұмысымен айналысқан кезде жоғарғы қан қысымы артады, бұл жүрек қызметінің күшейтілгендігін білдіреді. Қиналысты жарыстарда ол сынап бағанасының 200 мм-не дейін және одан да жоғары өсуі мүмкін. Егер жұмыс аяғында ол тыныш жағдайдан да төмен болса, ол жүрек еттерінің шаршағандығын білдіреді. Төменгі қан қысымы аз өзгеріске ұшырайды. Дене қызметінің нәтижесінде, ол шыныққан спортшыларда біршама азаяды, бұл жұмыс жасаған еттер қан тамырларының кеңеюінің нәтижесі [2].

Жаттыққан адамдарда денеге түскен күштен кейін қан қысымы қалыпқа тез түседі. Жаттықпағандарда - дене жүктемесінен кейін ол ұзақ уақыт жоғарылаған деңгейде ұзақ уақыт қалуы мүмкін, бұл қалыпқа келу процесінің баяу жүретіндігін білдіреді. Белсенді қозғалыс қызметі, дене жаттығуларымен жүйелі шұғылдану күре тамырдағы қан айналысының жақсаруына көмектеседі.

Тыныс алу қызметіне (оның анатомиялық құрылымын ашпай-ақ) қысқаша тоқталайық. Жоғары тыныс жолдары арқылы сіз атмосфералық ауамен тыныс аласыз, одан тіршілікке қажетті оттегі өкпеге барады. Дәрігерлік тексеру кезінде сіз кездесетін тыныс алудың алғашқы көрсеткіші - бұл ӨТС (өкпенің тіршілік сыйымдылығы). Сіздің антропометрикалық (бой, салмақ) мәліметтеріңізге, дене дамуы мен қызметтік дайындығыңызға байланысты оның көрсеткіштері түрлі болады. Мектептеті оқыған жылдарда дене жаттығуларымен, әсіресе спорттық жаттығу түрімен шұғылданған студенттер артықшылықтарға ие. Неліктен? - Сізге оттегі барынша көп керек. Ақырында, ауаны көп жұту керек, ал тыныс алу мен демді шығару кезінде тыныс алу органдарының

еттері мен олардың шыдамдылығы маңызды рөл атқарады. Бір рет дем алғанда біз ауаның белгілі бір көлемін қабылдаймыз - бұл тыныс алудың көлемі (ТК) деп аталады. Келесі көрсеткіш ӨЖ (өкпенің желдетілуі), яғни тыныш жағдайда сіз 1 минут ішінде желдету жасай алатын ауаның көлемі. Алайда, дене жүктемелері түскен кезде, тыныш жағдайға қарағанда, күш-қуатты жинақтау үшін оттегі көп қажет болады, сондықтан да ауаның көп көлемі керек болады. Бұл көрсеткіш ӨБЖЖ (өкпенің барынша жоғары желдетуі деп аталады, спортпен шұғылданушыларда ол минутына 180 литрге дейін жетеді, ал қарапайым адамдарда үш есе аз болады.

Әдебиеттер тізімі

1 Адылханов А.С., Рахманов Б.Д. Зодровый образ жизни – главное условие охраны и укрепления здоровья человека. Материалы 1 съезда врачей Казахстана. Алматы, 1999, 88 б.

2 Жалғасбек Т. «Спорт – салауатты өмір салтының кепілі» Спорт, 2001.

3 Ботабаев К., Бекенов Т., Мырзабеков М. «Ден қойғанға – ем қонады» Алматы, «Қазақстан» 1990, 240 б.

4 Н.М.Амосов. Денсаулық туралы толғаныстар. М: Фис, 1987.

5 В.А.Бальсевич., В.А.Запорожанов. Адамның дене белсенділігі. Киев, 1987.

6 М.Я.Виленский., В.И.Ильнич. Ақыл-ой жұмысы қызметкерлерінің дене тәрбиесі / М: Знание, 1987

7 М.Ф.Гриненко., Г.Г.Санаян. Еңбек, денсаулық, дене тәрбиесі, М.:Фис, 1974

8 В.И.Ильнич. Студенттер спорты және тіршілік. М: 1995

Науатов С. К.

п.э. магистрі, аға оқытушы

*М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті. Тараз қ.
«Дене тәрбиесі» кафедрасы*

УНИВЕРСИТЕТТІҢ БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН ЖАҚСАРТУДЫҢ ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Андатпа: Студенттерді қамтитын дене шынықтыру және спорттық қызмет қоғамдық және жеке мүдделерді біріктірудің тиімді механизмдерінің бірі болып табылады. Бұл студенттердің оқу үдерісі мен олардың қоғамдық белсенділіктерін жоғарылатудың тиімді құралдарының бірі. Студенттерді дене тәрбиесі мен спортқа баулу олардың кәсіби қолданбалы дене шынықтыру жаттығуларының ерекшеліктерін ескере отырып басталады.

Аннотация: Физкультурно-спортивная деятельность с участием студенческой молодежи является одним из эффективных механизмов сочетания общественных и частных интересов. Это одно из эффективных средств повышения образовательного процесса студентов и их общественной активности. Приобщение студентов к занятиям физической культурой и спортом начинается с учета особенностей их профессиональной прикладной физической подготовки.

Annotation: Physical education and sports activity involving students is one of the effective mechanisms for combining public and private interests. This is one of the effective means of increasing the educational process of students and their social activities. Induction of students in physical education and sports begins with taking into account the features of their professional applied physical training.

Кілт сөздер: Студент, дене шынықтыру, салауатты өмір салты, дене мәдениеті, дене тәрбиесі.

Ключевые слова: Студент, физическая культура, здоровый образ жизни, физическая культура, физическое воспитание.

Key words: Student, physical training, healthy lifestyle, physical culture, physical education.

1. Кіріспе. Қазіргі кезде кәсіби қолданбалы дене шынықтыру және спорт студенттердің дене тәрбиесі бағдарламаларына енгізілген және студенттерді дене шынықтыруына бағытталған. Көптеген ғылыми зерттеулер кәсіби дайындықтың жоғары деңгейі физикалық дайындықты қажет ететіндігін дәлелдеді. Дене тәрбиесі – әр бір кезінде ең алдымен денсаулықты нығайту, содан кейін спорттық нәтижеге жету мақсатында қаралу керек. Дене шынықтыру және спорт ұғымы салауатты өмір салтымен тығыз байланысты. Себебі қазіргі технологиялар дамыған заманда салауатты өмір салты әрбір адамның, сонымен қатар әр бір студенттің ұстанымы болу керек.

2. Негізгі бөлім

2.1. Дене мәдениеті

Дене мәдениеті - бұл адамзат мәдениетінің органикалық бөлігі, оның ерекше дербес аймағы. Дене шынықтырудың негізінде өз бойында қажетті физикалық қабілеттерді тиімді қалыптастыруға, денсаулық жағдайын оңтайландыруға мүмкіндік беретін дене жаттығулары түріндегі мақсатты қозғалыс белсенділігі деп білеміз. Денсаулық - әр адамның ғана емес, бүкіл қоғамның баға жетпес байлығы. Адамның өзі негізделген және нығайтылған денсаулығы оның ұзақ және белсенді өмірін қамтамасыз етеді. Қоғамдық өмірде білім беру, тәрбиелеу және демалу жүйесінде дене шынықтыру өзінің сауықтыру, жалпы мәдени маңыздылығын көрсетеді. Дене дамуы адамның денсаулығын нығайту және сақтаумен тығыз байланысты. Әр түрлі физикалық жаттығуларды белсенді қолдану арқылы адам өзінің физикалық жағдайын жақсартады. Дене шынықтырудағы белсенділіктің нәтижесі - дене дайындығы және моторикасы мен дағдыларының жетілу дәрежесі.

2.2. Студенттің күнделікті өмірдегі салауатты өмір салты.

Сабақтан тыс уақыттағы салауатты өмір салтының негізгі бағыты оқудан кейін студенттің денсаулығын қалпына келтіруге бағытталған. Ұйқы, тамақ, жеке гигиена, үй шаруашылығында және жеке шаруашылықты жүргізу, балаларды (кіші іні-қарындастарды) тәрбиелеу, қарттарға күтім жасау, университетке баруға және қайтуға кеткен уақыт пен күш, бюджетті толтыру мақсатында уақытша жұмыс жасау және т.б. - бұл сабақтан тыс (бос емес) уақыттың негізгі компоненттері.

Сабақтан тыс уақытта студенттің өмірі алуан түрлі болады. Осы уақытта қалпына келтірудің де, сауықтырудың да, салауатты өмір салтының құрылымдық топтарын шығармашылықпен өзгерте отырып, дамытуда да, қолдауда да айқын көрінеді.

Оқушылардың бос емес уақыты шексіз ұзақ болмауы керек. Керісінше, міндет барлық өмірлік және кезек күттірмейтін міндеттер мен мәселелердің қысқа мерзімде орындалуын қамтамасыз ету болып табылады, осылайша студент өзі үшін бірнеше сағаттық бос уақытты ойлап таба алады.

2.3. Адам денсаулығы-өмірдегі ең маңызды құндылық.

Денсаулық - Дүниежүзілік денсаулық сақтау (ДДС) ұйымы анықтағаны бойынша - бұл аурудың және физикалық ақаулардың болмауы ғана емес, ол дегеніміз толық физикалық, рухани және әлеуметтік әл-ауқат. Адам денсаулығы - өмірдегі ең маңызды құндылық. Оны ешқандай ақшаға сатып алуға да болмайды, оны қорғау, жақсарту және жетілдіру, нығайту қажет.

Денсаулық көптеген факторларға байланысты болады. Қазіргі кезде адамдардың денсаулығы өмір сүру салтына байланысты 50%, қоршаған ортаға байланысты 20% арқылы, ал 20% - биологиялық (тұқым қуалайтын) факторлармен және 10% - медицина арқылы анықталады деген пікір басым. Сондықтан, егер адам салауатты өмір салтын ұстанатын болса, онда мұның бәрі оның денсаулығының 50% жоғары деңгейін алдын-ала анықтайды. Сонымен қатар керісінше, зиянды өмір салтын жүргізетін адам өз денсаулығына нұқсан келтіреді, өзін азап пен қиындыққы, ерте қартаю мен қуанышсыз өмірге алып соғады. Төменде біз салауатты өмір салтын дене шынықтыру мен спорттың негізгі құрамдас бөлігі ретінде айқындап, СӨС-тің үш тобын қарастырдық.

Қорытынды. Дене шынықтыру және спорт біздің қоғамда әрқашан жоғары деңгейде қарастырылған және жоғары бағаланған. Неліктен қазіргі кезде бұқаралық дене

шынықтыру мәселесі өткір және принципиалды? Адамдардың денсаулығы туралы қамқорлық біздің қоғамның басты әлеуметтік мәселесі болғандықтан ғана емес. Бүгінгі таңда дене шынықтыру мен денсаулық, еңбек қабілеттілігі мен еңбек өнімділігі арасындағы байланыс ерекше айқын сезіледі. Халықтың денсаулығын нығайтуда, жеке тұлғаны үйлесімді дамытуда, жастарды еңбекке дайындауда және Отанды қорғауда дене шынықтыру мен спорттың, оларды күнделікті өмірге енгізудің маңызы артып келеді. Әр адам жас кезінен бастап өзінің физикалық жетілуіне қамқорлық жасайтын, гигиена мен медициналық көмек саласындағы білімдері бар, салауатты өмір салтын ұстанатындай етіп ұйымдастыру керек. Біз дене шынықтыру мен спорттың барлық әлеуетті мүмкіндіктерін Қазақстанның өркендеуі үшін толығымен пайдалануымыз керек.

Қолданылған әдебиеттер

1. «Дене шынықтыру мен спорт туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы. 2013 жыл, 30 қыркүйек
2. Физическая культура студента: Учебник / Под ред. В.И.Ильинича. М., 1999.
3. Пономарев Н.И. Возникновение и первоначальное развитие физического воспитания. – М., 1970.
4. Лисицын Ю.П. Слово о здоровье. – М., 1993.
5. Краснов И.С. Формирование здорового образа жизни – важное направление подготовки специалистов высшей квалификации / Вопросы физического воспитания студентов. XXVII, 2003, Изд-во СПбГУ.

Науатов С. К.

п.э. магистрі, аға оқытушы

Нургабылов Б. А., Тұрғанов Б. А. оқытушылар
М.Х.Дулата атындағы Тараз өңірлік университеті.
«Дене тәрбиесі» кафедрасы Тараз қ. Қазақстан

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Кіріспе: Бірінші байлық – денсаулық дейміз. Бірақ осы сөздің салмағын, жүктер жауапкершілігін көбіне сезбейтін де, мойындамайтын да сыңайлымыз. Айтылған сәтте көңілімізге қонады, құлағымызға жағады. Келісеміз. Сөйтіп күндердің күнінде бір арылмас дертке шалдығып санымызды соғамыз. Денсаулық - тән, рухани және әлеуметтік игіліктің жиынтығы. Денені үнемі шырықтыру, шынықтыру, сананың сапа деңгейін көтеру, интеллект өрісін биіктету, рухынды шыңдау - бәрі де денсаулыққа қызмет етеді десек қателеспейміз. Қазіргі уақыттағы әлеуметтік - экономикалық жағдай, тіршілік деңгейінің құлдырауы және экологиялық қолайсыздық Қазақстан Республикасының бүкіл халқының, әсіресе, өскелең ұрпақтың денсаулығына кері әсерін тигізетіні жасырын емес.

Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Вице-министр Елжан Біртановтың айтуынша, «Оқушыларды сауықтыруға баса назар аударылатын болады. Осы ретте «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының аясында мектептегі медицинаны білім беру жүйесінен денсаулық сақтау жүйесіне беру қарастырылуда. Оқушыларға арналған Сауықтыру шараларының жыл бойғы күнтізбесін жасау жоспарланып отыр. Ол балаларды профилактикалық тексеру шараларын білім беру ордаларында өткізуді, оқушыларды жыл бойы сауықтыруды; мектептерде аурулардың алдын алуға бағытталған денсаулық сақтау технологияларын енгізуді қарастырады»-деді. Бүгінгі таңда өз тәуелсіздігін алған егеменді еліміз осы бағытта Қазақстан мектептеріне жан-жақты дамыған, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мұрат тұтқан дара тұлғаларды тәрбиелеу басты талап етіп қойылған. Қазақстан азаматтарының денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын ынталандыру туралы елбасының жолдауын, егемендіктің кілтін ұстар жастардың болашағына апаратын, алтын сұрлеу десе де болады. “Дені сау адам - табиғаттың ең қымбат жемісі” деп тегін айтылмаған. Қазіргі қоғамымызда халықтың табиғи өсімі төмендеп, сырқаттанушылық

4. Ғаламтор желісінен: http://almaty.ws/blog/tvorenie_evrazija/2011-11-27-241
<http://collegiy.ucoz.ru/publ/59-1-0-10315>

ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІНІҢ ТӘСІЛДЕРІ АРҚЫЛЫ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Білім беру мен тәрбиелеудің міндеттерін шешуде маңызды орындардың бірі дене шынықтыруға бөлінеді. Бүгінгі таңдағы дене шынықтыру көп қырлы құбылыс болып табылады, өз құрамында бірсыпыра бағыттарға, сабақ түрлері мен формаларына ие. Дене тәрбиесінің көптеген түрлерінің ішінде халық педагогикасына ерекше орын берілген.

Ұлттық спорт түрлерімен, ойындармен, билермен шұғылдану бос уақытты өткізуге көмектеседі, денсаулықты нығайтады және ең бастысы мінездердің қалыптасуына ықпал етеді.

Халық ойындары, спорт түрлері мен билері педагогиканың дәстүрлі тәсілдері болып табылады. Көп ғасырлардан бері оларда адамдардың өмір салты, олардың тұрмысы, еңбегі, халықтық тұғырнамалары, ар-намысы, ерлігі, ептілікке, төзімділікке, күшке ие болуға деген ұмтылысы, қимылдар жылдамдығы мен әдемілігіне, күле жүріп орындауға, шығармашылықты ақыл-ойға, тапқырлыққа, ерік күші мен жеңіске деген талпынысы көрінісін табатын. Халық ойындары мектеп оқушыларының интернационалдық тәрбиесі мен дене тәрбиесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Олардың бойында өз халқының мәдениетіне деген тұрақты, қызықты, құрметтеу қарым-қатынасы қалыптасады.

Дене тәрбиесін оқытудың әдістемелік жүйесі бір-бірімен өзара байланысқан бес бөліктен тұратын құрылым: оқыту мақсаттары, мазмұны, әдістері, құралдары мен ұйымдастыру түрлері. Әдістемелік жүйелер жалпы орта мектеп практикасында тәжірибеден өте отырып, көптеген жылдар бойында қалыптасады. Әдістемелік жүйені жетілдіру үрдісі төмендегі заңдылықтарға бағынады:

1. Әдістемелік жүйенің бір немесе бірнеше бөліктерінің өзгеруі оның қалған бөліктерінің немесе бүкіл әдістемелік жүйенің өзгеруіне әкеліп соғады.

2. Кез келген әдістемелік жүйе өзіне шешуші әсер ететін нақтылы өмірмен тығыз байланысты. Әдістемелік жүйедегі жетекші орынды оқыту мақсаттары алады, анықтап айтқанда жалпы орта мектептерде сол арқылы кез келген пәнді оқытудың міндеттері анықталады.

Оқытудың әдістемелік жүйесін жетілдірудің жалпы принциптерін қарастырайық. Әдістемелік жүйедегі жетекші орынды оқыту мақсаттары алатын болғандықтан, оны жетілдірудің негізгі ұстанымы мақсатқа бағыттау ұстанымы болады. Біртұтас әдістемелік жүйені немесе оның бөліктерін жетілдірудің бағыты мен сипаты оқыту мақсаттарына сәйкес болуы тиіс.

Әдістемелік жүйені жетілдірудің келесі маңызды талабы, оқыту мен тәрбиелеудің бірлігі ұстанымы болып табылады. Білім оқыту мен тәрбиелеуден құралатыны белгілі, сондықтан әдістемелік жүйені жетілдіру үдерісінде оқытудың дидактикалық және тәрбиелік жақтарының бірлігін, педагогика мен психологияның алдыңғы қатарлы жетістіктерін ескеру қажет.

Әдістемелік жүйенің жеке бөлігінің өзгеруі, жүйенің біртұтас құрылым ретінде жойылуына алып келуі мүмкін. Жүйедегі өзара байланыстарды толық түрде ескеру қажет. Осыған байланысты өзара байланыс ұстанымын атауға болады.

Біздің елімізде, әлеуметтік және экономикалық реформалардың жүзеге асырылуы негізінде болашақ 12 жылдық білім беру мектебімен қазіргі мектептің басты міндеттерінің бірі-нарық жағдайына бағдарланатын, адамгершілігі мол, әлеуметті сауатты адамға қоғамның әлеуметтік сұранысын қанағаттандыру. Оны шешу тек қана дене мәдениеті

білімінің тұжырымдамалық, әдіснамалық, теориялық және дидактикалық негіздерінің жасалуына тікелей байланысты[1].

Жалпы орта мектептің басты мақсаты- алдыңғы қатарлы жасөспірімдерді тәрбиелеу, адамзаттың мәдени және өнегелілік деңгейі мен оның ой-өрісін арттыру, оқушыларға дене тәрбиесін үйрету әдістері мен ер балаларды Отанды қорғауға дайындау. Білім саясатының өзекті мәселелері-жалпы орта мектеп қабырғасында кәсіптік бағдар негізінде болашақ мамандығын таңдауға даярлаудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың әдістері мен ұйымдастыру түрлерін өзгерту, педагогикалық оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруды қайта құру, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның рөлін арттыру.

Жалпы орта мектепте білім берудің сапасын қамтамасыз етуде орта білімді дамытудың негізгі жолы мектеп оқушыларының білім сапасын арттыру болса, қазіргі кезде жалпы орта мектептерде оқу-тәрбие үдерісінің жаңа тәсілдері ұсынылып, жаңа талапқа сай бәсекеге қабілетті мемлекеттің болашақ қоғам мүшесін дайындау үлгісі жүзеге асырылатын болады.

Жалпы орта мектептегі дене мәдениетінен білім беру және оның қоғамдық құрамдас бөлігі – дене тәрбиесі сабағы негізінде мектеп оқушыларының жеке приоритетті қабілеттерін жетілдіруге, өзін-өзі тәрбиелеу және өзіне-өзі білім беру қызметтерін дамытуға, оларды азамат, зерделі оқушы ретінде қалыптастыруға бағытталған біздің мемлекетіміздің заңды құжаттарымен нақтыланып, рәсімделген.

Денсаулығы мықты, дене сапалары, дене бітімі қалыптасқан оқушы ғана өз қимыл-әрекетін өмірлік маңызды міндеттерді шешуде шығармашылық бағыт ұстана отырып, белсенді өмір сүруге қабілетті болады. Дене мәдениеті білім мен тәрбие беру саласының басты міндеттерінің бірі бола отырып, мектеп оқушысының жеке тұлғалық жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне себепші болады.

Демек, жалпы орта мектептерде дене мәдениеті және спорт түрлері бойынша кейбір мәселелерді кешенді түрде зерделеу осы тұрғыда мектеп оқушыларының дене мәдениетін қалыптастыру, қазіргі кезде зерттеу жұмысының көкейкесті талабы болып отырғанын айта кету керек[2].

Оқушылардың дене мәдениеті бойынша білімі мен тәрбиесіне, олардың дене мәдениетін қалыптастыруға біршама ғылыми зерттеулер арналған. Алайда, аталған жұмыстарда жалпы орта білім беру мектептері оқушыларының дене мәдениетін қалыптастыру, олардың тұлғалық дамуын ескерумен байланысты ерекшеліктер жеткілікті ашылмаған. Сонымен қатар, мемлекеттің одан әрі дамуы, жақын болашақта дене тәрбиесі мен спорт саласында кәсіби іс-әрекетпен айналыса бастайтын оқушылар тұлғасының дене мәдениетінің қалыптасу деңгейіне тікелей байланысты болып отыр. Сондықтан жалпы білім беру жүйесінде еліміздің жалпы орта мектептерінде оқушылардың дене мәдениетін қалыптастыру міндеті қойылады және білім беруде дене тәрбиесіне, оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру және дене шынықтыру мен спортты дамытуға орай білім беру саласын реформалаудың маңызды бағыттарының біріне айналады. Осыған байланысты, жалпы орта мектептерде оқушыларға дене тәрбиесін оқытудың мақсаты, оларда дене мәдениетін қалыптастыру, заманауи технологиялар негізінде оқыту мен білім беруді басқаруда пайдалану туралы білімді қалыптастыру, қоғамда салауатты өмір салтын қалыптастыру мен еңбек етуге дайындау болып табылады[3].

Мектеп жасындағы балалардың денсаулық жағдайын жақсарту мақсатында: мектеп жасындағы балалардың дене тәрбиесі даярлығы жөнінде ұсынымдар, оқу-әдістемелік құралдар әзірлеу; 5-сыныптан бастап қыздар мен ұлдарды бөлек оқыта отырып, барлық жалпы білім беретін мектептердегі дене тәрбиесінен аптасына үш сабаққа көшу мүмкіндігін қарау; денсаулық жағдайына байланысты арнайы медициналық топтарға жатқызылған балаларға дене тәрбиесі жөнінде жағдай жасау мен сабақтар өткізуге баса назар аудару;

балалар мен жасөспірімдер спорт клубтарын құру арқылы жалпы білім беретін мектептерде дене тәрбиесі сабақтарының мазмұнын толықтыратын дене шынықтыруды ұйымдастырудың мектептен тыс нысандарын жетілдіру; жалпы білім беретін мектептерге спорт түрлері бойынша оқыту күні ұзартылған және оқу-жаттығу үдерісі тереңдетілген мамандандырылған сыныптар ашуды ұсыну қажет етуде.

Қазіргі кезде жалпы білім беретін орта мектептерде оқушылар дене тәрбиесі алғашқы жаттығулары мен дене бітімімін жетілдіру тетіктерімен бастапқы танысуын және дене мәдениеті бойынша сауаттылығын жүзеге асыра алады. Ал, болашақ қоғам мүшесінде дене мәдениетін қалыптастыру үшін, ең алдымен дене тәрбиесі саласының барлық мұғалімдері мен жаттықтырушылар дене мәдениетін меңгеруі тиіс.

Қазіргі кезде дене мәдениеті жалпы мәдениеттің өте бір маңызды бөлігі болып отыр. Дене мәдениетін жалпы орта мектептерде оқу-тәрбие үдерісі негізінде дене тәрбиесі арқылы ұйымдастырудың жеткілікті деңгейі ретінде, оқушылардың дене тәрбиесі мен спорт түрлері бойынша ақпаратпен алмасуын қанағаттандыру деңгейі ретінде, ақпаратты жинау, беру және пайдалану тиімділігі деңгейі ретінде қарастыруға болады.

Жалпы орта мектептерде оқушыларды салауатты өмір салтына, дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануға баулу халықтың түрлі әлеуметтік-демографиялық топтарына арнап бейімделген ақпараттық бағдарламаларды әзірлеу арқылы жүзеге асырылады. Спорттың негізгі түрлерінен, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына конкурстық негізде берілетін әлеуметтік бағдарламалар бойынша гранттарды беру практикасын пайдалану арқылы, теледидар бағдарламалары жасалуда, насихаттық және ақпараттық технологиялар әзірленуде[4].

Дене шынықтыру және спортты насихаттау атаулы, нақты әлеуметтік топтар мен жіктерге, әрбір орта мектеп оқушысына бағытталған, дене шынықтыру мен спорттың басымдығын дәлелдей көрсетуге, сондай-ақ жастар арасында нашақорлық, темекі шегушілік, ішімдікті пайдалану және басқа да жат құбылыстардың таралуына қарсы күреске бағытталуда. Жастардың дене тәрбиесі жөнінде жұмыс жүргізу, олардың ортасында қазақстандық спортшылардың спорттағы жетістіктерін, бұқаралық спортты танымал ету, олардың санасында “тәні саудың – жаны сау” деген қағидатты орнықтыру үшін мәдени-спорттық іс-шаралар ұйымдастырылуда. Бұл орайда бұқаралық ақпарат құралдарының міндеттері: азаматтардың спортқа, табиғи дене бітімін жетілдіруге деген қызығушылығын арттыру, жалпы орта мектеп оқушыларының спортпен өз бетінше шұғылдануын белсенді түрде таныту, дене шынықтырумен және спортпен шұғылдану қажеттігін көпшіліктің санасына сіңіру болып табылады[5].

Қорыта келе ұлт ойындарының оқу-тәрбие процесінде тұлғалық-салауаттық негіз болуға, біріншіден, қазақ халқының ұлттық ойындарының егеменді елдің болашақ жастарын оқытып, білім беру барысында дидактикалық материал болатындығында, атап айтқанда:

Тарихи және қазіргі материалдарды, ғылыми және әдістемелік әдебиеттерді талдау барысында және алынған мәліметтерге логикалық талдау жасау арқылы келесідей жалпы қорытындыға келдік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. «Дене тәрбиесі сабақтарында ұлттық ойындардың қолдану әдістемесі». Оқу-әдістемелік құрал. 2019 Байзақова Н.О.

2. «Ұлттық спорт түрлерінің әдістемесі». Қуанышов Т. Ш. Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі.- Алматы: 2002, 66 б

3. «Ұлттық спорт ойындары оқу құралы». Алматы 2020, Б.А. Шилібаев.

4. «Дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиялық негіздері». Оқу құралы. Алматы, 2019. Г.Е.Садықанова.

5. https://massaget.kz/mangilik_el/tup_tamyir/43388/

*Есенбаева Р.К., Тулеуишов А.Р
Отеулина М.С
преподаватели школы-интерната и колледжа
КазНАИ им. Т. Жургенова*

МЕТОДИКА ПРОВЕДЕНИЯ КАЗАХСКИХ НАЦИОНАЛЬНЫХ ИГР ВО ВРЕМЯ ПРАЗДНИКА НАУРЫЗ

Аннотация: В статье дается методика проведения казахских национальных игр во время праздника Наурыз в общеобразовательных школах. Особое внимание уделено организации и проведению соревнований по национальным играм для различных возрастных групп. В школах проводятся соревнования по национальным играм, которые пользуются популярностью у школьников и являются частью национальной культуры казахского народа.

Ключевые слова: физическое воспитание, физическое развитие, физические качества, состязание, станция, класс.

Введение. Среди большого многообразия средств физического воспитания подвижным играм принадлежит особое место. Их значение выходит далеко за рамки тех представлений, с которыми мы обычно подходим к оценке физического воспитания.

В процессе игр у детей развиваются двигательные способности, изменяется характер и нравственные качества. Игры способствуют лучшему владению собой, учат навыкам руководства сверстниками, содействует развитию навыка командных действий. А также способствуют выполнению правил, дисциплине, ответственности за совершенные действия.

У каждого народа дети получали физическое развитие с раннего детства, в процессе игр они готовили свой организм к определенным особенностям жизни народа, согласно среде его обитания.

Введение национальных игр в структуру урока и праздник Наурыз, дает возможность приобщить детей к национальной культуре своего народа.

Национальные игры пришли к нам из глубины веков. Тогда мог выжить только физически крепкий человек. Древние люди занимались охотой. Охотнику необходимы были следующие качества: дальность зрения, внимательность, наблюдательность, меткость, осторожность и конечно хорошая выносливость, чтобы преследовать добычу, а так же навыки лазания, бега и прыжков. Находясь все время в условиях естественных сил природы, человек закалялся в борьбе с ней. Эта суровая борьба требовала от человека высокоразвитых физических качеств. Физические упражнения являлись важным средством воспитания подрастающего поколения. Народные традиции, игры носили воспитательный характер, они были направлены на то, что бы подготовить детей и подростков к полноценной самостоятельной жизни. Приручение верховых лошадей приводило к образованию конных игр, которые впоследствии переродились в конные виды спорта. Археологи находили предметы, которые применялись для игр. Так на вершине горы Акшункур, что расположена недалеко от города Каратау, был найден гладкий камень на котором, была выдолблена форма для игры в тогуз-кумалак.

Все национальные игры направлены на развитие у молодежи физических и духовных качеств: «казакша-курес»- развитие силы, «аламан байга» - выносливость, «аншылар» - ловкость, состязания лучников - меткость, «тогузкумалак» - развитие способности разума.

Почти на всем протяжении жизни человек тесно связан с игрой, причем в самого раннего детства, в период активного формирования - в юношеские года, игровая деятельность занимает наибольшее место. Содержание игр изменяется вместе с ростом и развитием ребенка. Если на первых этапах игровая деятельность носит упрощенный характер, то в более поздний она значительно обогащается как по форме, так и по

содержанию. Эти изменения определяются возрастающей ролью сознания в жизни ребенка. Исключительная роль принадлежит играм в становлении и укреплении детского коллектива, ведь играм всегда присущи элементы здорового соперничества, интересного соревнования. Во время игры удастся включить всех учеников в коллективную деятельность, помочь занять надлежащее место среди своих ровесников. В подвижных играх есть всегда и побежденные и победители.

Праздник «Наурыз» можно проводить по классам и по станциям. Начало праздника - 10 часов. Команды 5-6 классов по 4 мальчика и 4 девочки, занимают станции, следующим образом: станция №1 - 5 «а» класс, станция №2 - 5 «б» класс, станция №3 - 5 «в» класс, станция №4 - 6 «а» класс, станция №5 - 6 «б» класс, станция №6 - 6 «в» класс. На каждой станции играют в разные игры. Станция №1 - "асыки", станция №2 - "соқыр теке", станция №3 - "колмен тартыс", станция №4 - "такия тастамак", станция №5 - "ордагы касқыр", станция №6 - "сықырлы таяк". На каждую станцию дается 8-10 минут, пока все участники не поиграют игру. По команде преподавателя все команды по часовой стрелке меняются местами. Команда со станции №1 идет на станцию №2, станция №2 идет на станцию №3, станция №3 идет на станцию №4, станция №4 идет на №5 станцию, станция №5 идет на станцию №6, команда №6 станции идет на станцию №1. В 11 часов национальные игры можно провести с 7-8 классами. Учащихся также делят по станциям, но сложность игр значительно повышается. Станция №1 - "камалды корғау", станция №2 - "тумак уру", станция №3 - "жаяу тартыс", станция №4 - "арынды аркан", станция №5 - "аншылар", станция №6 - "балапандар". В 12 часов к спортивным состязаниям могут приступить 9,10,11 классы. Для них рекомендуется следующая программа состязаний: 9 классы на станций №1 - "аркан тартыс", 10 классы на станции №2 - "билектесу", 11 классы на станции №3 - "казакша курес" юноши, девушки на станции №4 играют "тогузкумалак". Спортивное состязание желательно закончить в 13-00 часов, обязательно подвести итоги праздника и наградить победителей.

Национальные игры можно проводить в эстафетной форме. Например, среди 8 классов. Состав команд по 4 мальчика и 4 девочки.

Правила проведения эстафеты :

1. Команды строятся в коллону по одному у стартовой линии.
2. По команде выполнять задание.
3. За стартовую линию, из круга не выходить.
4. Запрещается высоко поднимать веревку и бить по голове мячом.

Первая - байга /конное состязание/, на быстроту. Участники должны все по очереди добежать до стойки и вернуться в свою коллону. II вариант - мальчики садят на спину девочек. Первая команда закончившая эстафету считается победителем.

Вторая - асык ату, на меткость. В 3-х метрах от стартовой линии чертится линия. Напротив каждой команды ставят по 5 асыков, расстояние между ними 5-6см. Каждому участнику дается по одной попытке, чтобы сбить асыки. Выигрывает команда, которая больше всех выбила асыков.

Третья - аншылар /охотники/, на меткость, ловкость, выносливость. Например: 8«а» класс - охотники, 8«б» класс - утки, 8«в» класс - отдыхают. Утки находятся в середине большого круга, охотники снаружи круга. По сигналу охотники с мячом должны выбить, как можно больше уток за 1 минуту. Утка, в которую попал мяч, выходит из игры. Потом команды меняются ролями. 8«а» класс - утки, 8«б» класс - отдыхает, 8«в» класс - охотники. За каждого выбитого дается очко. Команда выбившая всех уток - выигрывает.

Четвертая - тумак уру/сбей шапку/, на координацию. На стойке висит шапка. Игрок отсчитывает от стойки 5 шагов, поворачивается лицом к стойке. Ему завязывают глаза, он должен дойти до стойки и сбить шапку. За каждую сбитую шапку дается очко.

Пятая - арынды аркан, на выносливость, прыгучесть. Участники одной команды выстраиваются по кругу. Капитан другой команды становится в центр круга и берет веревочку за свободный конец, к другому концу прикрепляется маленький грузик. По

сигналу капитан начинает крутить веревочку по земле. Играющие подпрыгивают, чтобы она не задела за ноги. Кого веревка заденет, тот выбывает из игры. Выигрывает команда, у которой больше всех осталось игроков.

Шестая - аударыспак /перевертыши/, на силу, ловкость. Выходят капитаны команд. Они стоят на скамейках и должны столкнуть друг друга на землю. II-вариант- «всадники» садятся на плечи «коням». По сигналу каждый всадник старается стащить своего соперника с коня. Кони участия в сражении не принимают. Если оба всадника оказались на земле, поражение засчитывается тому, кто коснулся её первым.

Седьмая - аркан тартыс /перетягивание каната/ на силу. Чертят линию по середине площадки. Центр каната должен лежать на линии. Выходят две команды на площадку и держат с двух сторон канат. По сигналу начинают тянуть соперника на свою сторону. Тот, кто окажется перетянутым за линию, начерченную между командами, проигрывает. После окончания игры, определяют победителя по наибольшей сумме очков. Занявшие 1, 2, 3 места награждаются грамотами и ценными призами.

Таким образом, применение казахских национальных игр в программе спортивных состязаний на празднике "Наурыз" способствует:

- * развитию у детей патриотизма, ознакомлению с традициями своего народа;
- * закрепляет полученные двигательные умения и навыки;
- * развитию таких физических качеств, как быстроты, ловкости, силы, выносливости, меткости, координации движений;
- * воспитывает чувства коллективизма.
- * содействуют повышению интереса к занятиям, проявлению положительных эмоций школьников;

Использованная литература

1. «Казахские национальные игры» /Методическое пособие/ ГорИППК, Алматы - 2004 г.
2. «Детские подвижные игры» А.В.Кенеман, Т.И.Осокиной, Москва «Просвещение»1998г.
3. «Казахские национальные игры» Б.Төтенаев. Алматы, 1994 г.

***Жилисбаев Н. К., Дайрабаев М. С.
Уразбаев А.А.***

аға оқытушылар

*Халықаралық туризм және меймандостық университеті
Түркістан қ, Қазақстан*

ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА ТӘСІЛДЕРІН САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БАРЫСЫНДА ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА ПАЙДАЛАНУ

Дене шынықтыру мен халық ойындарының ұлттық түрлері халықтардың адамгершілігінде, көзқарасы мен әлеуметтік дамуында, егеменді елдердің арасында достастық қатынастарын нығайтуда маңызды рөл атқарады.

Жалпы мәдениеттің бір бөлегі, алдымен адамгершілікке тәрбиелейтін тәрбиенің іргетасы бола отырып, олар халықтардың дене дайындығының артуына, денсаулығының нығаюына, белсенді демалысқа арналған жағдайлар жасауға ықпал етеді.

Соңғы жылдары дене шынықтырудың ұлттық түрлеріне ерекше көңіл бөлінуде, ол бір жағынан біздің қоғамдағы әлеуметтік-саяси процестерге байланысты болса, екінші жағынан, оның халықтар арасында кең танымалдығына байланысты болып келеді. Тәрбиенің дәл осы әдістері мен тәсілдері адамның ұлттық сапасының ашыла түсуіне

анағұрлым ықпал етіп, тұлғаның азаматтығы мен оның қабілеттерінің арта түсуіне әсер етеді.

Сабақта қолданылатын дене тәрбиесінің көптеген тәсілдерінің ішінде ерекше орын халықтық педагогика тәсілдеріне тиесілі болып келеді.

Халықтық педагогика тәсілдері дегеніміз – халық ауыз әдебиеті, балалар фольклоры, қозғалмалы ойындар, еңбек дәстүрлері, өнер түрлері, қол өнері, мәдени-тұрмыстық дәстүрлер мен салттар, олар адам мәдениетінің асыл қазынасы болып келеді. Олар адамдардың материалдық және рухани шығармашылығын көрсете біледі. Өскелең ұрпақты бала кезден халықтық дәстүрлер негізінде тәрбиелеу қоршаған табиғатқа және қоғамдағы өзара қатынасқа деген дұрыс қатынастың қалыптасуына ықпал етті.

Мұғалімнің шеберлігін, оның беделін, өз жұмысын жақсы меңгергендігін, оқушыларға деген қарым-қатынасын талдай отырып, В.В. Белорусов, М. Станкин және басқа да авторлар сабақты дұрыс құра білу мен өткізу, сабақтардың жоғары тығыздығы сабаққа деген қызығушылықты арттырып, олардың бойында ерік күшін тәрбиелеп, қиындықтарды жеңу дағдыларына үйретеді. Керісінше, оқушылардың аз шұғылдануы, мұғалімнің аз талап етуі іштің пысуына, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығының төмендеуіне, тәртіпсіздікке және сабаққа нашар қатысуға алып келеді.

Спорт ойындары мен көңіл көтерулер қазақ халқының өмірінде өзінің бұқарашылдығымен үлкен орынға ие болатын. Ойындар мен спорт түрлері экономикалық, саяси және мәдени тұрғыдан артта қалған көшпенді қазақ халқы үшін театрлар мен стадиондардың орнын алмастырды.

Қазақтардың көптеген ұлттық халық ойындары бар: көкпар, бәйге, алты бақан, сақина тастау, соқыр теке, жекпе-жек, ат ойыны, ақ сандық-көк сандық, жорға жарыс, күрес, сайыс және басқалар. Бұл ойындар көбінесе күй сарынымен сүйемелденетін. Тұрмыстық билер де өмірге келген: Қара жорға, Өрмек, Ұршық, Ши орау, Жүн сабау, Саба пісу, Тары түю.

Дене шынықтыру сабақтарында халықтық педагогика тәсілдерін оқушылармен жұмыс барысында қолдану үшін халықтық спорт және ойын түрлері бойынша арнайы секциялар жұмысын ұйымдастырып, жарыстар өткізу қажет.

Халықтық педагогика тәсілдері баланың бойында терең адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына ықпал етеді. Мектептің негізгі міндеттерінің бірі – баланың халықтың бір бөлшегі екендігіне оның өз көзін жеткізуді қалыптастыру болып табылады.

Халықтық педагогика тәсілдері бүгінгі таңда бар өнер атаулының негізі, халықтың әлеуметтік-экономикалық өмірінің айнасы, адам еңбегінің нәтижесі, қиял-ғажап көрінісі мен өмірді, әлемді танып білуге деген ұмтылысы болып табылады.

Халықтың өткені мен бүгінін біріктіретін баға жетпес байлықты бізге ата-бабамыз мұра етіп қалдырды. Сондықтан халықтық педагогиканың тәсілдерін жас ұрпақты тәрбиелеуге пайдаланудың маңызы аса зор болып келеді. Ол оқушының өмірге деген жолын ашып, шығармашылық қабілетін жетілдіре түседі [1].

Қазіргі кезде халықтық педагогика тәсілдеріне деген қызығушылық барған сайын арта түсуде. Олдарды барынша мерекелердің, байқаулардың, фестивальдар мен жарыстардың құрамына енгізуде. Жалпы білім беретін мектептерде халықтық педагогика тәсілдерін қолдануға арналған әдістемелік құралдар жарыққа шығуда.

Әрбір халық ғасырлар бойы өзінің ең жақсы деген ойындарын өмірге әкелді, жетілдірді және сақтай білді. Олар жастарды тәрбиелеудің, әсіресе дене бітімін тәрбиелеудің негізгі тәсілдерінің бірі бола білді. Дене тәрбиесі тек соңғы жүз жылдықта ғана бұқаралық сипатқа ие болды, бұған дейін оның орнын еңбек тәрбиесімен қоса үлкен-кішінің бәрі бірдей қатысатын халық ойындары мен жаттығулар алмастыратын еді. Сондықтан әрбір халық өзінің дәстүрлі дене тәрбиесін жетілдіруге, олардың жарасымдылығы мен халықтар арасында кең тарауына ықпал етуге тырысатын, қамқорлық жасайтын. Халықтың қозғалмалы ойындарын талдау барысы осы ойындардың қазіргі сақталған түрінде де қажетті дене сапаларын дамытуға қабілетті екендігін, дене тәрбиесінде

белгілі қозғалыстарды жетілдіре алатынын көрсетуде (жүгіру, секіру, нысана көздеу, алысты дәл көздеу, ауыр заттарды көтеру және тағы басқалар) [2].

Әдеттегі жаттығулардан басқа әрбір ойын өзінің тұтастығымен, өзіндік өмір моделімен, адамның адамгершілікті, эстетикалық, еңбек, ақыл-ой, құқықтық және басқа да сан қырлы мінез-құлқымен ерекшеленеді. Ойынға өз еркімен кірген әрбір қатысушы оның ережелерін орындауға міндеттенеді, ал ол ережелерді халық ғасырлар бойы жетілдіріп, өңдей білгендіктен ойынға қатысушалар ол талаптарды жеңіл орындайды және халықтың ойын мәдениеті дәстүріне негізделген жалпы адамзаттық құндылықтарға сәйкес өз бәсекелестеріне құрметпен қарау тәртібін мүлтіксіз орындайды.

Кез-келген халықтың ойындары еңбек және қоршаған ортамен ғажап дәрежедегі жарасымдылықпен өзара үйлеседі. Әрқашан да рудың кіші уәкіліне сол рудың үлкен ағасы, әкесі немесе атасы көмекке келуге әзір. Қай уақыт болсын халықтың жасы үлкен ағалары кішілерге өзінің бай тәжірибесін, әдіскерлігін, ұнайтын нәрсеге деген өз көзқарасын үйретуге тырысқан. Жанды және табиғи тізбек бойынша дәстүрлі ойындар ұрпақтан ұрпаққа ауысып отырса, олармен бірге қажетті дене және рухани сапалар да, білімдер, біліктіліктер мен дағдылар да ауысып отырған.

Дене тәрбиесінің қазіргі жүйесі дене шынықтыру мен сауықтыру жұмысын, ұлттық спорт түрлері мен ойындардың бай мұрасын, халықтық қолданбалы спорт жаттығуларын балалар мен жастардың дене бітімін дамыту мен жетілдіру жұмысында кеңінен пайдалану жолына түсіп келеді. «Қазіргі өмір ұлттық спорт түрлері мен ойындарды, әсіресе, жоғары әлеуметтік-мәдени және рухани күш-қуатқа ие бұқаралық спорт мерекелері мен жарыстарды дамытуға деген жаңа көзқарасты талап етуде» [3].

Халық ойындары мен дене жаттығуларын жеке тұлғаны тәрбиелеу мен дамыту барысында пайдалану – ертеден келе жатқан құбылыс. Бұл дегеніміз - халық ойындары мен дене жаттығулары және онымен байланыстының бәрі халықтың тұрмысындағы түрлі уәждері мен міндеттері бойынша әскери-патриоттық қана емес, сонымен бірге сауықтыру-қолданбалылық бағыттағы маңызға ие.

Ұлттық қозғалмалы ойындарды бүкіл жалпы білім беретін мектептерде кеңінен пайдалану проблемасы көкейкесті мәселелердің бірі. Қазіргі уақытта оқыту мен тәрбиелеу барысында халық ойындарын пайдаланып қана қоймай, патриоттық және интернационалдық тәрбие барысында олардың мүмкіндігін барынша кеңінен пайдалану міндеті қойылып отыр.

Ұлттық ойындар мен спорт түрлері өскелең ұрпақты жарасымды тәрбиелеудің ажырамас бөлігі. Қазіргі дене шынықтыру практикасында халықтың ғасырлар бойы жинақтаған және іріктеуден өткен аса бай тәжірибесін өскелең ұрпақты халықтық ойындар мен ұлттық спорт түрлерінің тәсілдері негізінде тәрбиелеу жұмысында пайдалану қажет. Халықтық педагогиканың сарқылмас қазынасы қазіргі жағдайда аса мықты тәрбие құралы болып табылады, себебі онда салауатты өмір салты принциптерін нығайта түсетін және халықтар арасында бұқаралық дене шынықтыру жұмысын, әсіресе, біздің еліміздің ауылдық жерлерінде тұратын тұрғындар арасында дамытудың дайын тәсілдері бар [4].

Қазіргі таңда ұлттық спорт түрлерін қажетті спорттық базасы жоқ ауылдық жерлерде пайдалану анағұрлым тиімді болып табылады. Мұнда тек педагогикалық және спорттық принциптерді сақтай білу арқылы ғана осы спорт түрлері мен ойындардың сауықтыру-қолданбалы мүмкіндіктерін толығымен аша түсуге жағдай жасау қажет.

Дегенмен, мұндай жарыстарды ұйымдастыру мен өткізу жеткілікті дәрежеде жоғары деңгейде өтіп жатқан жоқ. Сондықтан да, біз өз алдымызға мынадай міндеттер қойдық - жарыстар ұйымдастыру мен өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулар жасау, ол үшін ең үздік төрешілер коллегиясы мен өзіміздің жарыс өткізу тәжірибемізді пайдаландық.

Қазақстан Республикасы туризм және спорт министрлігінің, Қазақстан Республикасы ұлттық ат спорты түрлері федерациясының күшімен, осы халықтық спорт түрлерін қолдаушылар мен жақсы көретіндер арқылы біздің елімізде бәйге, жорға жарыс, көкпар,

аударыспак, теңге алу, қыз қуу, саяткершілік және басқа да халықтық ойындар мен ұлттық спорт түрлерін қайта өмірге әкеліп, ары қарай дамытуға мүмкіндіктер жасалынууда[5].

Тарихи және қазіргі материалдарды, ғылыми және әдістемелік әдебиеттерді талдау барысында және алынған мәліметтерге логикалық талдау жасау арқылы келесідей жалпы қорытындыға келдік.

Қазақстанның көне халықтарының өмір салты туралы тарихи мәліметтер жеке тұлғаның жағымды сапаларын сақтау негізінде жинақталған өмірлік тәжірибеден келіп шыққан және толыққанды дені сау адам тәрбиелеуге бағытталған қазақтардың денсаулық сақтау мен салауатты өмір салтына деген қарым-қатынасын көзге елестету мүмкіндігі белгілі болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. «Дене шынықтыру және спорт педагогикасы». Оқу құралы. Алматы, 2018ж. Токкулинова Г.Ж.

2. «Оқушылардың физиологиялық дамуы». Оқу-әдістемелік құрал. Түркістан, 2019. И.О.Аймбетова, Б.Тойжигитова, А.Сержанова Л. В.

3. «Управление физкультурно-спортивной организацией». Учебное пособие. Екатеринбург 2017. Д.А.Обожина.

4. «National sports in the sphere of physical culture as a means of forming professional competence of future coach instructors» Omarov, B.S, Seidahmetov, E.E, Orazbaev, E.D, Nagashbek, K.Z, Khalilaev, A.N.

Indian Journal of Science and Technology, 2016, 9(5), 87605

5. https://massaget.kz/mangilik_el/tup_tamyir/43388/

Камирденов А.А.

Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

Төменгі Пенжім орта мектеп

Панфилов ауданы, Жетісу облысы

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ РЕТІНДЕ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Тірек сөздер: Ұлттық ойын, спорт, дене тәрбиесі мәдениет

Қазақтың ұлттық ойындары тек ойын – сауықтық жағынан ғана маңызды емес, ол – спорт, ол – өнер, ол – өмір сүру үшін маңызды бар тәрбие құралы. Ұлттық қимыл қозғалыс ойындары ерлікті, ептілікті, тапқырлықты, табандылықты тағы басқа мінез – құлық ерекшеліктерін қалыптастырады.

Ключевые слова: Национальная игра, спорт, физическая культура культура

Казахские национальные игры важны не только в развлекательном плане, это – спорт, это – искусство, это – средство воспитания, которое имеет важное значение для жизни. Национальные подвижные игры формируют смелость, ловкость, смекалку, усидчивость и другие особенности поведения.

Қазақстан Республика Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жолдауында «Бұқаралық дене шынықтыруды өркендету ісі жаңа чемпиондар шыңына шығатын пирамидаға айналуы тиіс. Бұл салауатты әрі белсенді жастардың, түптеп келгенде, қуатты ұлттың негізін қалыптастыруға дамытуға биімделген»[2].

Міне мұндай жағдайда дене тәрбиесіне қазақтың дәстүрлі ұлт спорты мен ойындарын таратудың маңызына баға жетпейді. Олардың қарапайымдылығы және қандай табиғи жағдайда да қолдануға оңайлы екендігі жағынан жастарды тәрбиелеуге таптырмайтын ерекшеліктері бар.

Дене тәрбиесінің ұлттық дәстүрлерге негізделген кешенді бағдарламасы жастарды дені сау және әлді, адал еңбек етуге және Отан қорғауға әрқашан дайын сезімін қалыптастыруға оларды бойына парасат сезімін дарытуға бағытталған.

Ойынды бала дамуының қайнар көзіне айналдыру, оның негізгі ролін дұрыс танумен, әр түрлі ойындардың өзіндік ерекшеліктерін, ішкі заңдылықтарын түсінісуге соған сай оқу-тәрбие процесінде ойын әрекетін орынды қолдану жолдарын болашақ мамандарға үйретумен байланысты. Ойын болашақ мамандар дайындауға мүмкіндік береді. Тәрбиеге жаңашылық көзқарас-жеке тұлға тұлғалық және іс-әрекеттік қатынас талаптарына орай, тәрбие процесінің тиімділігін арттырудың шешуші түтегі, ол субъектінің, студенттердің даралық қасиеттің қалыптастыруды көздейді.

Мектеп оқушылары мен жасөспірімдерді оқытудағы нәтижелігі, берілетін білімді саналы игерудің алғашқы шарты оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың маңызды факторы білім, білік, іскерлік пен дағдыларды қалыптастыру мен дамытудың көзі, жеке тұлғаның ақыл-ойын, танымдылық процестерін жетілдірудің, әлеуметтендіру мен жан-жақты тәрбиелеудің көрсеткіші ретінде бағаланады.

Қазақтың ұлттық ойындары тек ойын – сауықтық жағынан ғана маңызды емес, ол – спорт, ол – өнер, ол – өмір сүру үшін маңызды бар тәрбие құралы. Ұлттық қимыл қозғалыс ойындары ерлікті, ептілікті, тапқырлықты, табандылықты тағы басқа мінез – құлық ерекшеліктерін қалыптастырады. Халық ойынның неше алуан түрлерін туғызып қана қоймай, соны іс жүзінде өзі қолданып, оның неше алуан білімдік жақтарын да көре білді. Сондықтан да олар «бала ойнымен өседі» - деген өмірлік қортынды жасап, осы тәжірибелік қорытындыны, өздерінің бала тәрбиесі туралы көзқарасының арқауы етті. Бала ойынды тоқтатса денсаулығы нашарлайды. Ересек адамдардың еңбек етуі қандай қажет нәрсе болса, баланың ойыны сондай қажет нәрсе деп танимыз.

Дене тәрбиесі – барлық тәрбие атаулының бір саласы. Ол, негізінде күш-қуатты нығайтуға бағытталады. Оның түп қызығы – қозғалыс. Қозғалыссыз тіршілік болмайды. Дене тәрбиесі жаттығуларын жүйеге түсіріп, белгілі бір мақсатқа бағыттаса, оның берері көп.

Атам қазақ «Бірінші байлық денсаулық» деген ғой. Сол денсаулықтың кепілі – спорт. «Спорт» сөзінің мағынасы кең. Дене тәрбиесі соның құрамдас бөлігі, дәлірек айтқанда, бастапқы баспалдағы. Онымен тұрақты шұғылданған адамның денсаулығы мықты болмақ. Бұл өз кезегінде жақсы оқуға, жемісті еңбек етуге деген ынта-жігерді асқақтатады. Денсаулығы күшті, бойында қуат-күші мол, шымыр-шыныққан, жан-жақты дамыған адам отаншыл, интернационалшыл келеді, ата-баба аманаттап қалдырған байтақ жерді қорғауға қабілетті етеді.

Дене тәрбиесі мен спорт еңбек тәрбиесімен де, әскери тәрбиемен де, азаматтық-адами, ақыл-ой тәрбиесімен де өзара сабақтасып, ұштасып жатады. Сондықтан оны арнаулы бағдармен тиімді қолдана білудің маңызы зор. Бұл саладағы жұмысты студенттер арасында ұтымды жүргізсе, айтарлықтай нәтеже берері хақ. Күш-қуаттық жаттығуларды студенттердің үздік оқып, үлгілі, тәртіпті болуына, еңбек ету қабілетін артыруға, Отан қорғауға дайын болуға бағыттай отырып, олардың бойында қайсарлық, табандылық, төзімділік тәрізді қасиеттерді, патриоттық, интернационалдық сезім қалыптастыруға болатыны іс-тәжірибеден белгілі.

Дене тәрбиесі сабағында ұлттық ойындар жастардың денесін шынықтырады, рухани жағынан өсіреді, ой – өрісін кеңейтеді. Ұлттық ойындарды пайдаланумен мектеп оқушылары мен жасөспірімдердің денсаулығын жақсарту жолында, қанайналымын, тыныс мүшесі, зат алмасу процесін және жүйке жүйелері жұмысын нығайтуда маңызы зор. Қазақтың ұлттық ойындары дененің шынығуын қажет етеді. Сол секілді қозғалыс спорт ойындары дененің шынығуын қажет етеді. Бала жасынан ойнаған ойындарының әсерінен болашақ жұмысшы ғана тәрбиеленіп қоймай, мүсінді, дені сау, қоғамның қиындығына төзімді азамат шығады, - деп атақты педагог А.С.Макаренко айтқандай, дене

қозғалыстарын жүйелі қалыптастыру Отанның болашақ азаматтарын жан-жақты тәрбиелеуге әсерін тигізеді.

Ұлттық ойындармен шұғылданған ұлдар мен қыздар іске болсын қабілеттерінің артатындығын, жылдамдық, шыдамдылық сияқты сапа қасиеттері өсетінін байқадық. Бұл қасиеттердің дамуы ақыл-ойынның өсуі мен денесінің дамуына жәрдемдеседі. Ұлт спорты да спорттың басқа да түрлері сияқты, барлық спорттық ойындармен ұқсастығы бар. Демек, ойындардың да бірыңғай негізі және заңдылығы бар. Біріншіден, ойындар барлық дәуірлерде, тарихи кезеңдерде де болған, екіншіден, адам алғашқы қауымынан бастап, мәдениеттің жоғары даму сатысына дейінгі кезеңде қозғалыс қимылдармен дене дамуының небір жетістіктерін дәлелдеп келеді. Қазіргі кезеңде дене қасиеттерін дамытудың ғылыми жүйесі қалыптасқан. Ендегі мақсат жастарды жалқаулықтан ажыратып, екпінді өмір салтына баулу үшін дене тәрбиесінде қолданылатын шаралардың науқымын молайту, яғни жаттығуларды ұлттық ойындармен алмастыра отырып жүйелі түрде өз беттерінше жан-жақты қозғалыс қимылдармен айналысуды қалыптастыру қажеттілігі аса өзекті мәселе болып саналатынын мойындау. Мысалға айта кетсек асық ату, тоғызқұмалық, көкпар, қыз қуу,

Асық ойыны — қазақ халқының дәстүрлі ойыны. Ұсақ малдың (қой, ешкі) асықты жілігінен алынған жұмыр сүйек - асықтай ойналады. Асық ойыны күндіз де, түнде де ойналады. Күндізгісі – мергендікке, түнгісі – ептілікке баулиды. Иіргенде түскен қалпына қарай асық – алшы, тәйке, бүк, шік деп, ал атуға арнап арнайы қорғасын құйылып жасалғаны – сақа, жақсылары – оңқы аталады. Асық ойынының мынадай түрлері бар: құмар, тәйке, омпы, алшы, хан (хан ату), қақпақыл.

Тоғызқұмалақ — қазақтың ұлттық дәстүрлі ойындарының бірі, ақыл-ой ойыны.

Көкпар - ұлттық ат спорты ойындарының бірі. Ойын атауының шығу тегіне байланысты бірнеше нұсқалар бар: “көк бөрі” немесе “көк бөрте”. Тағы бір нұсқасында “көкпар” сөзіндегі “пар” бөлшегі паршалар, пәрелеу деген сөздерден шыққандығы айтылады. Көкпар жігіттердің күш-жігерін, төзімділігін, батылдығы мен ептілігін, ат үстінде мығым отыруын қалыптастырады. Сонымен қатар Көкпар – аттың қалай бапталып үйретілгенін, жүйріктігін де сынайтын спорт. Көкпар жаппай және дода тартыс болып екіге бөлінеді. Жаппай тартыста әркім Көкпарды өзі иелік етуге тырысады. Дода тартыста құрамы бірдей екі топ сынға түседі. Мұны кейде марта тарту деп те атайды.

Қыз қуар — (Кейде қыз қуу деп те аталуы мүмкін) Мерекелерде өткізілетін ат үстіндегі спорттық мәні бар ойындардың бірі. Қыз қуарға бір қыз, бір жігітті көз көрім жерге атпен жібереді. Барғанша жігіт қызбен әзілдесіп барады. Қайтарда Жігіт озуға тырысады, ал қыз жігітті қамшымен шықпыртуға тырысады. Ереже бойынша қыз жетсе, қамшының астына алуға хақылы. Жігіт тек тез қашуды және қамшы тигізбеуді көздейді. Көп жағыдайларда қыз қуып жетсе жігітке қамшы тигізбей, жай басынан қамшы үйіреді. Бұл жігіт үшін намысты жағдай. Егер жігітке ызаланса аямауы мүмкін. Бұл ойынды бір-бірін ұнататындар да, былайғы боз балалар да еркін ойнауы мүмкін. Ол әрі ат үстіндегі мәдениетіне дене тәрбиесіне.^[1]

Арқан тарту — ұлттық ойын. Бұл ойынды ойнау үшін, алдымен бес-алты ойыншы тартқанда үзілмейтін арқан және үлкен адамның алақаны көлеміндегі екі тақтай дайындап алу қажет. Ол тақтайлардың ортасынан арқан өтетіндей етіп теседі. Енді қарды жентектеп, аққалаға ұқсатып үйеді де, оның орта шенінен таяқпен тесіп, әлгі арқанды өткізеді. Содан кейін тақтайпанын, екеуін арқанның екі ұшына кигізеді де, таяқшаларды аққалаға екі-үш қарыстай таңап қалғанда тоқтатады да, тақтайшалар аққалаға тірелгенде кейін сырғып кетпес үшін арқанды түйеді. Бәрі дайын болған соң, балалар екі топқа бөлінеді де, арқанды екі жаққа тартады. Аққала қалай құласа, сол топ жеңіп шыққан болады. Жеңілген топ аққаланы қайта жасайды. Ойын қайта басталады. Ойын ойынға қатынасушылардың күш-қуатын дамытуға, таза ауада дем алып, еңбектенуге үйретеді.^[3]

Қорыта келгенде, жеке адамның дене қуаты мен еркін, ақыл ойын кемелдендіретін дене шынықтыру мен спорт дұрыс бағыттанып жүргізілсе, адамдар бойында күш, ептілік,

жеңіске деген күштарлық, тәртіп, жолдастық, досына қол үшін беру сияқты ізгі қасиеттерді дарытады. Ал, дені сау, мінез құлқы парасатты әрбір адам өнерлі келеді, өнімді де тиімді еңбек ете біледі.

Дене тәрбиесі мен спорттың патриоттық, интернационалдық тәрбиеде алатын орыны, халықтар арасындағы бауырластық пен туыстықты нығайтуға тигізетін әсері одан да зор.

Әдебиеттер тізімі

1. М.Болғамбаев. Қазақтың ұлттық спорт түрлері – Қайнар, 1985.
2. Төтенаев Б.А. «Қазақтың ұлттық ойындары» – Алматы: Қайнар баспасы. 1994.
3. Иманбеков Т. «Ұлттық ойындарды пайдалану бағдарламасы» //Ұлағат 1999. №8, 26-31 бет.
4. Мяконьков В.Б. Социальная психология маркетинга в спорте - СПб.: Изд., 2001. - 193

Касымбекова С.И д.п.н., профессор

Шенетюк Н.М. к.п.н.,

старший преподаватель

Оспанбаева М.

преподаватель кафедры физического

воспитания и спорта КазНУ им.аль-Фараби г.Алматы, РК

КОНЦЕПТУАЛЬНАЯ МОДЕЛЬ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ УЧАЩЕЙСЯ МОЛОДЕЖИ

Перед Казахстаном, как и перед другими странами с переходной экономикой, стоят беспрецедентные проблемы в социальной сфере. Эффективность проводимых социальных реформ во многом зависит от того, насколько быстро социальная сфера может адаптироваться к действию законов рыночной экономики и перейти от системы всеобщей социальной поддержки всеобъемлющих гарантий к эффективной адресной помощи. В послании Президента к народу Казахстана «Казахстан -2030», процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев, формированию здорового образа жизни и укреплению системы образования придается ключевое значение. С этой целью нами разработана концептуальная модель формирования здорового образа жизни учащейся молодежи, которая содержит следующие основные задачи:

-разработать основы рационального физического воспитания учащейся молодежи в образовательных учреждениях;

-обосновать оптимальный режим дня и учебно-воспитательного процесса с учетом возрастных особенностей учащейся молодежи;

-разработать педагогические принципы формирования продолжительной мотивации на здоровье учащейся молодежи.

Государство несет ответственность за содержание и организацию образования. Под содержанием образования понимают объем и характер знаний, умений и навыков, которым должен овладеть человек в процессе обучения.

Знания- главный компонент образования. В них выражен обобщенный опыт человечества, отражающий различные области действительности в виде факторов, правил, выводов, закономерностей, идей теорий, которыми располагает наука. Знания подвижны, они развиваются, изменяются в процессе развития науки в связи с новыми открытиями. Главное значение функции обучения состоит не только в отборе нужной информации, но и в процессе «приручения» знаний. Сделать занятие достоянием личности каждого обучающегося- в этом значение этой функции. Функция обучения в том и состоит, чтобы осуществлять главные требования к владению знаниями:

-полноту знаний, предназначенных для освоения учащихся чтобы из логики науки не выпадали звенья, важные для понимания опорных идей, существенных причинно-

следственных связей, чтобы в общей цели знаний не образовывались незаполненные пустоты;

-систематичность знаний, их упорядоченность, стройность без подчинения, чтобы знание вытекало из предшествующего и прилагало путь последующему;

- осознанность знаний, их упорядоченность, стройность без подчинения, чтобы всякое знание вытекало из предшествующего и прилагало путь последующему;

-осознанность знаний, достигаемая нейтрализацией догматического подхода, критической их переработкой, стремление к развитию мысли учащихся, к постоянным их самостоятельным поискам овладения знаниями;

-действенность знаний, умение оперировать ими, мобилизовать прежние знания для получения новых. Это в значительной мере достигается вооружением учащихся методами науки.

Важнейшими компонентами процесса обучения, выполняющими его образовательную функцию, являются умения и навыки. Это очень значительные приобретения учащейся молодежи, многим из которых он пользуется в течении всей своей жизни. Проблема умений и навыков теоретически очень сложна, а практически чрезвычайно значима, поскольку от характера и уровня приобретенных умений и навыков зависит эффект деятельности человека. Умение - это осознанная, преднамеренная, интеллектуальная деятельность, которая в учебном процессе нужна при решении сложных и новых задач, при выработке новых и сложных способов. В психологическую структуру умения входят все ценнейшие качества личности (чувственные, интеллектуальные, волевые, эмоциональные), которые проявляются и формируются в системе мыслительных, мнимостических, волевых, сенсомоторных действий, обеспечивающих успешное достижение цели и вариативность способов ее выполнения.

Навык – также необходимейший компонент функции образовательной. Но действует он в отличии от умений стереотипно при постоянстве среды, при стабильных условиях. Навык – это точная, безошибочно выполняемая деятельность, которая в силу многократного повторения становится автоматизированной. Ценность навыков состоит в том, что они высвобождают сознательную деятельность от регулирования элементарных актов для решения задач более сложных. Овладение знаниями и умениями невозможно без основательного фонда навыков, безошибочно выполняемых действий (счета, письма, чтения, обращения с приборами и т. д.) В формировании умения и навыка есть качественное своеобразие:

-умелое действие всегда направляется ясно осознанной целью, в основе же навыка лежит система закрепленных связей;

-умения образуются в результате упражнений, которые варьируют условия деятельности, предусматривают ее усложнение. Для образования же навыка нужны многократные упражнения в одних и тех же условиях деятельности.

Таким образом, функция образования (обучения) является важнейшей в деятельности учителя. Она направляется на решение социальной задачи – подготовки образованного человека, обладателя духовных ценностей – основательных научных знаний и умений, в которых заключены возможности освоения общественных ценностей и способы их сознания.

Научные знания - основа формирования мировоззрения. Подлинно же активное, действенное отношение к окружающей действительности зависит от убеждений – прочно сложившихся взглядов, основанных на полной уверенности и правоте тех идей, которые человек защищает и которым следует.

Убеждения – сложные образования: в их единстве выступают суждения, оценки, чувства, волевые устремления. Убеждения могут стать основой высоких побуждений. В формировании убеждений велика роль учителя. Помимо того, что убежденность его самого усиливает воспитательное влияние знаний, мастерство учителя может быть непосредственно обращено к тому, чтобы вызвать у учащихся благородные чувства,

сильные переживания, нужное понимание правоты идеи, осознание необходимости ее утверждения, непреложности действий закона, стремление действовать в соответствии с убеждениями. Формирование научных убеждений – прочная основа для развития нравственных и эстетических черт личности. Деятельность учителя сосредоточена прежде всего на том, чтобы научить учащихся знаниям, умениям в определенной области, в частности, в области здорового образа жизни.

Современная психология рассматривает обучение как процесс, в котором происходит, так же, как и в воспитательном процессе трансформация внешних влияний во внутренние процессы личности. Важнейшим компонентом познавательной деятельности школьника являются мотивы учения-те внутренние побуждения, которыми руководствуется ученик, совершая те или иные учебные действия, либо длительный процесс деятельности в целом. Мотивация учения – сложная психолого-педагогическая проблема. Вопросы мотивации учения имеются в обучении непосредственно назначения: расположенность ученика к осуществлению данной деятельности, данного учебного действия, к решению данной задачи, сделать деятельность привлекательной, нужной и значимой, повысить ответственность ученика за его благополучие перед коллективом, семьей, учителем. Важным компонентом учения являются познавательные действия, совершаемые в соответствии с осознанной целью. Учебное действие- это не что иное, как процесс решения многообразных задач. Весь процесс обучения, собственно говоря, представляет собой цепь последовательно расположенных, постепенно усложняющихся по содержанию и способам деятельности познавательных задач, требующих для своего решения познавательных действий.

Главный упор в модернизации образовательного процесса будет делаться на широкую децентрализацию этой сферы, на создание реального рынка социальных услуг и полноценное включение в него образования. Только лишь полноценное функционирование рынка социальных услуг способно в перспективе диверсифицировать образование и удовлетворять различные потребности граждан Казахстана. Ведь не секрет, что вложения в образование дают самую эффективную отдачу. Данный процесс совсем большей силой набирает обороты. Мы являемся свидетелями поколения огромного числа частных школ, лицеев, гимназий, колледжей, вузов. Для их успешного функционирования создана система государственного регулирования в этой области посредством финансовых, налоговых и иных механизмов.

На данный момент в Казахстане принято более 17 концепций, среди которых Национальная программа государственной поддержки образования, Концепция развития физической культуры и спорта в системе образования и Программа физического воспитания детей и учащейся молодежи Республики Казахстан средствами физической культуры и спорта, Целевая программа подготовки и издания учебников и учебно-методических комплексов для образовательных учреждений, программы «Дарын», «Болашак», «Детка» и другие. Необходимо подчеркнуть, что проводимые сейчас реформы в образовательной сфере- это закладка фундамента на перспективное развитие.

Литература

- 1.Андреасян А.М. Влияние духовной культуры на физическое воспитание. В кн.: Научные основы подъема массовости и эффективности физической культуры и спорта. - СПб., 2014, с.22-25.
- 2.Аркин Е.И. Беседа о воспитании.- М.2015, с.207.
- 3.Гримак Л.П. Резервы человеческой психики: Введение в психологию активности.М.2016, с.12-15.

Келгенбаев Е.К.
Спорт клубы жанындағы СӨС орталығының
аға оқытушысы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Алматы, ҚР
Тасман А.А.
«Дене тәрбиесі» пәнінің оқытушысы.
№101 мектеп гимназиясы. Алматы, ҚР

ОҚУШЫЛАРҒА ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫ БАРЫСЫНДА ВОЛЕЙБОЛ ОЙЫНЫНЫҢ ӘДІСТЕРІН ҮЙРЕТУ

